болып жатқан әлеуметтік құбылыстар мен өзгерістер тікелей адамның ішкі әлеміндегі қарама-қайшылықтардың, іштей бөлінулердің өмірдегі көрінісі болатын. Адам бұл дерттен тек ішкі әлемінде тұтастыққа жетіп, үндестік пен үйлесімділікке қауышқанда ғана құтыла алады. Иасауидің пікірінше, адам өз нәпсісін жеңгенде және ішкі тұтастыққа қауышқанда ғана рухани тепе-теңдік пен бақытқа қол жеткізеді [3]. Ясауидің сопылық дүниетанымында Аллаға бағынуға, оны тануға көп мән берілген. Себебі, Алланы тану — көңіл көзін ашудың негізгі кілті. Сондықтан сопылық жолдың кезек күттірмейтін басты өзегі — Алланы тану (мағрифату-л-лаһ). Сопылық дүниетаным бойынша әлем мен әлемдегі барлық жаратылыстарды Аллаһ ғашықтығының әсері ретінде қарау және сүю негізгі мәселе ретінде қарастырылады. Құран Кәрімде: *«Шын сенгендерге жер жүзінде көптеген ишараттар (белгілер) бар. Тағы да өз болмыстарыңда белгілер бар. Еш көрмейсіңдер ме? (50;20-21)»* — деп, адамның болмысы, дене құрылысы Құдайдың бар екендігін, осы тәріздес жаратылыстар әлем иесінің кемшіліксіз көрінісі екендігін дәлелдейді. Құдайдың құдіреті мен шеберлігі кездеспейтін ешбір дене, мақұлық жоқ. Сондықтан жаратылған барлық болмыс Құдайдың жаратқан өрнегі, Алланың ауызбен айтып жеткізуі мүмкін емес шеберлігінің белгісі болып табылады. Құран осы ақиқатты былай деп түсіндіреді: *«Қайда қарасаң Алланың жүзі (рақымдылығы, қайырымдылығы, құдіреті) сонда»* (Бақара-115).

Ахмет Ясауи — осы ақиқатты түсінген ұлы ойшыл. Оның пікірі бойынша әлем мен әлемдегі бүкіл жаратылыстар ұлы Жаратушының құдіреті шексіз екендігін көрсетеді. Ұлы бабамыздың көзқарасы бойынша дүниедегі барлық жаратылыстар Алланың ұлы, жомарт, мейірімді де рақымды екенін дәлелдейді. Жаратылысқа өмір берген де, бейне берген де тек олғана. Ол — шексіздік (мұтлақ) қайнары. Ясауи ілімінде нәпсі жамандықтың, ал рух болса жақсылықтың қайнар көзі болып табылады [4]. Жақсылық пен жамандықтың бірге болуы мүмкін болмағаны сияқты, нәпсі мен рухтың қатар өмір сүруі де мүмкін емес. Екеуінің бірі ғана өмір сүруі керек. Ал рухтың өмір сүруі үшін, нәпсінің өлуі шарт. Өйткені өмірдің мәні рухтың тазалығында, яғни көңіл айнасының ашылуында жатыр. Рух тазалығынан мақсат, ғашық мәртебесіне ұласып, Хақдидарын көру болып табылады. Олай болса, түркі халқының тарихындағы дін туралы толғаныстар мен ондағы адам мәселесінің негізгі даму бағыттарын былайша жүйелеп көрсетуімізге болады. Бірінші, діннен адам болмысын туындатып, оның этикалық жақтарына баса назар аудару. Екіншісі, дәстүрлі исламдық діни философияны жаңғырта отырып, адам туралы ортодоксальді діни антропологияны негіздеу беталысы болды. Үшіншісі, еркін-ой мен ислам дінінің жаңа арналарын іздеуге талпыныс және діни сенімнің өзіндік бір «қазақы» үлгісін жасауға деген ұмтылыс [5]. Шын мәнінде де, табиғи-биологиялық түрде сабақтасқан ұлттық болмыс бірлігі арқылы, ділдік-архетиптік түрде жалғасқан қоғамдық сананың тарихи жадысының тұтастығы арқылы, мәдени-әлеуметтік

түрде ізденістер арқылы табылған руханияттар бойынша ата-бабамыздың діни философиясындағы адам мәселесі туралы толғаныстары қазіргі таңдағы осы мәселеге қатысты қазақ руханиятынан ерікті-еріксіз түрде көрініс

тауып, жаңғырып отырады. Сондықтан да, біздің осы тарихи шолуларымыз, бір қырынан алғанда, қазіргі кездегі еліміздегі діни-психологиялық климат келбетін барынша толықтай саралауымызға мүмкіндіктер ашу үшін жасалды.

Әдебиет:

1. Suleyman Uludag. Islam Dusuncesinin yapisi, Dergah yayin. — Istanbul, 1994.
2. Сыдықов Е. Б. Шәкәрім: ғылыми — танымдық басылым. — Алматы: ҚР БҒМ ҒК, 2013.
3. Sarmış İ. Tasavvuf ve İslam. İstanbul. 1997 y.
4. Mihr İ. A. Mutuluk. Tasavvuf. İslam. İzmir. 1990 y.
5. Ayni M. A. Tasavvuf Tarihi. İstanbul. 2000 y.

Пути обеспечения и повышения конкурентоспособности регионов Казахстана

Дандаева Ботагоз Маратовна, кандидат экономических наук, доцент;
Ерманкулова Рима Ибадуллаевна, кандидат экономических наук, доцент
Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Яссави (г. Туркестан, Казахстан)

Одним из важных вопросов любого государства является повышение конкурентоспособности страны и ее регионов. Конкурентоспособность государства — принципиально важный вопрос для любой страны, характеризующий способность повышать благосостояние граждан в условиях международной конкуренции и глобализации. Конкурентоспособность государства — принципиально важный для любой страны вопрос, характеризующий способность повышать благосостояние граждан в условиях международной конкуренции и глобализации. Конкурентоспособность достигается способностью создавать и поддерживать специфические региональные факторы — конкурентные преимущества, благоприятно влияющие на привлечение инвестиций и уровень жизни населения. Факторы, оказывающие доминирующее влияние на развитие конкурентоспособности региональной экономики, должны выстраиваться таким образом, чтобы их совокупное влияние было ориентировано на обеспечение роста конкурентных преимуществ даже в условиях ограниченных финансовых ресурсов. В своем Послании народу Казахстана от 14 декабря 2012 года Глава государства определил новый политический курс нации до 2050 года, в котором были обозначены эпохальные планы и задачи на предстоящие десятилетия вперед. Была поставлена задача вхождения Казахстана в 2050 году в число 30-ти самых развитых государств мира. Решение этой задачи заключалась не только в повышении международных рейтингов, но и в достижении уровня мировых стандартов по широкому спектру жизнедеятельности граждан страны, при этом Глава государства отметил, что без конкурентоспособной экономики страна не может войти в число высокоразвитых стран [1]. За годы независимости регионы, имеющие мощную минерально-сырьевую базу, увеличили свои доли в ВВП страны. Наибольшее снижение

удельного веса имели области, специализирующиеся в производстве сельхозпродукции, пищевой и легкой промышленности (Акмолинская, Алматинская, Жамбылская, Костанайская, Северо-Казахстанская, Южно-Казахстанская). В настоящее время развитие экономики страны, по-прежнему, обеспечивается за счет освоения и использования природных ресурсов и продолжает придерживаться модели «сырьевого» развития. Длительное использование подобной стратегии имеет естественные пределы и не позволяет рассчитывать на рост конкурентоспособности экономики в перспективе. В современных условиях страна со слабоконкурентной экономикой не может рассчитывать на достойное место в мировом сообществе. Результаты экономического развития регионов во многом зависят от уровня их конкурентоспособности. Для повышения производительности экономики регионов и их конкурентоспособности был разработан Проект дорожной карты, в котором обозначены 4 направления: приоритетные направления для политики стимулирования регионального развития; условия для развития современной производственной инфраструктуры: индустриальные зоны; условия для привлечения прямых инвестиций; условия для развития малого и среднего бизнеса, в секторах, где существует большой неиспользованный потенциал. Для выработки приоритетных направлений политики стимулирования регионального развития следует решить системные проблемы, которые охватывают все вышеуказанные факторы — базовые показатели, показатели усилители эффективности, показатели инновации и развитости, сдерживающие развитие конкурентоспособности регионов. Местным исполнительным органам должны акцентировать внимание на качественный рост производительности труда, усиление межрегиональных связей [2]. Путь к процветанию региона лежит в активи-

зации кластерных инициатив. Именно наличие развитых и конкурентоспособных кластеров, в конечном итоге, позволяет региону развиваться быстрыми темпами. Для решения этой задачи у региональных властей имеются достаточно большие потенциалы влияния и возможности на развитие кластеров. Кроме того, основным плацдармом для регионов по развитию кластеров является Концепция формирования перспективных национальных кластеров Республики Казахстан до 2020 года и Программа индустриального развития на 2015–2019 гг. Для повышения конкурентоспособности регионов и ключевых кластеров необходимо использовать подходы по развитию индустриальных зон и создать благоприятные условия для их формирования и развития. Важную роль в повышении конкурентоспособности регионов и создания новых рабочих мест может сыграть привлечение инвестиций. Сегодня потенциал развития за счет ПИИ все еще недостаточно используется регионами: региональные власти в большинстве случаев демонстрируют низкую активность, плохо подготовлены к конкуренции за привлечение инвестиций и не понимают ключевых факторов успеха в привлечении инвестиций. А ведь изменить положение в лучшую сторону возможно за счет создания региональных инвестиционных, паевых, венчурных и иных структур для развития коллективного инвестирования на данной территории с участием государства, частных национальных и иностранных инвесторов. Малый и средний бизнес могут играть очень важную роль в создании новых рабочих мест и повышении производительности формируемых кластеров. На уровне регионов нужно уделять внимание развитию МСБ и создать необходимые условия для их полноценного развития. Для достижения конкурентоспособной экономики необходим качественный рост производительности труда, за счет внедрения современных технологий, инноваций и идей. Среднее влияние на повышение конкурентоспособности в регионе оказывает «кадровый потенциал». Область является самой густонаселенной, при этом сохраняется низкий уровень благоустройства, дефицит и недостаточный уровень подготовки кадров. Ввиду низкой заработной платы и условий труда происходит отток медицинских кадров из отрасли, особенно в сельской местности, что снижает качество и доступность качественной медицинской помощи. Для решения острых проблем в регионе работает программа «Занятость — 2020», на что освоено 16,3 млрд. тенге, а программой охвачено 34,4 тыс. человек. Реализация стратегических целей в области в сфере занятости и трудоустройства должна быть взаимосвязана со специализацией региона, их кадрового обеспечения. Приоритетами новой стратегии занятости стали, следующие направления:

- обеспечение отраслей области квалифицированными кадрами;
- развитие предпринимательской активности;
- повышение профессиональной и территориальной мобильности трудовых ресурсов за счет планирования внутриобластной и внутрирайонной миграции;

— создание условий для адаптации и проживания мобильной части занятой молодежи;

— повышение продуктивной занятости самостоятельно занятого населения, формализация их статуса;

— усиление адресности мер социальной поддержки, снижение иждивенчества и стимулирование трудовой активности;

— развитие и поощрение научных исследований по наиболее актуальным проблемам занятости населения, создания эффективного рынка труда и регулирования миграции рабочей силы. Среднее влияние на повышение конкурентоспособности Южно-Казахстанской области оказывает в регионе наличие условий для формирования развития кластеров — строительной индустрии, переработки сельскохозяйственной продукции, энергетического кластера, фармацевтической продукции, туристического кластера, создание международного транспортно-логистического центра в городе Шымкент. Также на конкурентоспособности региона сказывается влияние существующего экономического и финансового кризиса, который затрудняет привлечение необходимых инвестиций в отрасль, повышение внутриреспубликанских цен на сельскохозяйственную продукцию, увеличение доли импорта, потеря внутренних и внешних рынков в пользу импортных товаров, угроза продовольственной безопасности, ограниченность предложения финансовых услуг сельхозцентру. Южно-Казахстанская область является регионом, имеющий высокий потенциал для развития межрегиональной связи в таких сферах как сельское хозяйство, машиностроение, производство продуктов питания, металлургия, транспорта и логистики и т. д. В сфере сельского хозяйства существуют такие предпосылки для развития межрегиональной кооперации:

— природные ресурсы для ведения растениеводства и животноводства;

— емкий потребительский рынок, близость крупных рынков сбыта;

— наличие перерабатывающих заводов сырья и продукции сельского хозяйства.

Оценка конкурентоспособности регионов Казахстана позволила определить важные проблемные вопросы относительно следующих блоков, где были выработаны меры по их устранению и повышению конкурентоспособности региона:

— приоритетные направления для политики стимулирования регионального развития;

— условия для развития современной производственной инфраструктуры: индустриальные зоны;

— условия для привлечения прямых инвестиций;

— условия для развития малого и среднего бизнеса, в секторах, где существует большой неиспользованный потенциал.

Развитие экономики страны обеспечивается за счет освоения и использования природных ресурсов и продолжает придерживаться модели «сырьевого» развития.

Длительное использование подобной стратегии имеет естественные пределы и служит препятствием росту конкурентоспособности экономики в перспективе.

Местные органы власти должны всемерно и любыми способами стимулировать развитие в регионах межрегиональных кластеров, разработку и развитие центров инноваций и инновационных проектов в университетах силами преподавателей, молодых специалистов и студентов, всемерно поддерживать инициативы в этой сфере от идеи до внедрения результатов исследований.

В этой связи для повышения конкурентоспособности регионов Республики Казахстан важно обратить внимание на следующих приоритетах:

- на росте производительности труда за счет интенсивных факторов (технологии, ПИИ, инновации, рост расходов на НИОКР и др.);

- на росте доходов населения за счет роста производительности труда в обрабатывающей промышленности;

- на стимулировании политики повышения роли МСБ в свете приоритетов Стратегии «Казахстан 2050»;

- на проработке вопросов по увеличению реальной заработной платы в регионах, особенно, в сфере обрабатывающей промышленности;

- на институциональной поддержке кластерных инициатив;

- на стимулировании межрегиональной кооперации;

- На эффективном применении инструментов программ развития: Дорожная карта бизнеса 2020, Агробизнес 2020, Развитие регионов до 2020 года и др.

Таким образом, повышение конкурентоспособности регионов является для региональных властей самой приоритетной задачей, где одну из главных ролей играет эффективное использование человеческого и интеллектуально-творческого потенциала. В этих вопросах чрезвычайно важную роль отводится региональной специализации и развитию специализированных кластеров с учетом местных особенностей, географической концентрации промышленного производства, способствующей росту производительности и инноваций, повышению конкурентоспособности регионов.

Литература:

1. О мерах по реализации Послания Главы государства народу Казахстана от 14 декабря 2012 года «Стратегия» Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». adilet.zan.kz
2. Диагностика конкурентоспособности регионов РК: выводы и рекомендации центр региональных и социологических исследований. АО «Институт экономических исследований» 2013 г.

Дуалды оқыту жүйесі — кәсіби білікті мамандар даярлау кепілі

Джуманова Жанар Абдыжалеловна, тарих ғылымдарының магистрі, оқытушы;

Казакбаева Акбаян Данабаевна, оқытушы

«Абылай хан» атындағы колледж (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен, еліміздің кәсіптік-техникалық білім беру саласына жаңа жүйе — дуалды оқыту әдісі енгізілді. Дуалды оқыту жүйесінің негізі — теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы. Өндіріс орындарында білім алушылар дуалды жүйе бойынша оқыту кезінде — кәсіби біліктілігі мен іскерлік дағдыларын меңгеріп, жан-жақты дамытады. Дуалды оқыту жүйесін енгізу арқылы елімізде білім беру деңгейін жоғарылатып, білікті мамандар қатарын көбейтуіміз қажет.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дуалды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту» туралы 2016 жылғы 21 қаңтарындағы №50 бұйрығына сәйкес жұмыс жүргізілуде. Дуалды кәсіби білім беру орындары кәсіпорындармен тығыз байланысып, білім алушыларға барлық жағдай жасап, жаңа инновациялық техникалармен жұмыс жасап үйретіп, білім алушыларға заман талабына сай жетіліп және сапалы білім беріп, білікті мамандар даярлауда.

Дуалды оқыту технологиясының нәтижесі — білім алушылардың заман талабына сай, бәсекеге қабілетті маман болып шығуы, мемлекет ішінде кәсіби мамандарды даярлауға сұраныстың қалыптасуы мен орындалуы, өндіріс орындарында жұмыс берушінің талаптарына сай және өндірістік өмірге бейімделген мамандардың қалыптасуы, сонымен қатар оқу орнының білім беру деңгейіне сұраныстың артуы болып табылады.

2016 жылдың 19 қыркүйегіндегі №51 бұйрыққа сәйкес «Облыстағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына дуалды оқыту бойынша эксперименттік оқытуды» Қызылорда облысының білім басқармасы мен Кәсіпкерлер палатасы бірлесе отырып, облысымыздың 13 колледжіне, 31 мамандығына енгізді. Экспериментальды алаң ретінде «Абылай хан» атындағы колледжі 1517000-«Төтенше жағдайда қорғану», 1304000-«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)», 1401000-«Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 1211000-«Тігін өндірісі және киімді үлгілеу» —

4 мамандық бойынша дуалды оқыту жүйесінің элементтері жүзеге асырылуда. Дуалды оқыту жүйесіне сәйкес, соңғы инновациялық технологиялармен жабдықталған әлеуметтік серіктестеріміз: «Оңтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел құтқару жасағы» мемлекеттік мекемесі, «Қазақстан темір жолы» АҚ «Қызылорда магистральдық желі» бөлімше филиалы, «ТехАс» ЖШС сервис орталығы, «Интегрострой» ЖШС, «Озық» ЖШС, «Dalatex» тігін фабрикасы.

Дуалды оқыту жүйесі бойынша білім алушылардың өндіріс орындарында түрлі техникалармен танысып, тәжірибелі мамандармен пара-пар жұмыс атқару барысында өз мамандықтарының маңыздылығын түсініп, мамандығына деген қызығушылықтары артады. Сол себепті еліміздегі маман тапшылығын азайтып, қажетті мамандар әзірлеу деңгейін көтеру мақсатында — теория мен тәжірибенің үйлесімділігі маңызды рөл атқаруда. Өндірістік оқыту кезінде бекітілген арнайы пән оқытушылары мен оқу ше-

берлері мекеме техникаларымен танысып, өндіріске жіберілетін білім алушыларға жоспарлар құрып, нұсқаулық берді.

Мысалға, 1211000 «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу» мамандығының білім алушылары «Озық» ЖШС және «Dalatex» тігін фабрикасында мол тәжірибе жинақтап, колледж тігін шеберханасында КТК ойыншыларының, ТЖ комуфляждарының, ұлттық және т. б. киімдерін тігу арқылы тәжірибесін арттыруда. Осы мамандық бойынша колледжіміздің материалдық-техникалық базасы жаңа технологиядағы жабдықтармен, тігін салаларына байланысты шеберханалармен жабдықталған. Тігін шеберханалары соңғы үлгідегі заманауи тігін машиналарымен, күрделі операцияларды орындайтын автомат машиналармен, пішу және тігу арнайы үстелдерімен, мультимедиялық кабинеттермен қамтамасыз етілген. Яғни, білім алушының білікті де сапалы маман иесі болып шығуына толықтай мүмкіндік жасалған.



Сонымен қатар, 1304000-«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» мамандығының білім алушылары — «Қазақстан темір жолы» АҚ «Қызылорда магистральдық желі» бөлімше филиалында, «ТехАс» ЖШС сервис орталығында өндірістік тәжірибеден өтіп, білімдерін шыңдайды.

Осы жаңа оқу жүйесі аясында, «Абылай хан» атындағы колледжінде 18 қарашада 2016 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, «ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КОЛЛЕДЖДЕРДІ АҚКРЕДИТТЕУ ЖОЛ ҚАРТАСЫ» тақырыбында семинар өткізілді. Семинарға «Абылай хан» атындағы колледжінің құрылтайшысы Қ.Ә. Нуралиев, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасының орынбасары М.А. Әбенев, Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының директоры Ғ.Ж. Жақсылықов, Қызылорда облыстық Білім басқармасының басшысының орынбасары Е.Ж. Қарабалаев және Әле-

уметтік серіктестер — «Оңтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел құтқару жасағы» ММ басшысы Б.С. Ембергенов, «ТехАс» сервис орталығының директоры В.Л. Хван, «Қазақстан темір жолы» АҚ Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» филиал директорының орынбасары Б.Ө. Біржанов, «Интегрострой» ЖШС директоры орынбасары Н. Жанәбіл және колледж оқытушылары мен білім алушылары қатысып, пікір алысып мол ақпараттар алды.

Өндірістік машықтану кезінде, оқу үдерісінің әдістемелік бағдарламаларына сәйкес, өндірістік оқытуды ұйымдастыру арқылы кәсіби дағдыны бекітіп, әр мамандық білім алушылары — мамандықтарының қыр-сырымен танысып, қызығушылықтарын арттырады. Білім алушылардың өндірістік тәжірибе кезінде белсенді еңбек етіп, өз білімімен, жауапкершілігімен көзге түсіп, еңбекақы және сыйақы арқылы машықтанушылардың ынта жігерін одан ары көтеріп, өз кәсібін жетік меңгерген маман тәрбиелеп, түлектеріміздің жұмыспен қамтылу көрсеткішін көтереміз.

Шығармашылық даралық өлшемдері

Ералин Қуандық Ералыұлы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Ералина Айгуль Қуандыққызы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Өнер сынына қатысты түсініктердің ішінде бейнелеу өнері шығармаларын бағалаумен суретшінің шығармашылық қызметін бағалау өлшемдерін жетілдіру қажеттігі күн тәртібіндегі мәселе [1]. Суретші шығармашылық қызметін бағалау өлшемінің бірі —суретші шығармашылығыныңдаралығы болып табылады [2.]Бұл туралы Ресей ғалымдары В. Алпатов, В. С. Киселев, қазақстандық өнертанушы ғалымдар Р. Ерғалиева, Г. Сарықұлова, М. Габитова, С. Бекқұлова, К. Ли бағалы пікірлер айтқан. Дегенмен де суретші шығармашылығының даралығы ліде өнертанымдық тұрғыда зерттеуді қажет етеді [3]. Соған байланысты даралықты өлшеу форматын анықтап, оны танып білу қажеттігі туындайды. Даралық өлшемдерінің қажеттігі мен оның өнертану тәжірибесінде болмауы арасындағы қарама-қайшылық біздің зерттеу тақырыбымызды суретшінің шығармашылық қызметіндегі даралық өлшемдері деп қарастыруымызға мүмкіндік берді.

Қазақстан бейнелеу өнері шеберлерініңшығармашылығының рқайсысының даралығытуралы өнертанымдық дебиеттер мен шығармаларды талдау туралы баспасөз беттеріндегі пікірлерді жинақтай келе мынандай өлшемдер бағыттарын көрсетуге мүмкіндік берді. Біз осы орайда Қазақстан бейнелеу өнерінің рбір танымалы шеберінің шығармашылық қызметінің даралығынсипаттауға бағытталған қысқаша өнертанымдық өлшемдер мәтіндеріндайындадық. Өнертанымдық өлшемдерді белгілі өнер шеберлері шығармашылығынан бастайық. лем таныған даңқты суретші О. Таңсықбаев картиналарыныңкөркемдік элементтері болып табылатын идея, композиция және колорит өлшемдері бір — бірімен тұтастықтағы байланыста болуымен ерекшеленеді. Суретші өркендеген өндіріспен ел көрінісін реалистік нақтылықпен өз картиналарында шынайы бейнелеген. Суретші шығармашылығының ерекше белгісініңбірі — табиғаттың сем көріністерін бейнелеумен ерекшеленеді. Жиырмасыншы ғасырдың басында Қазақстанға келгенсуретші Николай Хлудовтың көпшілікке танымал болған«Бие сауу», «Киіз үйде», «Тайынша мінген бала», «Түнгі барымта», «Тау пейзажы» шығармалары өмір көріністерін өзгеріссіз сол бір көз көрген калпында этнографиялық жазу стилінде бере білгенкескіндемелік шығармалар. Суретші таауындыларына композициялық тиянақтылық көрініс тауып, ашық рі көрерменді баурап алар бояуүйлесімі айқын сезіледі. Табиғат бейнелеумен ерекше қолтаңбасы қалыптасқан суретші Жанатай Шарденов шығармашылығы табиғаттың өзінің шынайы көріністерінің табиғи жарасымдылығы және композициялық ұтымды шешімі айрықша үйлесім тапқан.

Картиналарында туған табиғаттың поезияға толы көріністері, рі лирикалық жағынан пайымдалған бояу түстерінің бірлестігі жарасым тапқан. Суретші бұл шығармаларында адам мен табиғат құбылысыныңік үндестік тауып, бояу түстері бейне көріністерімен, туынды идеясымен етене кіріге түседі. Суретші бұл шығармаларында шеберліктің терең сырын жете игере білген. Қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаған суретші нуар Ысмайлов кескіндеме өнерінің реалистік бағытында қыл қаламмен шырайлы сыр тартқан суретші. Замандастар еңбегі суретші шығармаларының негізгі арқауы етіп алынған. Ол негізінен романтикалық жанрда еңбектенген. Суретшінің шығармашылық стилі, халық шеберлеріне тән ұқсастықпен астасып жатады. Нәзік лиризм мен оптимистік түйіндеуге толы портреттер, табиғат көріністері суретші шығармаларынан елеулі орын алады. Шығармалары бүкіл Отан келбетін бейнелейді. Туындылары өмір көріністерін шынайы сезімдермен бейнелеген. Кеңес кезіндегі шығармаларда адам келбетіне баса көңіл бөлініп, оның моральдық және рухани сұлулығын, қоғам алдындағы жауапкершілігін суретші өз туындысында аша түскен. Тап осы кезде суретші ұлттық ерекшеліктердіайқын танытқан тақырыптық картиналарды дүниеге келген. Олар шынайы халықтық тақырыпқа айналып, жаңа көркемдік құралдар мен формалар жолындағы ізденістерді аңғартады. Даңқты суретші кескіндемеші Қ. Телжановтың «Атамекен» картинасы тың және тыңайған жерді игеру тақырыбын монументтік формада баяндаған. Картиналарында көлденеңінен созылыңқы форматты қолдануды суретші тәжірибеге ендіре бастады. Бұл Қазақстан бейнелеу өнері көлеміндегі жиырмасыншы ғасырдың 60 жаңашылдықтың бірі болды. Кескіндеме шебері Молдахмет Кенбаевтың шығармалары туған жер табиғатына шексіз сүйіспеншілікке, асыл сезімге, поэтикалық танымға, ұлттық сипатқа толысуреттер болды. Бұлардың кескіндемелік шығармаларына халық шығармашылығының үздік дәстүрлерінен иералған сәнділік көріністерітән болды. Суретші Ұлы даланыңұл қыздарының асқақ бейнесін жасауға ерекше көңіл бөлді. Қыл қалам шебері Сабыр Мамбеевтің дүниетанымы оның картиналарыныңнәзік бояуларынан,ғажапжарасымдылық тапқан шығармаларының реңінің ашықтығынан, бояу үндестігінен даралық өлшемдері көрініс тапты. Суретші Нағымбек Нұрмұханбетовтің бейнелеу тілі бай, қызуқанды да мағыналы. Суретші туындыларының композициясындағысызықтық қозғалыстар тасқыны көрермен назар ерекшеаударып, бояу түстерінің бірлігі символдық түстердіңкөркемдік мәнінтақырып бағытына сайқтрактовка жасауарқылы көрініс тапқан. Суретші Антошенко-

Оленовтің «Большевиктер» атты естеліктер топтамасынан тұратын композициялары бір-біріне қарама-қарсы қара және ақ дақтармен жазықтықтарға, қимыл мен ырғаққа құрылған. Қазақстандық сурет шебері Константин Дячкин еңбектері нзік поэтикалығымен табиғатқа деген лирикалық түйсігімен ерекшеленеді. Бояу түстерінің р түрлі деңгейдегі реңдік қатынастары р түрлі ритмдік қозғалыстар бағытын береді. Көрнекті суретші Салихаддин Айтбаев шығармаларына өзіндік дүниетаным, өмірді кең көлемде эпикалық сарынмен тани білу, салт-дстүр мен дет-ғұрыпқа деген танымдық құштарлық тн қасиет. С. Айтбаевтың «Бақыт» атты картинасында дстүрлі халық өнеріне саятын композициялық кеңістік, ықшам түстердің қоспасыз тазалығы, бірін-бірі кесіп өтетін дамылсыз қимыл қозғалыс үстіндегі доғал да қиғаш сызықтарды бейнелеу т сілдері, қазіргі кескіндемелік жазу дістерімен жарасымды үйлесім тапқан. Суретші жас шопандар түлғасына айқын да қуатты мүсіндік сипат берген. Ол кеңістікті дейі тарылта түскен де, бейнені бір ғана «махаббат көктемі» композициялық идеясына бағындарған. Сөйтіп картинада өмір ырғағының біртұтас адам мен табиғат тынысының, эпикалық түйсігін тудырған. Белгілі кескіндемелік сурет шебері Ерболат Төлепбаев шығармаларына романтикалық, сезімдік және символдық бастаулар тн. Суретші шығармашылығы айқын да күрделі түсімен, шиыршық атқан бояуларымен, белсенді кеңістік ортасымен, бейнелеу формасының семдігімен, бояу түстерінің сырлылығымен және тұтастығымен ерекше көзге түседі. Адам мен жер, жер мен аспан сынды көлемді тақырыптарды, қарапайым көрініс бейнелері композициясымен беруге ұмтылады, бұл қозғалысқа бояу түстерін лайықты таңдау көмектеседі. Суретші-график Мүкім Қисамединов еңбектері батырлар бейнесін, халық рухын мнерлі сызықтармен ықшам түрде, айқын ойлы көріністермен көрсете білген. Аңыздар мен жырлардағы батырлар мен ерлердің ерліктері графикалық бейнелеу тілінде жазылған ескерткіш іспетті көрініс тапқан. Сурет шебері Виктор Пактың линогравюрасында еңбек, қуаныш және ана бақыты, отбасы, адам және табиғат туынды тақырыптарына арқау болған. Ол метафора мен астарлы көріністерді пайдалана отырып, қазақтар өмірінің өзіндік ерекшеліктерін ашуға, оларды ортақ символдық бейнелерге айналдыруға күш салған. Суретші Е.С. Бейсенбинованың графикалық туындылары адамның жан дүниесіндегі сезім тартысына құрылған. Сурет шебері композициялық негізгі және қосалқы элементтер байланысы арқылы шығарма идеясын ашуға ұмтылған. Шығарма идеясын ашуға сызықтардың қозғалыс құбылмалылығы, қайталанбастығы спептігін тигізген.

Ұлы даланың даңқты суретшісі Айша Ғалымбаева ұлттық сндік монументтік сарындағы композицияларды салуда жаңа көркемдік мүмкіндіктерді іздестірген және оны жоғары деңгейде игеруі кескіндемелік бейнелеу арқылы тақырыптық картиналармен ұлттық стилдегі натюрморттар салу арқылы көрініс тапқан. Қандай көрініс бейнелесе де оларды ұлттық рухани құндылық деңгейінде көрсете білген. Сурет шебері Александр Дячкиннің «Тың жерде», «Достық жолында» атты туындыларындағы табиғат көріністері кең тыныстығымен, бояу түрлерінің картина композициясымен колористикасымен сем үйлесім табуымен ерекшеленеді. Шығарма композициясының күрделілігі суретші ойын ашуға мүмкіндік берген. Ою-өрнек шебері Ғани Иляев халық қолөнер шеберлері, кілемге, сырмақ, алаша, басқұрға арнап, ою-өрнектердің 15 мыңға тарта үлгісін жасаған. Гүлденген «Оңтүстік», «Көктем» атты кілем эскиздері сонылығымен ерекше. Соңғы картинадағы қазақ халқының байырғы қолөнеріне тн, қошқар мүйіз, толқын, бұғы мүйіз, құс қанат, құс таңдай сияқты өрнекті оюлар картина мазмұны мен құрылымына демі тоғысқан. Суретші кескіндемеші Молдахмет Кенбаев туындылары терең лиризм мен эпикалық кеңдіктің, монументтіктің өзара үйлесім табуымен ерекшеленеді. Оның қылқаламынан туған көптеген еңбектері Мскеудегі Третьяков галереясында, Шығыс халықтарының мұражайында сақтаулы. Оның ш кірттері С. Айтбаев, М. Қисамединов, О. Нұржұмаев, . Рахманов т. б. ұлттық мақтаныш белгілі суреткерлер. Суретші «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Кескіндеме мен графика саласында қызмет ететін суретшілердің шығармашылық ізденістері, республикадағы бейнелеу өнерінің өсіп, үнемі даму үстінде болғандығын көрсетеді [4]. Біз өз тарапымыздан бейнелеу өнері шеберлерінің шығармашылық қызметінің кейбір қайталанбас ерекше қырларын ашуға бағытталған талдауларымызда рбір суретшінің өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсетуге ұмтылыс жасадық. Олардың рқайсысының өзіндік сипаты бар суретші шығармашылығын бағалау өлшем бірлігі, ретінде тануға болатындығы анықталды. Бұл аталған суретшінің шығармашылық шеберлігін бағалау мен өлшеу бірліктерін негізінен суретшінің тақырып, сюжет және орындау техникасын таңдап алу іс-рекеттерімен айқындалады. Картинаның композициялық құрылымдық шешімін қабылдау мен оны бейнелеу іс-рекеттері, бояу түстерінің колориттік шешімін шығаруға бағытталған іс-рекеттері болып айқындалып үш бағытқа бөлуге болатындығы белгілі болды. Бұл көрсеткіштердің жүйесі бізге бейнелеу шеберінің көркем бейнелеу қызметінің жүйесін анықтайтындығын көрсетті.

Әдебиет:

1. Герчук Ю. А. Основы изобразительной грамоты. Язык и смысл изобразительного искусства. — М.: Учеб. Литература, 2006. — 208 с.
2. Громов Е. С. Природа художественного творчество. — М.: Просвещение, 1986. — 239 с.

3. Миронова А. Ф. Экспертиза и атрибуция декоративно-прикладного искусства. Учеб. пособие. — М.: Изд. Инфра-М, Форум, 2007. — 217 с.
4. Ералин Қ. Қазақстан бейнелеу өнері. Оқу құралы. — Түркістан, 2009. — 220 б.

Дін және оның халықтың салт-дәстүрімен сабақтастығы

Жандарбек Зікірия, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент;
Жандарбеков Қуаныш Бақытұлы, дінтану мамандығының магистранты
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Адамзат тарихында діннің көптеген түрлері бар. Олардың барлығы адамның дін туралы әр түрлі көзқарастарынан туындайды және жоғарғы құндылыққа жетуге, толыққанды жолдар ұсынады. Осы күнге дейін діннің бірыңғай ұғымы берілмеген. Себебі діндер мен діни ағымдар дінге өздерінің түсініктерін берген. Осы тұрғыдан алғанда діннің ұғымдары әртүрлі болғанымен олардың мәні ұқсас болып келеді. Дін дүниені түсінудегі және қоғамның, индивидтің жоғарлауында, өмірдің мағынасын мойындаудағы адамдардың бірліктерін бекітудегі ең бір қажетті форма. Дін — қоғам өмірінің ерекше рухани саласы. Дін — адамдардың Жаратушыға сенім-нағымдарын білдіретін және сол Жаратушыны тануға арналған ілімдер жүйесі. Дін — жаратылыстан тыс бір күдіретті күш бар деп сенуден пайда болып қалыптасқан, адамдар арасындағы қатынастардың, идеялардың, әрекеттердің жиынтығы.

Жалпы, діннің бұдан да басқа толып жатқан ұғымдары бар. Дегенмен, біздің қозғайтын тақырыбымыз, қазіргі кең етек алған дін мен дәстүр қарым-қатынасы туралы. Соңғы уақыттағы жат ағымдардың кері әсерінен дәстүріміздің дінге қайшы тұстары көп айтылып жүр. Дәстүрлі дін мен салт-санамыздың ара жігі неге ажырап бара жатыр. Дін мен дәстүр арасы қандай болуы керектігі мәселесі уақыт тудырған проблемалардың бірі.

Қайндай дін болмасын егер сол елдің мәдениетімен, дәстүрімен сіңіспесе қатерге айналады. Ислам әлемі біртұтас болғанымен, әр халық оны өзінше тұтынаған.

Атақты тарихшы Л. Гумилев: «бір халықты идеологиялық тұрғыда жаулап алу, қару қолданып, күш жұмсаудан арзан, әрі анағұрлым тиімді» — екенін айтып кеткен. Бүгінгі алпауыт мемлекеттер әскери күшпен жаулап алудан гөрі ұлтты пассивтендіру әдісін де кең қолдануда. Қазір болып жатқан дәуір идеологиялық күрес дәуірі, саяси тактикалар дәуірі. Оның нақты айғағы еліміздегі миссионерлік. Олардың бүгінгі әрекеті халықтың ежелден қалыптасқан салт-дәстүрлерін жоққа шығару, тұтас бір халықтың ішіне іріткі салу, халқын фатализмге сүйреу.

Қайсы бір ұлтты алып қарасақ та дініне, географиялық мекеніне байланысты өзіндік салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы болады. Сол себептен де дін мен дәстүр бір-бірімен тығыз байланысты ұғым. Салт-дәстүрін жоғалтқан халықтың болашағы бұлыңғыр. Әйгілі психолог В. Франклдың мына

сөзіне мән берсек. «Жұрт менен: «вакум қалай пайда болады?» — деп сұрайды. Көбіне былай жауап беремін:

— Әдетте, жануарларға не істеу керектігін инстинкт білдіреді. Адамда ондай сезім жоқ. Бұрын адамға не істеп, не қою керекін киелі салттар мен мағыналы дәстүрлер нұсқайтын. Қазір олар жоғалды. Дәстүрдің орнын нигилизм басты. Адам өзіне не керекін таппай, рухани күйреп, ақылы тұйыққа тірелді. Жұрт не істесе, соны ойланбай жасайтын миы жоқ қуыршаққа айналып, конформизм құрбаны болды. Вакум пайда болғанда, адамның жүйкесі жұқарады. Бұл кеселді «ноогенді невроз» деп атадым. Сонымен қатар мына бір мысалды келтіреді. Беркли университетінің ғылыми қызметкері Диана Янг ашқан жаңалық. «Мән таппай өмірден жалығу шкаласы алдыңғы буынмен салыстырғанда жастар арасында тым жоғары. Оның түпкі себебі киелі салт-дәстүрден бас тартқан деп түсіндіремін. Кейінгі буын салт пен дәстүрдің киесін тәркі ететін нигилизмге ұрынған. Оның соңы тіршіліктен жалығу фазасына ұласқан» [1]. Виктор Франклдың жазған еңбектерінің барлығы дерлік өзінің жеке өмірлік тәжірибесінен өткенін ескерсек, онда салт-дәстүрдің адам өмірінде қаншалықты рөл ойнайтындығын байқаймыз. Сонымен қатар, қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін сақтап қалуға қатысты танымал мәдениеттанушы Мұрат Әуезов те назар аударады. Оның пікірінше, тарихи тамырыңнан бас тарту, рухани дәстүрге нигилистік қатынаста болу ұлттық мәдениет үшін қасірет. Болашаққа қадам басуға тек әлемге деген өзіндік бағдарламалық және ерекше көзқарасы бар, өткеннің мұрасымен, өзге де халықтардың тәжірибесімен байытылған мәдениеттің ғана құқы бар [2].

Жоғарыдағы пікірлерге қарап бүгінгі жастарымыздың жат ағымдарға кіріп кетуінің бір себебі, осы дәстүрімізді білмегендіктен немесе дұрыс түсінбегендіктен деуге болады. Болмаса теріс ағымдардың ықпалына түсіп, дәстүрімізді жоққа шығаруынан туындаған мәселелер. Демек, бұл жерде салт-дәстүріміздің ислам дініне қайшы емес екенін, керісінше дін мен дәстүр сабақтас екенін түсіндіріп, дәлелдеу қазіргі күннің өзекті мәселесі болып тұр.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың тек тұрмыстық деңгейде емес, сонымен бірге мемлекет басқаруда, биікке басшы сайлауда, әскери істер т. б. сияқты істерде маңызды орын алғандығына тарих куә. Бұл туралы профессор Д. Кен-

жетай: «Исламның ең басты негізі — Құран. Екінші бір ықпалды негіз — бұл арабтардың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы. Пайғамбар да көптеген мәселелерді араб мәдениетінің дәстүріне сүйеніп шешетін. Мысалы, соғыс жағдайында немесе бейбіт кезеңде пайда болған мәселелердің ең бастысы «Мәдиналықтар келісімшартының» мазмұнында араб дәстүрі басым болатын, ел басқару, әлеуметтік қаулы-қарарлар, Қағба қызметі, әскери істер, байлықты бөлісу, отан қорғау, кісі өлімі, құн төлеу және т. б. туралы ереже-үкімдердің басым көпшілігі араб дәстүрінің жемісі мен көрінісі екендігі айқын. Хз. Мұхаммед Пайғамбар өлгеннен кейін Хз. Әбубәкірдің халифа сайлануы да осы екі негіз Құран мен араб дәстүрі бойынша жүзеге асты. Сондықтан алғашқы мұсылмандықтың болмысында екі негіз үстемдік етті. Біріншісі Құран — құндылықтары, екіншісі — араб мәдениеті мен дәстүрі. Бұл араб мұсылмандығының үстемдік құрған дәуірі еді. Олар араб дәстүрінің елеулі бөлігін исламдандырып жіберді, қалған бөлігі әр түрлі дәстүрлі формаларда әлі күнге дейін жалғасып келеді. Негізінде әдет-ғұрып, дәстүр (мейлі ол араб, парсы, түркі болсын) де ислам дінінің негізгі ұстындары мен дәлелдерінің бірі. Ислам ешқашан дәстүрді, әдет-ғұрыпты толығымен жоққа шығармаған, оларды діннің негізгі принциптеріне сәйкестігі тұрғысынан бағалаған. Керек десеңіз, әдет-ғұрып исламдағы құқықтың негізгі қайнар көздерінің бірі болып табылады. Ислам кейбір әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді жаңғыртып, кейбірін сол қалпында пайдалануды мақсат етеді. Дегенмен әдет-ғұрып, дәстүр ешқашан діннің орнын баса алмайды және діннен үстем қабылданған емес» дейді [3].

Сондай-ақ, кейінгі уақытта кейбір салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымыз ұмытылып барады. Дінтанушы З. Жандарбектің: «Қазіргі күні осыдан бар-жоғы 20–30 жыл бұрынғы әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің көпшілігінің халық санасынан өшкенінің куәсі болып отырмыз. Олардың ешбірі шаріғат талаптарына қайшы келмейтін және қазақ халқының табиғи-географиялық ерекшеліктеріне негізделген болатын» — дей келе, қазақтың ағайын-туыстық қатынасының әлі күнге дейін ажырамағандығын мысал етеді. Қазақта кісі қайтыс болса, қазан көтеріліп, тамақ пісіріледі. Өйткені, қазақ әлі күнге өз ағайын-туысынан ажырамаған, қоғамдасып өмір сүріп келе жатқан халық. Кісі қайтқан үй бар ауыртпалықты жеке көтермейді. Ағайын, туыс, жекжат болып, бірлесіп көтереді.

Ислам бейбітшілікке, тыныштыққа үндейтін дін. Алайда, соңғы жылдары ислам атын жамылған радикалды топтардың кез келген халықтың танымын жоюға талпынып жатқаны өтірік емес. Қазақтың дүниетанымын мансұқтап, салт-дәстүрді жоққа шығарып, келіннің сәлем салуын Құдайға серік қосуға балаған, зират басында оқылатын Құранды теріске шығарғандар да сол содырлар.

Қазіргі кезде Қазақстанда Исламдық бағытты жамылып адасып жүрген әртүрлі ағымдар өздері түсінбегендіктен қазақтардың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын арабтандыру немесе қандайда бір жалпыға ортақ исламдандыру бағытында шатасып жүр.

Теріс ағымдағы Исламдық бағыттар қазақтардың тарихи дәстүрлері: бата беру, құда түсу, қыз ұзату, беташар жасау, қайтыс болған кісінің жетісін, қырқын, жылын беру, жеті нан пісіру, әруақтарға құрмет ету, қасиетті жерлерге зиярат жасау, қажет десеңіз қазақтардың ұлттық киімі мен қазіргі жалпы адамзатқа тән киім кию үлгілерін және басқа да ұлттық сипаттағы қасиеттерін тәрк етіп, жоққа шығаруда. Оның орнына араб, парсылардың киім үлгілерін, салт-дәстүрін тағы басқа қасиеттерін ендіру үшін әрекеттенуде.

Арабтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін ұстанбай-ақ мұсылман болу мүмкін екендігін дәлелдеп берген Қожа Ахмет Йасауи бабамыз болатын. Ол дін тілін түрік тілінде сөйлетті. Түріктердің исламдағы жолы Йасауи жолы шеңберіне сыйғызылды. Түріктер осы жол шеңберінде ғана өзінің түріктік ерекшелігін сақтап қалу мүмкіндігіне ие болды. Бұл шеңберден тыс ислам дінінде қалу мүмкін болғанымен түрік мәдениетінде қалу мүмкін емес еді. Йасауидің бұл бастамасы түрік жұртына арналғанымен, өзге халықтарға өнеге болды. Өзге халықтар да Йасауидің ізімен әр түрлі таритқаттарды дүниеге келтіріп, өздерінің рухани-мәдени тәуелсіздіктерін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік алды. Біз қазіргі күні қазақ халқының дәстүрлі діні дегенімізде осы Йасауи жолы деп білеміз. Өйткені, қазақ халқының Йасауиден соңғы 850 жыл бойына жинақталған рухани мұрасы мен мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы осы Йасауи жолы негізінде қалптасты.

Кешегі қылышынан қан тамған кеңестік атеистік жүйенің өзінде қазақтың қазақ екенін, діні ислам екенін ұмыттырмаған да осы дәстүрі еді. Осы дәстүрдің арқасында халық дінінің ислам, Пайғамбарының Мұхаммед, жүрер жолы Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Йасауи негізін салған сопылық жол екенін, киелі мекенінің әуелгісі Мекке, екіншісі қазақтың бар жақсысы мәңгілік сапарға аттанған басын қосқан Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесі екендігін қазақ ешқашан есінен шығарған емес [4].

Егер жат ағымдар біздің салт-дәстүрімізді түбегейлі жоққа шығарып тастағысы келсе, демек біздің мықты тұсымызда осы жерде деп түсінуге болады. Сол себепті де дәстүрімізді келешек жастарға дұрыс дәріптей білсек басымыз аман, еліміз тыныш боларына сенімім мол.

Қазақ халқының дәстүрлі діні — ислам діні. Бұл ойды мемлекет те мойындайды және өзінің ресми идеологиясының құрамдас бөлшегі ретінде қарастырады. Оған дәлел «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылы 11 қазанда қабылданған мемлекетіміздің Заңы, Елбасының ресми сөздері, оның ішінде «Қазақстан — 2050 Стратегиялық бағдарламасы» секілді маңызды құжаттардағы ислам діні туралы айтылатын ойлар. Аталмыш заңның преамбуласында: «Ханафи бағытындағы исламның халықтың мәдениеті мен рухани өміріндегі тарихи рөлін Қазақстан Мемлекеті ресми мойындайтынын және танытынын бекітеді», — делінген. Ал, Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстан — 2050 Стратегиялық бағдарламасында»: «Біз мұсылманбыз. Оның ішінде Әбу-Ханафи масхабын ұстанатын суниттерміз», — деп қадап айтты [5]. Және де Елбасы: «Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-

дәстүрді, ата-анасы сыйлауға негізделген. Ендеше бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін ислам дінін қадірлей отырып, ата-дәстүрін ардақтағаны абзал», — деді. Бұдан шығатын қорытынды, егер ислам діні қазақ халқының дәстүрлі діні болса, қазақтың дәстүрі де ислам дініне негізделуі тиіс. Ал, қазіргі біздің қоғамдағы исламда ұлтты, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты жоққа шығарып, намаз оқымайтын ата-анасын кәпірге теңеп, қабірлерді зиярат етудің орнына оларды қирату керек деп ұрандатып жүргендердің барлығы да халқымыздың салт-дәстүрінен хабары жоқ, діни сауатсыздықтың, ұлттық тәрбие алмағандарының айғағы.

Сондай-ақ, Елбасымыз ел жастарымен болған кезекті бір кездесуінде «Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым

биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса — ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады», — деген еді. Елбасының «Мен жастарға сенемін!» деп айтқан сөзінен бізге үлкен сенім артып отырғанын байқауымызға болады. Ал жастарымыздың патриот болуы үшін, еліне адал қызмет етіп, халқын, отбасын қорғау үшін, алдымен оның бойында ұлтына деген жанашырлық сезімі болуы керек. Бұл сезімдерді адам бойына дарытатын ол — салт-дәстүріміз, әдет-ғұрыптарымыз бен ырым-тыйымдарымыз. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген адам бұл мәселеде ағаттыққа ұрынбайтыны белгілі.

Әдебиет:

1. Керімбай С., Логотерапия немесе өмірге құштарлық. — Алматы, 2016. — 26 б.
2. Әуезов М. М. Иппокрена. — Алматы: Жібек жолы, 1997. — 37 с.
3. Кенжетай Д. Діни білім мен таным негіздері және зайырлылық // <http://old.abai.kz/content/dosai-kenzhetai-dini-bilim-men-tanym-negizderi-zhene-zaiyrlylyk>
4. Жандарбек З. Жат діни ағымдардың қазақ халқының діни танымына кері әсері // <http://www.e-islam.kz/qazaqstandagy-islam/ishki-kategoriyalar/islam-zh-nindegi-zertteuler/item/353-eislam>
5. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан — 2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы. — 14.12.2012 ж.

Бидай дақылы құрамындағы азоттың мөлшері және жинақталуы

¹Жуматаева Жазира Байсериковна, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі, докторант;

²Тәуіпбаев Болатбек Төребекұлы, магистрант;

³Зиятбеков Бекзат Талғатұлы, магистрант;

⁴Қазақ ұлттық аграрлық университеті (Алматы қаласы, Қазақстан)

⁵Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Мақалада жаздық бидай құрамындағы азот мөлшерінің өсу дәуірі кезеңдеріндегі өзгеруі және жинақталуы ерекшеліктері сипатталады.

Өсу дәуірінің әдепкі кезеңінде бидай баяу өседі, ал түптену кезеңінен бастап гүлдену фазасына дейін интенсивті өседі. Осы кезеңде тамыр жүйесі, бас сабақ пен жанама сабақтары тез өсіп, фотосинтез процесі күшейе түседі, осының әсерінен биомасса интенсивті құралады. Сонымен бірге, масақтың құралу процесі: масақшалар мен гүлдердің пайда болып, болашақ масақтың негізі қаланады, ал бұлар өнім структурасының негізгі элетенттері [1, 2].

Жаздық бидайдың қоректің элементтерге қажеттілігін анықтау үшін әртүрлі мөлшерде тыңайтқыш берілген нұсқаларда өсірілген бидай өсімдігі құрамындағы азот, фосфор, калий мөлшері әрбір фазалары бойынша анықталып, аталған элементтерден өсімдікте жинақталуы және пайдалану ерекшеліктері зерттелінді.

Тәжірибе 2016 жылы «Б. Жақаев атындағы қазақтың күріш шаруашылығы ҒЗ» институтының Қарауылтөбе тәжірибе учаскесінде жүргізілді. Учаскенің

топырағы — ескі суармалы, шалғанды-батпақты, карбонатты, гидроморфты. Топырақ құраушы жыныстары — қатпарлы шөгінділер. Тәжірибе жүргізу барысында белгілі әдістемелер [3], топырақты зерттеудің агрохимиялық әдістемелері [4] қолданылды. Пайдаланылған тыңайтқыштар: аммоний сульфаты, гранулделінген суперфосфат, хлорлы калий. Негізгі тәсілмен берілетін тыңайтқыштар (азот, фосфор, калий) тәжірибе схемасы бойынша көктемде себу алдында дискінің астына шашылып енгізілді, ал азот тыңайтқышының бір бөлігі үстеме қоректендіру ретінде берілді. Тұқым себу тар қатарлы әдіспен СЗ-3,6 сеялкасымен жүргізілді. Егісті күтіп баптау аймақта қолданылып жүрген агро-техника шараларымен бірдей [5]. Зерттеу объектілері — жаздық бидайдың WH-501 нөмері.

Бидайдың өсіп дамуы барысында оның вегетативтік массасында азот мөлшері біртіндеп азаяды (1-кесте). Мысалы, N₁₂₀P₆₀K₃₀ нұсқасында вегетативтік массада азот мөлшері WH-501 нөмері 4,08%-дан 1,33%-ға дейін төмендеді. Мұндай заңдылықтар бұрыннан белгілі.

Кесте 1. Жаздық бидайдың вегетативтік массасы құрамындағы азот мөлшері (абсолюттік құрғақ затқа % есебімен)

Тәжірибе нұсқалары	Түптену	Сабақтану	Масақтану	Дәннің сүттену фазасы	Толық піскен кезде
WH-501 нөмері					
N ₀ P ₀ (бақылау)	3,03	2,33	1,62	1,21	1,27
P ₆₀ K ₃₀	3,06	2,26	1,63	1,24	1,09
N ₉₀ P ₆₀ K ₃₀	3,77	2,74	1,91	1,42	1,23
N ₁₂₀ P ₆₀ K ₃₀	4,08	2,89	2,01	1,35	1,33

Жаздық бидайдың түптену және сабақтану кезеңдерінде дақылдың вегетативтік (жапырақ, сабақ) құрамындағы азот мөлшері мен өнім деңгейі арасында, жоғары корреляциялық байланыс бар (2-кесте). Атап айтқанда, WH-501 нөмері бойынша бұл көрсеткіш түптену фазасында $-r = 0,778$, сабақтану кезеңінде $-r = 0,652$. Яғни, түптену және сабақтану кезеңдерінде бидай дақылын азотты қоректік элементімен қамтамасыз ету жоғары өнім алу ке-

пілі. Осыған сәйкес, түптену кезеңінің басында үстеп қоректендіру берудің мәні үлкен.

Бидай өсімдігінде азоттың жинақталуы оның мүшелері құрамындағы азоттың концентрациясына және құрғақ биомассасының мөлшеріне (салмағына) байланысты. Егістікке азот тыңайтқышын беру бидай өсімдігі биомассасында азоттың жинақталуын күшейтті.

Кесте 2. Жаздық бидайдың вегетативтік массасы құрамындағы азот мөлшері мен дән өнімі арасындағы корреляциялық байланыс коэффициенті

Сорт атауы	Өсу дәуіріндегі кезеңдер	Корреляция коэффициенті (r)
WH-501 нөмері	Түптену	0,778
	Сабақтану	0,652
	Масақтану (жапырақ)	0,275

Біздің зерттеу нәтижелерімізге қарағанда масақтану кезеңінде бидай жапырағындағы азот мөлшері 0,9–1,5%. Осыған сәйкес, дәндегі азот мөлшерін көбейту үшін бидайдың масақтану фазасында үстеп қоректендіру беру керек сияқты. Ондай тәжірибе жүргізілді. Бірақ масақтану кезеңінде берілген үстеп қоректендіру бидай дәнінде белок мөлшерін арттырған жоқ. Мұның себебі, біздің пікірімізше, дағдарысты Арал өңірінде жаздық бидайдың масақтану — дән толысу фазалары маусым айының екінші жартысында, күн өте ыстық (38–43°), ауаның салыстырмалы ылғалдылығы төмен, яғни құрғақ әрі ыстық кезеңге сәйкес келеді. Мұндай жағдайды, дәнде белок пен клейко-

винаның жинақталуы өте қолайсыз жағдайда өтеді. Яғни, жаздық бидай егісін масақтану кезеңінде үстеп қоректендіруді іс жүзіне асыру технологиялық тұрғыдан өте қиын, сонымен бірге бұл әдістеме экономикалық және экологиялық тұрғыдан өте қиын, сонымен бірге бұл әдістеме экономикалық және экологиялық тұрғыдан да тиімсіз.

Жаздық бидайдың құрғақ биомассасының құралуына және оның құрамындағы азот мөлшеріне қарағанда, өсімдікте азоттың жинақталуы түптену фазасынан бастап біртіндеп артып, ең жоғарғы деңгейі дәннің сүттену кезеңінде байқалады. Азот тыңайтқышы дозасының артуына сәйкес өсімдік денесінде азот көбірек жинақталады (3-кесте).

Кесте 3. Жаздық бидай өсімдігінің биомассасында азоттың жинақталуы (г/100 өсімдік)

Тәжірибе нұсқалары	Түптену	Сабақтану	Масақтану	Дәннің сүттену фазасы	Толық піскен кезде
WH-501 нөмері					
N ₀ P ₀ (бақылау)	0,40	0,78	2,15	2,17	1,65
P ₆₀ K ₃₀	0,50	1,03	2,67	2,95	1,80
N ₉₀ P ₆₀ K ₃₀	0,72	1,61	3,78	4,25	2,87
N ₁₂₀ P ₆₀ K ₃₀	1,00	2,04	3,76	4,55	3,10

Дәннің сүттену кезеңінен кейін азот негізінен дәнде жинақталады, ал бидай толық піске кезде сабан құрамында азот аз болды.

Сонымен азот қоректік элементін жаздық бидай көктеп шыққаннан бастап дәннің сүттену соңына дейін қабылдап сіңіреді. Түптену кезеңінен бастап бидай интен-

сивті өсіп, фотосинтез процесі күшейе түседі. Осы кезеңде, дақылдың жылдам өсуін қамтамасыз ету үшін азотты көп қажет етеді, яғни түптену фазасының басында азот (N_{30})

тыңайтқышымен үстеп қоректендіру жоғары әрі сапалы өнім алу кепілі [6,7].

Әдебиет:

1. Куперман Ф. М. Морфофизиология растений — Москва: Высшая школа, 1977. — с. 288.
2. Полимбетова Ф. А., Мамонов Л. К. Физиология яровой пшеницы в Казахстане. — Алма-Ата: Наука, 1980. — с. 288.
3. Доспехов Б. А. Методика полевого опыта. — Москва: Колос, 1985. — с. 416.
4. Агрохимические методы исследования почв. — Москва: Наука, 1975. — с. 656.
Кант поставил вопрос о специфичности математического познания, об его отличии от философского и естественнонаучного познания. «Метафизика, как и математика, одинаково способна к достоверности, необходимой для создания убеждения в истине, с той только разницей, что математическая достоверность легче и способна к большей наглядности» [3, с. 297]. По Канту и метафизика, и математика относятся к «знанию разума», т. е. они являются чисто теоретическими областями познания, имеющими априорный характер. Интересный момент подчеркивает И. Кант о том, что математическая достоверность легче в восприятии. По Канту различная степень достоверности в философской и математической областях познания определяется тем, что «метафизика есть знание разума из понятий, а математика есть знание разума из конструирования понятий» [3, с. 299]. Это интересный подход о различии обоснования философского и математического знания. Посмотрим, как в математике Кант анализирует доказательство теоремы об отношении суммы углов треугольника к величине прямого угла. Доказательство надо начать с конструирования понятия треугольника. Лишь мысленно созерцая треугольник, мы сможем догадаться о том, какие дополнительные линии надо провести, чтобы, руководствуясь все тем же чистым созерцанием, прийти к совершенно очевидному решению вопроса. Имея лишь понятие треугольника, говорит он, мы ничего не добудем из него нового, сколько бы над этим понятием ни размышляли. А в философии, наоборот, размышление над самим понятием позволяет из него вывести знание.

Построение в уме можно сопровождать и рисунком на бумаге, но последнее лишь тогда будет выражать всеобщность, когда мы будем его мыслить не физически, а как схему понятия, т. е. как конструкцию, для которой многие определения, например, величины сторон и углов треугольника, совершенно безразличны. На этом примере показано, что математическое знание получается на основе

конструирования понятий, в философии же этого не происходит.

О сути чертежа в применении к доказательству он говорит следующее: «Единственная нарисованная фигура эмпирична, — указывает Кант, — но, тем не менее, служит для выражения понятия без ущерба для его всеобщности, т. к. в этом эмпирическом созерцании я всегда имею ввиду только действие по конструированию понятия» [4, с. 601]. Чертеж треугольника, которым пользуются при доказательстве, является единственно эмпирическим, так как субъект воспринимает его органами чувств. Субъект, отталкиваясь от начерченного рисунка, и, получив новый импульс, попадает в область чистой апперцепции, где рассудок имеет дело только с идеальными объектами и их отношениями. Только в этой области и существует математическое знание, которое имеет априорный характер. Вот эта связь между эмпирическим, т. е. наглядно достоверным рисунком, и чисто мысленным делает доказательство в математике более легким в плане достоверности, чем в философии.

Применяемое в математике доказательство имеет «наглядную достоверность»; применяемое в философии доказательство такой наглядностью не обладает, и в этом также заключена разница между ними, поэтому философия не разворачивает свое содержание так, как это делает математика. Кант ищет ответы на вопросы: «Как возможна математика?», «Как возможны синтетические суждения а priori?», которые до него а) никто и не ставил, что более правдоподобно б) никто не рассматривал, это достоверно. В «Критике чистого разума» для ответа на вопрос: «Как возможны синтетические суждения а priori?» Кант вводит трансцендентальные понятия пространства и времени. «Трансцендентальное» по Канту, это неосознано-телесное. В пространстве осуществляются геометрические положения, а во времени — арифметические. В «Критике чистого разума» Кант исследует общие принципы математического и естественнонаучного познания, но не касается вопросов познания истории, а тем более социума. Анализируя математические положения, он показывает, что они имеют синтетический характер. К примеру, рассматривая $7+5=12$, он показывает, что 12 получается не из понятий 7, 5, $7+5$, а как новое понятие, т. е. оно не содержится в данных, поэтому это синтетическое суждение. Следовательно, математика имеет дело с априорными синтетическими суждениями. Отсюда и ответ на вопрос: «Как возможна математика?»: «Математика возможна в качестве науки, обладающей априорными синтетическими суждениями, потому что она опирается на априорные формы чувственности или на априорные наглядные представления «созерцания» (интуиции) пространства и времени. Геометрия условием своей возможности имеет априорное чувственное созерцание пространства, арифметика — априорное чувственное созерцание времени» [5, с. 32]. Отметим важность различения априорного чувственного созерцания пространства и времени от чувственного созерцания пространства и времени. Первые применяются

в математике, т. е. в теоретической науке, а вторые в эмпирических науках.

По Канту время является составной частью знания, которое представляет собой синтез чувственного и рассудочного, так как рассудок сам по себе не может наглядно представлять, а чувства сами по себе не могут мыслить. Он разделяет рассудок и чувствование, говоря, что представление об объекте дают нам чувства, а мышление возможно только на основе представления. «Среди всех представлений связь есть единственное, которое не дается объектом, а может быть создано только самим субъектом, ибо оно есть акт его самодеятельности» [2, с. 127]. В рассудке осуществляется связь — это то, что сугубо относится к деятельности субъекта. И. Кант смещает акцент

в исследовании самого познавательного процесса с объекта на субъект.

Итак, Кант показал сущностные характеристики математического и философского знания, показал систему принципов чистого разума. Понимание знания а priori — качественно важный шаг в осмыслении познавательного процесса — здесь И. Кант проводит черту между а posteriori и а priori, и его а priori — знания, полученные на уровне врожденных мыслительных способностей человека. Значение априорного знания заключено в доказательстве.

Трансцендентальная философия Канта раскрыла сущность, направленность, стороны и содержание научного познания.

Литература:

1. Абрамов, Ю. А., Демин В. Н. Сто великих книг. М.: «Вече», 2009.
2. Иммануил Кант. Критика чистого разума. — М.: Эксмо, 2006.
3. Кант, И. Сочинения в 6 — ти томах. Т. 2, М., 1964.
4. Кант, И. Сочинения в 6 — ти томах. Т. 3, М., 1964.
5. Асмус, В. Ф. Философия Иммануила Канта. М., 1957.
6. Massimi, M. Philosophy of natural science from Newton to Kant. Studies in History and Philosophy of Science (2012). // <http://dx.doi.org/10.1016/j.shpsa.2012.10.010>

Қазақстандағы ұлттық инновациялық жүйе құрылымдары қызметінің негізгі көрсеткіштері

Қалтаева Сауле Ануарбекқызы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Тажибаева Райхан Мусаматқызы, экономика ғылымдарының кандидаты

Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Ұлттық инновациялық жүйені зерттеу әрқайсысы белгілі бір элементтерден құралған өзара байланысты жүйелерден тұратын оның күрделі құрылымын анықтайды. Инновациялық жүйенің барлық деңгейлері өзара байланысты және бір-бірімен өзара шартталған. ҰИЖ-ге кіретін элементтердің көптүрлілігіне қарамастан оларға белгілі-бір бүтін жүйе, яғни барлық элементтер ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін қызмет етеді. Осыған байланысты жүйенің құрылымы, оның негізгі компоненттері, сондай-ақ олардың өзара байланысы мен өзара әрекеті ерекше қызығушылық танытады.

Инновациялық кәсіпкерлік бүтіндей елдің және аймақтардың инновациялық дамуының басты факторларының бірі болып табылады. Жаңа идеялар мен технологияларды коммерцияландыру арқылы кәсіпкерлік жаңа бәсекелік қабілетті өнімді құруға және ендіруге, жаңа өндірістерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Ұлттық инновациялық жүйе елдің инновациялық-технологиялық даму сферасында білім, ғылым, өндірістік процестерді толыққанды қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Инновациялық жобалар мен кәсіпорындарды қаржы-

ландыру мемлекеттік даму институттарының желісі, венчурлық қорлар, жеке кәсіпкерлер, екінші деңгейлі банктер және басқа да инновациялық процестің қатысушылары арқылы жүзеге асырылады. Соңғы жылдардың ағымында зерттеулер мен өңдеулерді қаржыландыру көлемі өсімді көрсетті, алайда ЖІӨ-гі олардың үлесі мардымсыз.

2015 жылы бұл көрсеткіш 69,3 млрд. тенгені құрады, 2011 жылмен салыстырғанда 56%-ға артқан. Зерттеулер мен өңдеулерге кеткен шығындар 2013 жылдың қорытындысы бойынша аталған көрсеткіш бойынша көшбасшылар АҚШ (415 млрд. доллар), Қытай (208,2 млрд. доллар), Жапония (146,5 млрд доллар), Германия (93,1 млрд доллар) болып табылады [1].

Зерттеулер мен өңдеулерге кеткен ішкі шығындар көлемі Қытайда күрт өсіп отыр. 2008 жылмен салыстырғанда 2013 жылы бұл көрсеткіш 1,7 есе артқан. Шығын көлемі бойынша Қазақстан әлі де технологиялық дамыған елдерден артта қалып отыр.

Жалпы ішкі өнімдегі зерттеулер мен өңдеулерге ішкі шығындар үлесі Израилда (ЖІӨ-нің 4,38%), Оңтүстік Кореяда (4,03%), Финляндияда (3,78%), Жапонияда

(3,39%) жоғары. Еуропа — 2020 стратегиясына сәйкес бес мақсатты негізгі индикаторлардың бірі Еуропалық одақта зерттеулер мен өндеулерге шығындар үлесін ЖІӨ-нің 3%-на дейін жеткізу болып табылады. 2013 жылы орташа көрсеткіш ЕО бойынша 1,94% құрады, бұл Қытайдың деңгейінен 1,84%-ға жоғары. ЕО-қа м. ше елдердің арасында жоғары көрсеткіш Финляндияға тиесілі (3,78%). Қазақстанда зерттеулер мен өндеулерге шығындар үлесі бұрынғысынша ЖІӨ-нің 0,17%-ын құрап отыр.

Қазіргі сәтте ЖІӨ-гі зерттеулер мен өндеулерге шығындар үлесі 0,17%-дан аспайды, бұл тек дамыған елдердің деңгейінен төмен емес, сондай-ақ 1990 жылғы көрсеткіштен де төмен болып отыр.

ҒЗТҚЖ орындаған ұйымдардың құрылымын қарастыратын болсақ, 2014 жылы ғылыми зерттеу жұмыстарымен

айналысқан ұйымдардың жалпы құрылымында коммерциялық емес сектор мен кәсіпкерлік сектордың үлесі төмен болып отыр. Аталған жағдай ғылыми ұйымдардың орналасу құрылымында үлкен диспропорцияның барын куәландырады.

Дамыған елдерде мемлекеттік сектордың үлесі 30–40%-дан аспайды. Мысалы, ҒЗТҚЖ-ды қаржыландырудың жалпы көлемінде мемлекеттік қаржыландыру Жапонияда — 17,7%, АҚШ-та — 31,3%, Францияда — 38,9% құраған.

Соңғы жылдары қолданбалы зерттеулерге шығындар өсіп отыр. Бұл жағдай 2006 жылдан бастап жалғасып келеді. 2015 жылы іргелі зерттеулерге қарағанда қолданбалы зерттеулерге шығын 2,3 есе өсіп, 36959,0 млн. тенгені құрады (кесте-1).

Кесте 1. Жұмыс түрлері бойынша зерттеулер мен өндеулерге ішкі ағымдық шығындар, млн. Тенге

	2013	2014	2015	Өсу қарқыны 2015/2013, %
Ішкі шығындар, барлығы	61672,7	66347,6	69302,9	112,3
Оның ішінде: іргелі зерттеулер	18197,0	15260,7	15838,8	87
Қолданбалы зерттеулер	33369,4	38394,8	36959,0	110,7
Тәжірибелік конструкторлық өндеулер	10106,3	12692,1	16505,1	163,3
Ескерту: ҚР статистика Агенттігінің мәліметі				

1000 жұмысбастыға шаққанда зерттеушілер саны көрсеткіші бойынша Финляндия Қазақстаннан 12,2 есе асып түседі, Оңтүстік Корея — 9 есе, Сингапур — 8 есе. Осылайша, Қазақстанда инновациялық даму басқа факторлармен қатар инновациялық процестер мен жобаларды басқаруға қабілетті кадрлардың тапшылығымен тежеліп отыр. Жалпы, ғылым сферасындағы белгілі бір жағымды жылжуларға қарамастан кадрлық құрам тиімді мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды талап етеді.

Ғылыми-техникалық қызмет кез-келген мемлекеттің экономикалық дамуының алдыңғы қатарлы факторларының бірі болып табылады. Қазіргі кезде ғылыми әлеуеттің бірқатар көрсеткіштері бойынша Қазақстанда өсу байқалады. ҚР статистика Агенттігінің мәліметі бойынша республикада 2014 жылы Қазақстанда ғылыми зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстармен айналысатын 392 ғылыми ұйымдар қызмет атқарды. Оның ішінде 245- ғылыми зерттеу институттары, 89- жоғары оқу орындары, 58- басқа да ғылым мекемелері. 2015 жылы ғылымның дамуының кейбір көрсеткіштері бойынша 2014 жылмен салыстырғанда төмендеу орын алған (кесте-2).

2015 жылы зерттеулер мен өндеулер орындаған ұйымдар саны 2014 жылмен салыстырғанда 2 бірлікке қысқарған. Қарастырып отырған кезеңде зерттеулермен айналысқан ұйымдардың ең көп саны 2011 жылы болған және 412 бірлікті құраған. Зерттеулер мен өндеулермен айналысқан персонал саны өткен жылмен салыстырғанда 1058 адамға қысқарған, оның ішінде ғылым докторы 174,

бейіні бойынша 30, ал ғылым кандидаттарының саны 89 адамға қысқарған [2].

2017 жылы зерттеулер мен өндеулерді қаржыландыруға және инновациялық қызметті қамтамасыз етуге 34,7 млрд. тенге немесе бюджеттік шығындардың 0,84% бөлінген. Бұл көрсеткіш жылдан жылға ұлғайғанымен оның деңгейі ЖІӨ-нің 0,2%-нан аспайды. Бұл қандай да бір инновациялық өсімге мүмкіндік бермейді.

Ғылыми зерттеу құрылымдары өнеркәсіп кәсіпорындарында өндірістік процеске ендірілетін жаңа технологияларды жасауды қамтамасыз етеді. Сондықтан олардың орналасуына көп жағдайда жаңа идеялар мен өндеулерді коммерцияландырудың жылдамдығы мен тиімділігі тәуелді болады. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда мұндай құрылымдардың болмауы ғылыми зерттеулер мен өндеулер жүргізуге қабілетсіз етіп, инновациялық даму процесін тоқтатады. Қазақстанның көптеген кәсіпорындары әлі күнге дейін ҒЗТҚЖ-дың бүкіл циклін жүргізу мен өндіріске инновацияны ендіру үшін қаржы құралдарының болмауынан тек ғана технология трансфертіне бағдарланған.

2010–2015 жылдарға арналған үдемелі индустриалды инновациялық даму бойынша Мемлекеттік бағдарламада мақсатты индикатор ретінде өндеуші өнеркәсіпте еңбек өнімділігін 50%-ға, экономиканың жекелеген секторларында 100%-ға жоғарылату, инновация саласында әрекет етуші кәсіпорындар санынан инновациялық кәсіпорындар үлесін 10%-ға дейін ұлғайту атап көрсетілген [3]. Алайда бағдарламада жоспарланған кейбір көрсеткіштер

Кесте 2. Қазақстандағы ғылым саласының дамуының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2011	2012	2013	2014	2015	2015/2014 жылға, %
Жалпы ішкі өнім, млрд. тенге	27300,6	30347,0	35275,2	40754,8	40761,4	100,0
Зерттеулер мен өңдеулерге ішкі шығындар, млн. тенге	43351,6	51253,1	61672,7	66347,6	69302,9	104,4
ЖІӨ-ге %	0,16	0,17	0,17	0,16	0,17	106,2
Зерттеулер мен өңдеулер орындаған ұйымдар саны	412	345	341	392	390	99,5
Зерттеулер мен өңдеулермен айналысқан персонал саны, адам	18003	20404	23712	25793	24735	96,0
Оның ішінде: зерттеушілер:	11488	13494	17195	18930	18454	97,5
ғылым докторы	-	-	1688	2006	1832	91,3
Бағыты бойынша доктор	1486	719	605	596	566	95,0
Ғылым кандидаты	3286	3629	4915	5254	5165	98,3
Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыс істейтіндердің орташа айлық номиналды жалақысы, тенге	121395	148530	153567	171626	186999	109,0

Ескерту: ҚР статистика Агенттігінің мәліметі

орындалмады. Атап айтсақ халықаралық деңгейде табылған патенттер саны жоспар бойынша 30 болса, нақты орындалғаны — 10, жаңа технологиялар мен экспериментальды өңдеулер саны жоспар бойынша 200/160 болса, орындалғаны — 160/50, коммерцияландыру орталықтары жоспар бойынша — 70, нақты орындалғаны — 25, ғылым мен инновацияға мемлекеттік шығындар ЖІӨ-нің 1 % мөлшерінде жоспарланса, нақты көрсеткіш 0,17 % құрап отыр.

Қорыта айтатын болсақ, кез-келген инновациялық қызметтің дамуы ғылыми-техникалық потенциалды, технологиялық модернизациялауды дамытуға бағытталған. Себебі оның іс-әрекеті негізінде жоғары сапалы бәсекеге қабілетті өнім шығарылады. Бұл елдің экономикалық қуатын көрсетеді. Мысалы, дамыған елдердегі жаңа техника мен технологияның өсуі ЖІӨ-нің 80—90 %-ін құрайды. Жаңа техника мен технологияларды енгізу нарықтық бәсекелестікті, өндіріс өнімділігін арттырудың басты факторы. Өндіруші саладағы ғылымды көп қажет ететін сала-

лардың үлесінің аздығы экономиканың одан әрі дамуына тежеу болып отыр. Экономиканы жаңа технологиялар арқылы дамыту басты бағыттардың бірі болып табылады. Әсіресе бұл бағытта Жапония, Малайзия, Корея үлкен жетістіктерге жетті.

Инновацияны құру бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу, одан кейін жаңа өнімдердің өндіріске ендірілуі кәсіпорында ресурстардың көптеген санын шоғырландыруды талап етеді. Сондықтан қазіргі уақытта экономикалық даму шарттарының бірі тең құқылы мемлекеттік-жеке серіктестікке негізделген және салалық және аймақтық деңгейде инновациялық қызметті дамытуға бағытталған тиімді инновациялық саясат бола алады. Мемлекеттік-жеке серіктестік механизмі ғылыми зерттеулердің қайтарымын ұлғайтады, бұл нәтижелерді кезекті коммерцияландыру мәселесін тиімді шешуге мүмкіндік береді. Мемлекет пен кәсіпкерлік сектордың бұл өзара тиімді әрекеті кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің өсуін қамтамасыз етеді

Әдебиет:

1. Информационно-аналитический отчет за 2013 год «О тенденциях развития инноваций в Республике Казахстан и в мире» // URL: www.natd.gov.kz — официальный сайт АО «Национальное агентство по технологическому развитию» (дата обращения: 03.02.2015).
2. Национальный доклад по науке. Астана, Алматы, 2014. — 224 с. Национальная академия наук РК, 2014.
3. Государственная программа форсированного индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2010—2014 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 958 // URL: <http://akorda.kz> — официальный сайт Президента Республики Казахстан (дата обращения: 29.03.2015).

Қазақстандағы азық-түлік саудасын дамытуды мемлекеттік қолдаудың қазіргі жағдайы

Қалтаева Сауле Ануарбекқызы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының Абасты салаларының бірі болып табылады. Аграрлық сектордың даму деңгейі қашан да қоғамның экономикалық және саяси тұрақтылығының анықтаушы факторы ретінде болып келді. Республика экономикасының дамуының басым бағыттарының бірі бола отырып, ауыл шаруашылығы үлкен әлеуетке ие. Қазақстанның ауыл шаруашылығы ауқымды территория мен халық санының аздығы, өткізу нарықтарынан географиялық алшақтығы сияқты ерекшеліктермен сипатталады.

Бүгін агроөнеркәсіптік кешен экономиканың тұрақты дамып келе жатқан саласы ғана емес, экономикалық тарымды сала болып табылады. Бұл ретте, осынау отандық агросектордың қалыптасуы кезеңінде Еуразиялық экономикалық одақ елдері сенімді серіктес бола білді.

Соңғы 10 жылда ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемі 41 %-ға ұлғайды. Ауыл шаруашылығы өнімінің экспорты 59 %-ға ұлғайып, 2,0 млрд. АҚШ долларынан асты, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ елдеріне экспорт көлемі 379 млн. АҚШ долларын құрады. Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі 2015 жылы 167,0 млрд. теңгеге немесе шамамен 3,4 есеге ұлғайды.

«Агробизнес-2020» бағдарламасына сәйкес 2011 жылдан бастап агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау 68,1 млрд. теңгеден 2016 жылы 176 млрд. теңгеге немесе 2,6 есеге өсті. Бұл ретте, жергілікті атқарушы органдар бюджетіне берілген агроөнеркәсіптік кешенге арналған шығыстар үлесінің айтарлықтай ұлғайғанын (2011 жылғы 32 млрд. теңгеден 2016 жылы 153 млрд. теңгеге немесе 4,7 есеге) атап өту керек [1].

2015 жылы субсидия көлемі 177,3 млрд. теңгені құрады, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 2 есеге жоғары. Қазіргі уақытта «Агробизнес-2020» бағдарламасын жүзеге асырудың алғашқы нәтижелері жөнінде айтуға болады. Дегенмен, жағымды көрсеткіштерге қарамастан, қалыптасқан жағдай агроөнеркәсіп кешен сферасына мемлекеттің қатысуын талап етеді.

Қалыптасып отырған жағдай себептерінің бірі «Агробизнес-2020» бағдарламасының құралдарын жеткіліксіз қаржыландыру болып табылады. Мәселен, 2013 жылы жеткіліксіз қаржыландыру көлемі 26 млрд. теңгені (14,13%), 2014 жылы 110 млрд. теңгені (35,4%), 2015 жылы 115 млрд. теңгені (34,4%), 2016 жылы 127 млрд. теңгені (36,8%), 2017 жылы 175,0 млрд. теңгені (45,7%) құрайды.

Нәтижесінде, ауыл шаруашылығына салынған инвестициялар көлемі салыстырмалы түрде төмен болды. Мәселен, 2015 жылдың қорытындыларымен салысты-

рғанда ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар 167,1 млрд. теңгені құрады, бұл өнеркәсіптің негізгі капиталына салынған инвестициялардың көлемінен 23 есеге және көлік пен қоймалауға салынған инвестициялардан 7 есеге төмен.

Өз кезегінде, инвестиция ағынының болмашы көлемі:

— саланың төмен деңгейде техникалық жарақаталуынан (облыстың ауыл шаруашылығы техникасы паркінің 80 пайызы тозған);

— егіншіліктің қарқындату деңгейінің төмендігінен (топырақтың құнарлылығын арттыру, тыңайтқыштарды қолдану бойынша жұмыстар дұрыс жолға қойылмаған);

— ауыл шаруашылығы жануарларының генетикалық әлеуетінің төмен деңгейінен (республика бойынша асыл тұқымды ірі қара мал басының жалпы табын бойынша үлесі 10,8%-ды құрайды, ал мал шаруашылығы дамыған елдерде бұл көрсеткіш шамамен 40—50%-ды құрайды);

— ауыл шаруашылығы жануарлары өнімділігінің төмендігінен (Қазақстан Республикасы бойынша бір сиырға шаққанда сүт сауу бойынша орташа көрсеткіш жылына 2309 килограммды құрайды, ал шет елдерде бұл көрсеткіш жылына 6—8 мың литрге тең) көрінеді [2].

Бұдан басқа, Еуразиялық экономикалық одақ пен Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберінде Қазақстанның ашық шекара жағдайында жұмыс істейтін барлық артықшылықтарына қарамастан, азық-түлік тауарларының отандық нарығында шетелдік контрафактілік және бұрмаланған өнімдердің болуы секілді жағымсыз фактілер байқалып отыр.

Беларусия, Қазақстан және Ресейдің кеден одағы 2014 жылы Армения мен 2015 жылы Қырғызстанның қосылуымен біршама кеңейді. ЕАЭО өзара саудада сандық шектеулер мен кедендік салықтар қолданылмайтын бірыңғай кедендік территорияны қарастырады. Бұл кезде ЕАЭО-қа қатысушы елдер бірыңғай кедендік тариф пен үшінші елдермен саудада реттеудің басқа да шараларын қолданады.

Соңғы 5 жылда азық-түлік тауарларының жиынтық экспорты әлемнің барлық елдерінде 2,0-ден 2,6 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайды. Қазақстанның негізгі экспорттық нарықтары: Әзірбайжан, Иран, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Түркия және Өзбекстан. Экспорттың құрылымында ең көп үлесті (70%-ға дейін) бидай және ұн алады.

Дайын азық-түлік тауарларының экспорты сыртқа шығарылатын тауарлардың жалпы көлемінің 4,5% құрайды. 2015 жылы аталған топ бойынша тауарды сыртқа шығару көлемі 21,3%-ға түсіп, 2,08 млрд. АҚШ долларын құрады, ал 2014 жылы ол 2,64 млрд. АҚШ доллары мөлшерінде болатын.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда кедендік тарифті қолданудың негізі болып «Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифі» деп аталатын 42 бабы табылады. Бүгінде Қазақстанда ЕАЭО шеңберінде адвалорлық кедендік баж ставкалары кең тараған. Қазақстанда мал терісі мен жүнінен басқа өнімдерге экспорттық салықтар қолданылмаған. 2014–2015 жылдар аралығында ауыл шаруашылық өнімдеріне тосқауылдар, сандық шектеулер, квоталар, минимальды экспорттық бағалар мен лицензиялау таралмаған.

Инвестициялар және даму министрлігі экспорттық компаниялардың шығындарын 50% мөлшерінде бөліктеп өтеу жолымен экспортты қолдауды жүзеге асырады. Өтеуге келесі шығындар жатқызылған:

- сыртқа нарықта нақты өнім, не қызмет қозғалысы, қазақстандық компанияның жаппай ақпарат құралдарындағы жарнама шығындары, көрмелерге қатысу;

- тауар белгілерін тіркеумен байланысты шараларды жүргізу және шетелге экспорттау мақсатында өнімді сертификаттау;

- экспортты басқару сферасында қызмет ететін қызметкерлерді оқыту бойынша қызметтерді төлеу, сондай-ақ шетелдік сарапшы-кеңесшілерді шақыру;

- франшиз сатып алу;

- экспорттық өнім шығаратын компаниялардың интернет-ресурстарын өңдеу, тіркеу және қолдау;

- маркетингтік зерттеу шығындарын төлеу.

Экспортты қолдау мақсатында мемлекетке тиесілі қаржылық институттар келесідей қаржылық қызметтерді ұсынады:

- экспорттық келісімдерді қаржыландыру;

- шетелге жеткізу кезінде лизингтік және факторингтік операцияларды сақтандыру;

- Қазақстандық компаниялармен импортерларға ұсынылған сауда несиелерін сақтандыру;

- экспорттық бағдарланған кәсіпорындардың негізгі құралдарын сатып алуға жылдық 5% ставка мөлшерінде қаржылық лизинг;

- жылына 5–8% ставка бойынша айналым құралдарының толығын несиелендіру.

Қазіргі сәтте ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары «Агробизнес-2020» бағдарламасында көрініс тапқан. Бағдарламаның жалпы бюджеті 3 трлн. 122 млрд. тенгені құрайды. Бағдарлама шеңберінде азық-түлік субсидиясы өзіне ауыл шаруашылық өндірушілеріне мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы өнім өндірісінде келтірілген шығындарды өтеу бойынша тікелей ақшалай төлемдерді қосады.

Егін шаруашылығында субсидия тұқым, жанар-жағар май, тыңайтқыштар мен гербицидтерді кететін шығындарды бөліктеп өтеуге бағытталады. Ал мал шаруашылығында субсидиялар асыл тұқымды мал сатып атуға, селекциялық және асылдандыру жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ малды ұстау шығындарын бөліктеп өтеуді қарастырады. Асыл тұқымды малды сатып алуға субсидия мөлшері ТМД елдері және алыс шетелден сатылып алынатын

мал басы құнының 50% өтеуді көздейді. Өндірісті интенсификациялау мақсатында субсидия мөлшері өндірістің сандық және сапалық сипаттамаларына тәуелді үдемелі шкала бойынша есептеледі.

Бағдарламаға салаға жеке инвестицияны ынталандырудың бірқатар шаралары қосылған. Атап айтсақ Қазақстанда бірінші рет инвесторларға сүт пен еттің ірі тауарлы өндірісі, өнеркәсіптік балық шаруашылығы, ауыл шаруашылық өнімдерін терең қайта өңдеу сияқты басым бағыттағы жобаларға 50% дейін капитал шығындарын өтеуді қарастыратын инвестициялық субсидия құралы енгізілді. Бұған қоса ауыл шаруашылық өндірушілерге берілген коммерциялық банктердің несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемесін жылдық 14%-дан 7%-ға дейін қысқарту үшін субсидиялар қарастырылған. Ауыл шаруашылық өндірушілеріне несиенің қолжетімдігін арттыру үшін коммерциялық банктерде несиені кепілдендіру мен сақтандыру жүйесі жасалуда.

Құрылған Еуразиялық экономикалық одақ сыртқы өткізу нарықтары проблемаларының шешімі болып табылады, ол 5 елдің жиынтық жалпы ішкі өнімі 2.2 трлн. АҚШ долларынан асатын, 180 млн. халқы бар тауар нарығында сауда жасауға мүмкіндік береді. Еуразиялық экономикалық одақта агроөнеркәсіптік кешен өнімінің жалпы импорты 44,0 млрд. доллардан астам соманы құрайды. Сонымен қоса, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне байланысты ауыл шаруашылығының экспортқа бағытталған өндірісін дамыту үшін ауқымды мүмкіндіктер туады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы ет пен сүт саласына стратегиялық инвесторлар тарту және ет саласының әлемдік нарығында көшбасшы болып табылатын ірі компаниялармен ет экспортын қамтамасыз ету бойынша алға қойған міндетті орындау мақсатында бірлескен инвестициялық жобаларды құру туралы тиісті бірқатар құжаттарға қол қойылды [3].

Агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау тетіктерін табысты іске асыру үшін «Агробизнес-2020» бағдарламасының толық көлемде қаржыландырылуын қамтамасыз ету қажет. Еуразиялық экономикалық одақ пен Дүниежүзілік сауда ұйымының бірыңғай нарығын құру да осыны қажет етеді, онда қатысушы елдердің ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері әр түрлі мемлекеттік қолдау көлемдері жағдайында нарыққа қол жеткізу үшін бірдей шарттарға ие болады.

Сонымен қорытындылайтын болсақ, Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені даму үшін қажетті мүмкіндіктерді құрайтын үлкен әлеуетке ие. Республиканың ауқымды жер ресурстары басқа елдермен салыстырғанда оған едәуір бәсекелік артықшылықты қамтамасыз етеді, бұл ауыл шаруашылығын экономиканың перспективті салаларының бірі етеді. Ауылдық жерлерде 7,6 млн. адам, яғни Қазақстан тұрғындарының 43% тұрады. Бұл ғылыми негізделген ауыл шаруашылық өндірісін ұйымдастырған жағдайда осы саланы әлемде алдыңғы қатарға шығаруға қабілетті кадрлық әлеует. Қазақстан тек ғана ішкі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

үшін емес, сондай-ақ ауыл шаруашылық және азық-түлік өнімдерінің маңызды экспорттеры ретінде қалыптасу үшін де жеткілікті ресурстарға ие. Сондықтан да азық-түліктің әлемдік нарықтарындағы күшейіп отырған

бәсеке жағдайында, сондай-ақ Қазақстанның ауыл шаруашылық жерлерінің 90 %-ның тәуекелді егіншілік аймағында екендігін ескере отырып, осы саланы мемлекеттік қолдауды күшейту қажет.

Әдебиет:

1. ҚР Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Мамытбековтің ҚР Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесіндегі баяндамасы. — 04.06.2015
2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014 жылдағы жұмыс қорытындылары мен 2015 жылға арналған міндеттері туралы. Астана, 2015
3. Обзор агропродовольственной торговой политики в постсоветских странах за 2014–2015 годы // www.fao.org/europe/news/detail-news/ru/c/395495/

Физическое развитие детей, проживающих в городской и сельской местности Кызылординской области

Каражигит Лаззат Абзалбековна, магистр медицины;
Мустафаева Динара Токболатовна, магистр естественных наук
Медицинский колледж «Болашак» (г. Кызылорда, Казахстан)

Современное обучение предъявляет высокие требования к ученикам, в том числе к состоянию их здоровья. Одним из важных показателей здоровья являются показатели физического развития. Нами проведено изучение физического развития детей в городской и сельской школе Кызылординской области.

Цель исследования


— обобщить материалы, характеризующие уровень физического развития городских и сельских детей в возрасте 7–11 лет, и заложить основу для дальнейшего изучения динамических сдвигов в физическом развитии детей. Объектом исследования были 300 детей школьного возраста 7–11 лет: 2 группы — 1 группа школьники городской школы г. Кызылорда и 2 — сельской школы

Кызылординской области. Сравниваемые группы по возрастному, половому и социальному составу были однородны. Наряду с изучением физического развития в ходе профилактических осмотров нами были исследованы заболеваемость сколиоз.


Результаты исследования:

Показатели физического развития городских и сельских детей в возрасте 7–11 лет характеризуются следующим. Основные размеры тела (рост, масса тела, окружность грудной клетки) у мальчиков в среднем выше, чем у девочек, за исключением показателей роста девочек 11 летнего возраста. В возрасте 11 лет рост девочек выше, чем у мальчиков этого же возраста как у городских, так и у сельских школьников.

Мальчики



Девочки



Показатели физического развития сельских детей несколько ниже показателей физического развития городских детей во всех исследованных возрастных группах. Разница статистически достоверна. Имеющаяся разница в физическом развитии детей сельской и городской местности, по-видимому обусловлена влиянием на показатели физического развития социальных, биологических, экологических факторов и других факторов. Соматоскопическое исследование осанки сельских и городских школьников выявило нарушения осанки в форме сколиоза у большего числа сельских школьников 6% (9 из 150 обследованных сельских школьников), чем у городских 2.6% (4 из 150 обследованных городских школьников).

Таким образом:

1. Показатели физического развития мальчиков как сельской, так и городской местности выше, чем у девочек, за исключением показателей роста и сельских и городских девочек 11-летнего возраста.

2. Рост девочек 11-летнего возраста был выше, чем у мальчиков этого же возраста. Установленное превышение показателей роста девочек 11-ти летнего возраста над показателями роста мальчиков обусловлено особенностями биологического развития и возрастной динамики роста, связанной с более ранним переходом девочек в предпубертатный период полового созревания.

Литература:

1. Суханова, Н.Н., Котечкина Н.А. Физическое развитие детей и подростков — показатель санитарно-эпидемического благополучия населения // Материалы VIII Всероссийского съезда гигиенистов и санитарных врачей. — М., 1996. — с. 192–194.
2. Аканов, А.А. Состояние здоровья школьников в системе общеобразовательных школ РК // Проблемы социальной медицины и управления здравоохранения. — 1998. — № 10. — с. 118–121.

The formation of moral-spiritual qualities of future teachers in higher pedagogical education

Kerimbaeva Botagoz Talgatovna, associate professor;

Serikbayeva Nurzina Muratovna, first course master of degree for specialty «Pedagogy and psychology»

Khoja Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish university (Turkistan, Kazakhstan)

Nowadays the Kazakhstan is one of the increased risks of loss of spiritual values, the meaning of life, a higher purpose in the world. Young people have distorted ideas about such eternal categories, as mercy, compassion, love, kindness, therefore, it is urgent the problem of development of spiritually-moral qualities of the person [1].

The problem of spiritually-moral qualities of the future teacher's personality is primarily due to the fact that the moral aspect is one of the most important aspects of the

teaching profession. Spiritual-moral foundations of pedagogical activity are its fundamental value and quality. The category of «moral» is associated with the concepts of «spirit», «soul», «inner», «warmth», «morality», «consciousness», «conscience», etc. (N. Berdyaev, P. Florensky, V. Solov'ev, etc.). In dictionaries [2] spirituality is defined as follows:

— detachment from the low-lying, rough sense of interest, desire for internal improvement, the height of the spirit;

- a property of the soul consists in the predominance of spiritual, moral and intellectual interests over the material;
- search, practice, and experience through which the subject carries in himself the transformation necessary to reach the truth, to self-determination;
- activities for self-creation, self-determination, and spiritual growth of a person;

Morality gets in the dictionary the following definitions:

- a set of rules, determine human behavior; human behavior; moral properties;
- the inner, spiritual qualities that guide people's ethical standards; rules of conduct defined by these qualities;
- moral — adjective: mentally applies the truth and the lie; to moral good and evil; agree with conscience, with the laws of truth, human dignity, duty of honest and pure-hearted citizen.

Based on the analysis of dictionaries in the narrow sense under spirituality we mean the internal self-development, the transformation of man. Under the morality -external ethical norms and rules of conduct set forth in internal installations. Imagine a working definition of the notion «spiritual-moral qualities of the personality of the teacher»: the high value characteristics of consciousness, behavior, and communication of the teacher in the process of life, allowing him to realize their inner potential.

The main quality of future teachers in modern conditions is an active social position, and psychological-pedagogical basis for its formation is an organization of spiritually-moral relations students, large educational work among the teachers, and the assertion of spiritual and moral values in schools and universities. Creating student groups in moral and spiritual relations is the most favourable context for decisions facing the school educational objectives.

In the general complex of problems is devoted to the study of psycho-pedagogical conditions of forming of personality of future teacher, need to be further consideration of the issues related to the knowledge of the personal development of the students with moral and spiritual potential. The study of psycho-pedagogical conditions of development of spiritually-moral relations among the students, their learning and transformation of the personality of a future teacher as asserting an active social position, it seems more relevant now.

The term spiritual-moral relations used in the psychological literature recently. Often studies use the concept of moral relations (B. B. Aysmontas, V. Momov, L. I. Ruvinskiy, I. F. Kharlamov, V. A. Yakovlev and others). V. Momov defines moral relations as a public form of expression and regulation of individual actions. According to L. I. Ruvinskiy, moral relations constitute such an education, which on the face of the

fusion of thoughts (and judgments of events), feelings (experiences of a specific nature about them) and the will ambitions (motives to action) as a result of the relationship [3].

The term spiritual relationship is mostly found in the philosophical theoretical studies (A. K. Uledov, etc.). So, A. K. Uledov determines that spiritual relationship through the relationships that develop between people in their joint spiritual activities.

The problem of spirituality and morality has scientific thought is rich in history. She attracted attention since ancient times (Pythagorean, Plato, Aristotle, Socrates, A. Augustine and others).

Psychologists focus their attention on the disclosure of the concept of spirituality and its significant role in a person's life. So, K. A. Abulkhanova spirituality defines a method of personal mental organization, consistent with the principles of humanity, sublimity, and harmony. V. V. Znakov believes that the spiritual realm of the individual cannot be viewed only through the prism of intellectual, mental activity. In his view, the spirituality of the subject can only be understood in the context of culture and the universe.

The current state of reality dictates the necessity of making the content of educational process of the patristic heritage, revival of spiritual and moral principles in psychology and pedagogy.

However, despite attracting the attention of many researchers to the problem of spirituality, not fully disclosed the conditions of formation and development of spiritually-moral qualities of the person.

The analysis showed the presence of the following contradictions in the spiritual and moral relations of youth:

- scientists and politicians have repeatedly declared that economic revival of the country is impossible without spiritual rebirth, however, the media are conducting a massive impact, and focused on aggression, power, leading to high conversion values, obtain material goods in any way, etc.;

- in recent years, many recognized the importance of humanistic paradigm of education (K. A. Abulkhanova, A. G. Asmolov, B. S. Bratus, I. A. Zimnaya, etc.), which is part of the moral and spiritual relations, but in fact in most educational institutions dominated by the authoritarian style of education;

The development of the new pedagogical paradigm of education, asserting the priority of human, humanistic spiritual ideals to the greatest extent exacerbates the problem of spiritually-moral education of pupils. The solution to this problem is the leading role of the teacher: his competence, spirituality, and the level of ethical culture depend on the spiritual world and the moral character of the modern student. This explains the actualization of the problem of formation of spiritual and moral culture for teachers in higher pedagogical education.

References:

1. Mursic A. N., Sergeeva N. N. The organizational model of preparation of students of pedagogical language school to implement cultural and educational activities // Pedagogical education in Russia. 2015. No. 2. With. 99–103.

2. Great psychological dictionary / sost. and the General ed. by B. G. Meshcheryakov, V. P. Zinchenko. SPb.: Praym-2003. 672 p.
3. Mikhaletc I. V. Mechanisms of development of spiritual-moral relations of future teachers // The ideals and reality of culture of the Russian city: Mat. V pract. conf. — Penza, 2004. - P. 107—109.

Он алтыншы жылдың дүрбелеңі, тарихтағы орны

Кипшакбаев Канат Зейноллаевич, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы;

Каденова Гүлзат Сандыбайқызы, аға оқытушы

«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздік алуы, халықтың ұлттық санасының өсіп, өзгеруіне, тарих ғылымының жаңа саяси мәдениетті қалыптастырудағы рөлінің күшеюіне үлкен дәрежеде өз ықпалын тигізді.

Кеңестік тарихнамада қазақ интеллигенциясының 1916 жылғы көтеріліске байланысты ұстанған позициясын баяндау тарихи шындықты ашуды мұрат тұтпай, қалай болғанда да оларды реакциялық бағыт ұстанған күш ретінде көрсетуді көздеді. Шын мәнінде мәселе анағұрлым күрделірек болатын.

1916 жылдың 25 маусымында патша үкіметінің Қазақстанның, Орта Азияның және ішінара Сібірдің жергілікті ер-азаматтарын әскери-тыл жұмыстарына алу туралы жарлық шығарды. Көтерілістің шығуына түрткі болған жағдайда — қазақтан соғысқа солдат алу емес, қара жұмысшы мәселелерінің жай-жапсарын «Қазақ» газеті арқылы демократиялық интеллигенцияның 1914—1915 жылдардан бастап-ақ көтеріліс, қоғамдық пікір қалыптастырып, бұл мәселеге байланысты үкімет орындарының шешімдеріне ықпал жасауға тырысқаны жөнінде зерттеу жұмыстарында айтылмай келеді [1].

Патша үкіметі соғысқа дайындалғанда оған Ресейдің бүкіл халықтарын шақыруды бұрыннан-ақ ойластырған. 1909—1910 жылдардың өзінде жоғарғы әкімшілік арасында бұрын әскер қатарына алынбағандардың бәрін бұл міндетті өтеу жөнінде сөз болған. Оған Түркістан мен Дала өлкесінің бұратана халықтары да кірген. Бұл мәселені жан-жақты ойластыруды Мемлекеттік Дума соғыс министрі Сухомлиновке жүктеді. Ол «1914 жылдың шілдесінде Мемлекеттік Думаға мынадай жауап қайтарды: қазақтар көшпелі халық, көшпелілік пен мемлекеттік бір-біріне үйлеспейтін ұғымдар; қазақтардың мәдениеті төмен, орысша білмейді, жазу танымайды, солдат тамағын тамақсынбайды әскер қызметіне шыдамайды; бұларға қосымша, қазақтар соңғы кезде панисламизм рухында тәрбиеленіп отыр [2]. Панисламизм дегенде бүкіл мұсылман халықтарының бірігуі мүмкін, оларды қаруландырсақ, ол қаруларды өзімізге қарсы бағыттауы мүмкін» деп қауіптенді. Соғыс басталғаннан кейін әскери салық төлеу енгізген. Соғыс барысында бұл саясатты өзгертуге тура келді. Ресей империясының экономикалық жағынан артта қалуының, әскерінің нашар қаруландығының және жөнді

қамтамасыз етілуінен, әскери және мемлекеттік басшыларының надандығынан, сондықтан тың қордалануынан патша әскерлері жеңілістен жеңіліске ұшырай берді. Осы себептерге байланысты «Бұратана халықтарды мемлекеттік қорғаныс жұмыстарына пайдалану тәртібі туралы ереже» қабылданды. Ол бойынша 19 бен 43 жастың арасында «бұратаналық» азаматтар соғыс аймағында қорғаныс құрылыстарын салуға, әскери қатынас жолдарын ұйымдастыру жөніндегі тыл жұмыстарына шақыртылды. Оған қазақ даласынан 400 мыңға жуық ер-азаматтар тартылды [3].

Осының бәрі, қазақ халқының ашу-ызасын тудырды, ұлт-азаттық күресті күшейтті және оның басталуын тездетті. Наразылықтар, ереуілдер көбейді. Алайда, 1916 жылдың шілдесінде жекелеген ереуілдер, толқулар, қозғалыстар өрістеп, бұқаралық сипат алып, нәтижесінде бүкіл қазақ жерін қамтып, ұлт-азаттық қозғалысқа ұласты.

1916 жылдың 25 маусымындағы патша жарлығы тек сылтау, желеу болатын. Көтерілістің басты себебі әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы факторлар еді. Яғни, орталық езгінің күшеюі, жерді тартып алу, салықтар мен алымдардың өсуі, еңбекшілерді қанау, өлкенің қазақ және басқа бұрыннан тұрған жергілікті халықтары жөнінде царизмнің жүргізіп жатқан орыстандыру саясаты, соғысқа байланысты халық бұқарасы жағдайының күрт нашарлап кетуі, міне осыған алып келді [4].

Көтерілісті көбіне қазақ зиялылары басқарды. Мысалы, Ақмола даласында — Сәкен Сейфуллин, Атбасар даласында — Әділбек Майкөтов, Орал облысынан Тоқаш Бокин, Маңғыстауда — Жалау Мыңбаев, Орал облысы мен Бөкей ордасында — Сейтқали Меңдешев, Сырдария облысында — Тұрар Рысқұлов, Торғай облысында — Аманкелді Иманов және басқа азаматтар.

Шілде, тамыз айларында көтеріліс сол кездегі Қазақстанның барлық облыстарын қамтыды. Ол патша өкіметінің орталық және орыстандыру саясатына қарсы, ұлттық және саяси тәуелсіздік үшін жүргізді.

1916 жылғы 25 маусымдағы бұратана халықтарды әскери-тыл жұмыстарына алу туралы патшаның жарлығына «Алаш» басшылары (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов) қарсы шықпуда, оны орындауға шақырды. Бірақ, бұған байланысты мынадай жайтты есте

ұстаған жөн. Бұратана халықтарды әскерге алды екен деген сыбыс бұдан бұрын шыққан. Соған байланысты «Қазақ» газетінде пікірсайыс болған.

Осы талап-тіректерді қазақтар атынан білдіру үшін Дума ашылуына қарсы Ә. Бөкейхановты, А. Байтұрсыновты, Н. Бегімбетовты Петроградқа жіберді. Бұл туралы тарихшы М. Қойгелдиевтің «1916 жылғы көтеріліс және ұлт зиялылары «деген мақаласында көрсеткен [5].

«Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сияқты либерал-демократиялық зиялылар өкілдерінің жетекшілері халықты жарлықты орындауға қарсы шықпауға үгіттеп, оны орындамаған жағдайда қазақтар қантөгіске ұшырауы мүмкін деп санады және осыған байланысты үлкен алаңдаушылық білдірді. Осынау алмағайып кезеңде «Алаш» қайраткерлері халықты аман сақтау үшін қарулы көтеріліске қарсы болып, қазақтарды патша жарлығын орындауға шақырды. Біріншіден, олар Ресейге төнген сыртқы қатердің бодан болып отырған қазақтарға да толық қатысы бар деп санады. Бұдан сырт қалуға болмайды, — деп есептеді. Екіншіден, іс жүзінде қарусыз қазақтардың тұрақты орыс армиясына қарсы бас көтеруін болдырмауға талпынды. Қарусыз халық өкіметінің жазалау шараларының құрбаны болады деп қауіптенді. Үшіншіден, соғыс Ресей үшін соғыс жеңіспен біткен жағдайда қазақтардың хал-күйі жеңілдеп, ұлттық автономия құрылатынына үміт артты. Империямен ақылға қонымды келісім тактикасын ұстанып, халқының аман болуын бірінші кезекке қойған «Алаш» көсемдері тыл жұмыстарына шақыруды кейінге қалдыратырып, тиісті әзірлік жұмыстарын жүргізуді ұсынды. Кө-

теріліс барысында орын алған қанды қырғын, жүздеген мың адамдардың қаза табуы бұлардың қауіптерінің негізсіз еместігін дәлелдеді.

Қазақ зиялылары майдан тылында еңбек еткен қазақ жігіттерінің сөзін сөйлеп, мұңын жоқтады. Ә. Бөкейханов, М. Дулатов т. б. бастаған қазақ зиялылары Минскіде, тағы басқа тыл жұмысына шақырылғандар көптеп шоғырланған қалалар мен елді мекендерде болып, оларға қолдан келген көмектерінің бәрін көрсетті. Олар шақырылғандардың құқықтарын қорғау және олардың майдан өңірі аудандарындағы тұруы мен жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар турғызу жөнінде нақты қадамдар жасады. Ал мұның өзі кеңес заманында көп жылдар бойы айтылып та, жазылып та келген Алашорда 1916 жылғы көтеріліс кезінде ұлттық мүддеге сатқындық жасады деген пікірдің сыңаржақ тұжырым екендігін көрсетті.

Алаш көсемдері көтерілісшілерге де, майданның қара жұмысына шақырылғандарға да ешқандай сатқындық жасаған жоқ. Олар халқының амандағын ойлады. Егер ұлттық зиялылардың радикалды тобы Қазақстанның болашағын революциялық қарулы күреспен байланыстырса, «Алаш» көсемдері оны біртіндеп даму, бейбіт реформа жолымен байланыстырды. Екеуінің де мақсаты еліміздің тәуелсіз ұлттық мемлекеттілігін орнату еді. Бірақ таңдаған жолдары әр түрлі болды.

1916 жылғы көтеріліс жеңіліске ұшыраса да, тарихи маңызы зор болды. Халықтың мұңын, жоғын жоқтаған, елін жерін сүйген Амангелді, Бекболат тәрізді қаһарман, ержүрек батырларды шығарады. Қазақ халқының кім екенін дүние жүзіне таныта білді.

Әдебиет:

1. «Қазақ» газеті, 1916 ж, № 153.
2. Жұмағұлов М. Қыран қазасы қияда. — Алматы, Жазушы, 1980.
3. Қойгелдиев М. 1916 жылғы көтеріліс және ұлт зиялылары // Қазақ тарихы. 1995. — №2.
4. «Қазақ» газеті. — 1916. — №168.
5. Қойгелдиев М. 1916 жылғы көтеріліс және ұлт зиялылары // Қазақ тарихы. — 1995. — №2.

Тамақ өнеркәсіп саласын инновациялық дамытудың ерекшелігі

Маханбетова Ұлмекен Рахметуллаевна, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы;

Ханасия Береке, магистрант

Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Өнеркәсіп саласы ел экономикасының негізгі жетекші саласы, басқа салаларды және қоғамдық өндірісті индустриализациялауда шешуші факторы ретінде қызмет атқарады. Олардың техника-технологиялық деңгейін, ғылыми-техникалық базасының жағдайын және салаішіндегі және салааралық кешендерді анықтайды. Осы негізде өнеркәсіп басқа салалардың өндіріс көлемінің, мемлекеттік бюджеттің және жұмыс күшінің жұмыс бастылық

деңгейінің қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді және ЖҰӨ-не қатысын анықтайды, сол арқылы халықтың өмір сүру деңгейін және сапасын қалыптастырады.

Өнеркәсіп және әсіресе ауыр индустрия экономикадағы кеңейтілген ұдайы өндірістің негізі болып табылады. Ауыр индустрия бүкіл халық шаруашылығында техникалық прогресті қамтамасыз ете отырып, өнеркәсіптік өндірістің, ауыл шаруашылығының, көліктің, байланыстың,

құрылыстың, сауданың барлық салаларын озық технологиялармен қаруландырады. Өнеркәсіпті, ең алдыменен ауыр индустрия салаларын одан әрі дамыту біздің еліміздегі экономикалық әлеуетті қайта өрлетудің және әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуды қамтамасыз ету міндеттерін ойдағыдай шешудің маңызды алғышарттары болып табылады [1].

Еліміздің экономикасында өнеркәсіптің құрылымы күрделі. Өнеркәсіп саласы бірнеше кәсіпорындардан және өндіретін өнімнің түрлері мен технологиялық ерекшеліктерге байланысты бөлінеді.

Өнеркәсіп — ол халық шаруашылығының негізгі құраушысы, нақтырақ тоқталатын болсақ, өнеркәсіп ол қоғамдық тұтыну өнімдерінің бір бөлігіне ие болатын және өндірістің өнімдері пайда болатын фирма, зауыттар, кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдар жиынтығын халық шаруашылығының салаларының бірі. Халық шаруашылығының сасаларында жетекші рөлді өнеркәсіп кәсіпорындары алады.

Соңғы жылдары ғылыми-техникалық үрдіс, әсіресе, машина жасау өндірісінің салалық құрылымына үлкен ықпал етті, бұл электр-энергетика, құралдар жасау секілді салалардың; есептеу техникалары құралдары, компьютерлер өндірісі, күрделі технологиялық процестерді бақылау және реттеу құралдары, роботтар және т. б. ішкі салаларының дамуына қол жеткізді. Металлургия, химия және өнеркәсіптің басқа да салаларының жаңа бөлімдері ашылды. Өнеркәсіптің жаңа саласы — микробиология пайда болды.

Өнеркәсіп өндіретін және өңдейтін болып бөлінеді. Өндіретін өнеркәсіпке рудалық және рудалық емес шикізаттарды өндіру, байытумен байланысты, сондай-ақ теңіз жануарлары, балық аулау, басқа да теңіз өнімдерін өндіру сияқты салалар кіреді. Өңдейтін өнеркәсіпке өндірілген өнеркәсіп өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары, жартылай дайын өнімдер және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін салалар кіреді [2].

Өңдеу өнеркәсібінің саласы: тамақ өнімдерін өндіру, суындарды өндіру, темекі бұйымдарын өндіру, тоқыма бұйымдарын өндіру, киім өндіру, жиһаздан басқа ағаштан және тоздан жасалған бұйымдарды, өндіру; сабаннан және өруге арналған материалдардан, бұйымдар өндіру, қағаз және қағаздан жасалған өнімдерді өндіру, кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру, химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру, өзге де металл емес минералды өнімдер өндіру, металлургия өнеркәсібі және машина жасау.

Қазіргі таңғы кәсіпорындар салық жеңілдіктері бар еркін экономикалық аймақтарда көбірек орналасады. Өнеркәсіптердің теңіз жағалауларына «ығысуы» да көбірек. Осының нәтижесінде кейбір портты аймақтар айналасында шеттен әкелінетін шикізаттарды бастапқы өңдеуден өткізетін өнеркәсіптік кешендердің пайда болуын көреміз.

Тамақ өнеркәсібі бір қатар өзгешеліктерге ие. Оларға азық-түлік тауарларының құрамындағы жоғары сани-

тарлық-гигиеналық және экологиялық талаптары және оларды өндіру технологиясы, дайын өнімнің бірнеше түрін сақтау мен жеткізудің шектеулі мерзімі, тұтынушылардың денсаулығы үшін қауіпсіздік талаптардың жоғарлауы.

Тамақ өнеркәсібінің өзгешелігі азық-түлік нарығының ерекшеліктерімен байланысты. Біріншіден, өнімге деген сұраныс тұрақты болып табылады, бұл тамақ саласы инвестициялар үшін тартымды және қолайлы болып табылады. Екіншіден, көптеген азық-түлік тауарларының түрлері халықтың төлемқабілеттілік деңгейіне тығыз байланысты және де ол жергілікті нарықтарда айтарлықтай ауытқиды. Бұл өндіріліп отырған өнімдерінің түрлерін таңдау және оларды тұтынушыларға жеткізу бойынша көптеген түпкілікті жұмыстарды талап етеді.

Адамзатты азық-түлікпен қамтамасыз ету проблемасы болашақта бастапқы маңызын жоғалтпай, одан сайын өткірленеді. Халық шаруашылығының тағам саласының дамуы бірнеше факторларға байланысты. Бірінші ретте тағам саласы халық шаруашылығының басқа салаларымен тығыз байланысты.

Тағам өнеркәсібі үшін шикізат болып табылатын ауыл шаруашылығы мен технологиялық жабдықтармен қамтамасыз ететін машина жасаумен, тағам өнеркәсібін картон, ағаш, қағаз, фанер және тағы басқалармен қамтамасыз ететін орман және целлюлоза-қағаз өнеркәсібімен полимерлі және шыны таралар, бояулар, лактар химия өнеркәсібімен, металлургия және басқа өнеркәсіптермен.

Тұрақты даму мен тәуелсіздікті сақтап қалуды көздейтін кез келген тәуелсіз мемлекеттің мақсаты — азық-түлік қауіпсіздігі. Әлемдегі дағдарыс тамақ өнеркәсібі нарығында азық-түлікпен қамтамасыз ету сұрағына және осы мәселелерді шешуге мақсатты бағыттайды. Сонымен, барлық елде азық-түлік қауіпсіздігімен қамтамасыз ету мәселесі жылдан жылға өзекті.

Осы элементтер орындалған жағдайда халықтың әл-ауқат жағдайы өседі және экономикалық тәуелсіздік жоғарлайды. Сонымен, азық-түлік өнімдерін өндіретін тамақ өнеркәсіптер өндірісінің бәсекелі және сапалы тиімді дамуы әр елдің әлеуметтік-экономикалық тәуелсіздігіне әкеледі.

Нақты елдегі өмір сүру деңгейі өнімділіктің жоғары деңгейіне қол жеткізген және бұл жоғарылауды жалғастыратын ұлттық компаниялардың қабілеттіліктеріне байланысты. Өнімділіктің ұдайы өсуі экономиканың үздіксіз дамуын талап етеді. Ұлттық компаниялары бар салалардағы өнімнің сапасын арттыру, оған қажетті тұтынушылық қасиеттерді беру, өнімдерді дайындау технологияларын жетілдіру, өндірістің тиімділігін жоғарылату арқылы өндірісігі тұрақты жетілдіріп отыруы тиіс. Олар әдетте, өнімділігі жоғары болатын барлық күрделілендірілген өнеркәсіп сегменттеріндегі бәсекелестік үшін қажетті сапаны дамытуы тиіс. Және, ең ақырында, олар негізінде жаңа күрделі салалардағы бәсекелестікке қабілеттілікті тарқатуы қажет [3].

Сонымен, бәсекеге қабілетті ел болу үшін өндірістің жеке салаларының бәсекелестігін арттыру, сонымен

қатар, өндірістің бәсекеге қабілетті деңгейіне шығу үшін өндірісті жаңарту немесе технологиялық қайта жарақтандыруға ынталандыру керек, басқару қызметінің маңызды бөлігін, жаңа мамандықтар мен кәсіптердің жұмысшы кадрларын даярлау және қайта даярлау, өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрақұрылымдарды дамыту жөніндегі іс-шараларды қалыптастыру және жүзеге асыру қажет.

Мемлекеттің өнеркәсіп саласын кезең кезеңмен дамыту мақсатындағы «Қазақстан Республикасы Президентінің №874 Жарлығына сәйкес 2015–2019 жылдарға

арналған Мемлекеттік индустриалды-инновациялық бағдарламасы» бекітілді.

Түркістан қаласында Индустриалды аймақ бойынша — 40 га жер бөлініп, оған мемлекеттік акт алынып, толық құжаттандырылған. Индустриалды аймаққа инфрақұрылым жүргізуге 847 млн теңге бюджет қаржысы бөлініп, жұмыстар атқарылып, қаржы толық игерілген. Сонымен бірге индустриалды аймағының темір жол түйігін аяқтауға және газ құбырын жүргізу мақсатында жобалық құжаттары әзірленген. Жоба құны — 140,6 млн теңге, салалық басқармалардың қорытындылары алынған [4].

Кесте 1. 2015 жылы Индустриаландыру картасы шеңберінде іске қосылған жобалардың өндірген өнім көлемі

№	Кәсіпорын атауы	Өнім түрі	Жоспары	Өнім көлемі	Өсу, кемуі %
1	«ЖК Қудайбергенов»	жиһаз шығаратын шағын зауыты (әр түрлі жиһаз түрі)	20000 дана	20005 дана	100
2	«Баянды Құрылыс» ЖШС-і	полиэтилен құбырларын шығару цехі	320,7 тн	320,7тн	100
3	«Ак Жол» ЖШС-і	темір-бетон бұйымдарын және көпір балкаларын шығару зауыты	48000 тн	56526 тн	117,7
4	«Мұзды тау» ЖШС-і	сүт өнімдерін қайта өңдеу цехі (бал-мұздақ)	300 тн	300 тн	100
5	СДО «Түркістан» ЖШС-і	тамшылатып суаруға арналған құбырлар шығару цехі	300 тн	300 тн	100
6	ЖК «Имажанов»	шағын тігін фабрикасы (мектеп оқушыларына арналған киімдер)	8432 дана	9798 дана	116
7	«Тұран» ШҚ	тамшылатып суаруға арналған құбырлар шығару цехі	200 тн	200 тн	100
8	«Тұран» ШҚ	өсімдік майын шығару цехі	250 тн	252 тн	100,8
9	«Хываева» ЖК	Шағын тігін фабрикасы	600дана	600дана	100

2015 жылы Индустриаландыру картасына енген жалпы сомасы 1600,0 млн. теңгелік 4 жобаны жүзеге асырылып, соның ішіндегі: «Нұр строй» ЖШС кірпіш шығарумен айналысады, 160 жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп, жоба құны 579,0 млн теңгені құраған. 2015 жылы Индустриаландыру картасы шеңберінде іске қосылған жобалардың өндірген өнім көлемі (Кесте 1).

2015 жылы жалпы сомасы 1800,0 млн. теңгеден асатын кемінде 6 жобаның қаржыландыру жүргізіліп, 283 жұмыс орны ашылды. жобалар: «Мирас Даму ЛТД» ЖШС-нің шыны пластикалық арматурасы жобасы, жоба құны 112,0 млн. теңге, «Стройсервис-ХХІ» ЖШС-нің құрылыс материалдарын шығару жобасы, жоба құны 200,0 млн. теңге, «Тұран» ШҚ-ның сүт өнімдерін қайта өндіру жобасы, жоба құны 139,0 млн. теңге,

«Қазхимпром РЕАГЕНТ» ЖШС-нің ион алмастыру жобасы, жоба құны 5550,0 млн. теңге, ЖК «Grand Miks» кеңсе жиһаздарын өндіру жобасы, жоба құны 200,0 млн. теңге, «Ұл-Жан-Нұр» ЖШС-нің керамикалық кірпіш өнімдерін шығару жобасын, жоба құны 152,0 млн. теңгені құрады.

Сонымен, Қазақстан аймақтарының өнеркәсіп салаларын дамытудың индустриалдық саясаты инновациялық үдерістерді жандандыруға, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуге өнеркәсіптегі жаңа қайта бөліністерді игеруге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті жандандыруға, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жоюға, индустриалдық қызметті ынталандыруға, озық шетел технологиясының нақты трансферті мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге тиімді.

Әдебиет:

1. Очерки модернизации российской промышленности. Поведение фирм Авторский коллектив. — 2014. — с. 210.
2. Божиева Ж.К. Технологическое развитие Казахстана // Аналитик. — 2004. — №3. — С. 44.
3. Портер М. Э. Конкуренция. — М.: Издательский дом «Вильямс», 2005. — с. 602.
4. Оңтүстік Қазақстан облысының шағын және орта кәсіпкерлік динамикасы. Оңтүстік Қазақстан облысының Статистика департаменті, 2010–2015.

Мұнай өнімдері төгілген топырақ құнарлығын қалпына келтіру жолдары

Мустафаева Динара Токболатовна, магистр естественных наук;
 Каражигит Лаззат Абзалбековна, магистр медицины
 «Болашақ» медициналық колледжі, (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазақстан мұнай мен табиғи газға бай елдің бірі. Республика территориясында 202 мұнай және газ кен орындары анықталды. Бастапқы болжам бойынша бұл жердегі мұнайдың қоры 350 млн. тонна болса, газдікі 100 млн. м³. Пайдасы мен бірге мұнай өндірісінің қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсері де аз емес. Қоршаған ортаның ластануы іздеу-барлау және мұнай, газ өндіретін ұңғымалар (скважиналар) құрылысынан басталады.

Жұмыстың мақсаты: Мұнай өнімдерімен ластанған топырақтың құнарлығын қалыпқа келтіру жолдары және мұнай өндірісінің қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерін анықтау.

Мұнай өндіру кезінде мұнай өнімдерінің табиғи ортаға төгілуі апатты жағдайларда болады. Мұнай құрамындағы көп көлемді көмір сутектер және жоғарғы молекулярлық смолалы-асфальтендік заттар жер қыртысына түсіп трансформациялық және гидролизациялық көрініске соқтырады.


Мұнайдың 80 мл/кг-нан төмен дозасы тексерген уақытта дозаға баса өсімдік тұқымдарымен салыстырғанда

айырмашылығы білінбейді. Мұнай өнімдерінің жеңіл түрінің улылығы 150 және 90 мл/кг болғанда өсімдік тұқымдарының өнімі 50 % төмендеген. Ал ауыр түрлерінің (парафин, гидрон, битум) жоғарғы дозасы тек су, ауа бірқалыпты ауысуына ғана әсер етеді. Бірақ топырақ қабаттарын тығыздандырып, цементтендіреді (гидролизациялайды).

Дозаның ұлғаюы жер қабатының түзелмеген немесе өнім бермейтіндей микробиологиялық қасиетін өзгертеді. Мұнай өнімдерімен ластанған топырақтың құнарлығын қалыпқа келтіру жолдарының бірнеше әдістері бар: УЗГ аппараты арқылы, күріш шаласы қолдануымен және цеолит қолдану арқылы.

Құмкөл кен орнының аумағы топырағы тек қана мұнай өнімдерімен ғана емес, цинк, мыс, кадмий және қорғасын сияқты ауыр металдармен де зақымданады. Ал бұлардың барлығы топырақ микрофлорасының өмір тіршілігіне үлкен қауіп төндіреді.

Кесте 1. Қызылорда облысындағы жыл бойы тасталған ластаушы заттардың 2016 жылғы құрылымы



Ғылыми жұмыстың тақырыбына байланысты және қойылған мақсаттарға сай зерттеу жұмыстары жүргізілді. Мұнай өндіруші кен орындарында мұнаймен ластанған топырақтың сынамалары алынып 50x50 см ағаш жәшіктеріне салынды. Одан кейін бірінші кезеңде топырақ бетіне 5 см биіктікте цеолит катализаторы салынды. Сәл уақыттан кейін көмірқышқыл газының бөлінуі байқалды, бұл мұнай өнімімен цеолит катализаторының әрекеттесуінің басы болды. Зерттеулер бойынша цеолит катализаторының мұнаймен ластанған топырақтардың тазаруына тигізетін әсері мол. Мұнай өнімдерімен ластанған топырақтардың цеолит катализаторын қолдану барысында 80 пайызы тазарады.

Екінші кезеңімізде цеолит катализаторымен тазартылған топыраққа өсімдіктердің дәндерін егіп, мәдени

өсімдіктердің сонын ішінде асқабақ, қияр, қауын және үрмебұршақ тұқымдары алынды.

Топырақ құнарлығының қалыпқа келуін біз келесі жолмен қарастырып көрдік. Бір жәшікке мұнай өнімдерімен ластанған топырақты салып, екіншісіне мұнай өнімдерімен ластанған топырақты және цеолит катализаторын қостық. Сол жәшіктерге қияр, қауын, асқабақ, үрмебұршақ тұқымдарын отырғызып, 7–10 күн өткен соң цеолитпен өндеген топырақта өскіндер көрінді. Біз алдын-ала осы аталған өсімдіктердің тұқымдарын Петри ыдыстарында 24–26° С өндеп алдық. Әр ыдыста 10 тұқымнан болды. Ең жоғарғы өсу энергиясын және өскінділігін үрмебұршақ, қияр, қауын көрсетті. Ал асқабақ тұқымдары сәл төмендеу өсу энергиясын көрсетті.

Кесте 2. Қияр, қауын, асқабақ және үрмебұршақ дақылдарының өсу энергиясы

№	Дақыл	Өскін саны	Өсу күні
1	Ұрмебұршақ	6	7
2	Қияр	5	8
3	Қауын	5	9
4	Асқабақ	4	10

Зерттеу жұмыстарымыздың келесі кезені мұнай өнімдерімен ластанған топырақ және цеолит катализаторымен өңделген топыраққа тұқымдарды отырғызу. Эксперимент барысында біз келесі қубылыстарды байқадық: мұнай өнімдерімен ластанған топыраққа отырызылған өскіндер өнім бермеді, себебі мұнай топырақ бетін жауып өскін өсуге отегін жібермеді. Ал цеолит өңделген топыраққа отырызылған өскіндер өнім берді, бұл келесі кестеде байқалады:

Кесте 3. Түрлі топыраққа отырғызылған тұқымдардың өсу саны

№	Варианттар	Өскін саны	
		Бірінші күнде	Оныншы күнде
1	Мұнай өнімдерімен ластанған топырақ	10	0
2	Цеолит қосылған ластанған топырақ	10	9

Қазіргі кезде кейбір кен орындары мұнай өнімдерімен былғанған осындай аймақтарды мұнай қалдықтарынан тазалау жұмысын тезірек жүргізу керек. Тазалаудың қазіргі пайдаланып жүрген түрлері: жер бетін культивизациялау, қатты зақымданған жерлерді механикалық жолмен немесе топырақтағы мұнай өнімін бактериямен жаттықтыру. Ал

экологиялық жағынан мұнай төгілген жерді өртеу тиімсіз жол.

Қорыта келе мұнай өнімдерімен ластанған топырақты цеолитпен өңдеу барысында топырақ құнарлығы өскін санын байқап қалпына келді деп айтуға болады. Цеолиттік технология қарапайым және арзан әдістердің бірі.

Әдебиет:

1. Асанбаев И. Қ., Кокажаева А. Б., Ахметова Қ. Қ. Нефтегазовое загрязнение почв Прикаспия и Мангышлака // Материалы международной научной конференций «Нефтегазоносность Казахстана», 2001. — с. 86—87.
2. Фаизов Қ. Ш., Асанбаев И. Қ., Кокажаева А. Б., Ахметова Қ. Қ. Экологические функций почв и современное состояние почвенного покрова Казахстана // Изв. министерства образования и науки РК национальной Академии наук РК. Серия биол. и медиц. — 2002. № 3. — с. 11—15.
3. Кокажаева А. Б. Физико-химические свойства нефтезагрязненных почв Озен-Жетібайского месторождения // Материалы IV международной научной конференции молодых ученых и студентов «Актуальные вопросы современной биологии», 2006. — с. 56.

Матуридилік — Абай дүниетанымының негізі

Мырзабеков Муратбек Мырзабекович, философия ғылымдарының кандидаты;

Өтеген Бердуәлі, магистрант

Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Абай Құнанбайұлы — қазақтың біртуар ойшыл-ақыны, Азаманынан озып туған ойшыл, қазақтың қамы үшін толғанумен өткен халық жанашыры. Оның діни-философиялық тұжырымдары бүгінгі таңда елімізде қалыптасқан дінимәселелерге жауап табуға септеседі. Өйткені Абай — қазақ халқы санасында өшпестей орын алған дара тұлға. Абайдың діни түсініктері сол кезеңдегі қазақ халқының діни түсінігі қандай болғандығынан хабар береді. Абайдың

дін түсінігін тереңірек қарастыратын болсақ Матуридилік түсінікпен астарласып, сабақтастық жолымен қалыптанғаны байқалады.

Имам Матуриди қалыптастырған сенімдік — ақидалық мектеп сол кезеңдегі және бүгінгі мұсылмандардың ұстанатын Ашғарилікпен бірге сүннет жамағатын құрайды. Имам Матуриди исламның фикһтық жағын құрайтын Ханафилікпен астарласып тарих бой-

ында қатар дамыған. Былайша айтқанда фикһта Ханафи болған бір мұсылман ақидада Матуридилікті ұстанатын болған [1]. Себебі ханафилік пен матуридиліктің ақылды діни ілімдерде басты қайнар көз ретінде қабылдаулары олардың арасындағы мұндай жақын қарым-қатынас орнатуларына мүмкіндік берді. Түркі халықтары тарих бойында фикһта ханафилік, ал ақидада матуридилік мазхабын ұстанып, ал түркі халықтарының діни түсінігінің тағы бір құрамдас бөлігі сопылық бағыт болып, онда Ахмет Ясауидің қалыптастырған сопылық мектебі Ясауия тариқаты болған [2]. XIX ғасыр қазақ діни ағартушыларының туындыларында сопылық сарынға ие екендігі даусыз. Себебі, Ясауи ілімі мен мәдениеті қазақ дәстүрінде, ой-танымында, діни философиясында ғасырлар бойы өзінің маңызын сақтап келген. Бірақ, қазақ зиялыларындағы сопылық сарын ханафилік-матуридилік іліммен үнемі үндестік ішінде дамыған. Олай дейтін себебіміз Абайдың өлеңдері мен Қара сөздерінде сопылық жағы басым тақырыптар орын алғанымен Алланың мәні, оның сипаттары, адам тағдыры мен қалауы сияқты қаламдық мәселелерде ортағасырлық матуридилік ғұламалары аталмағанымен матуриди ілімі аясында тұжырым жасайды [3]. Осылайша бұл қазақ халқының тарих бойында өзінің ұлттық сипатын жоғалтпауына мүмкіндік берді. Бұған соңғы жылдары елімізде жасалып жатқан зерттеулер дәлел бола алады.

Матуридилік ой түсінігі қазақ дүниетанымымен астарласып, біте қайнасқан. Алайда қазіргі кезде Қазақстанда қалыптасқан діни жағдайды реттеу үшін, қоғамымызда орын алып жатқан «қазақстанды исламдандырушыларға», қазақтар енді ғана мұсылман болып жатпағандығына жауап беру үшін өткен дәуір ғұламаларының еңбектеріне бет бұрып, оның матуридилік — ясауилік түсінікпен негіздері бір екендігін ғылыми тұрғыдан зерттеу маңызды болып отыр. Осы тұрғыдан қазақтың бас ақыны Абайдың шығармашылығы дәстүрлі дінімізді түсінуде, сонымен қатар Абайдың діни ой — пікірлеріне үңілуге мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз Абайдың тек ақын, ойшыл ғана емес, сол кезеңнің дін ғұламасы деп атауымызға әбден болады.

Абайдың матуридилікпен негіздері бір екендігін өзінің қара сөздері мен өлеңдерінде жырлап өтеді. Матуридилік мазхабы Ашғари мазхабынан көптеген айырмашылығы бар. Осы айырмашылықтар арқылы біз Абай сияқты басқа да қазақ ойшылдарын матуриди мазхабын ұстанғандарын анықтай аламыз. Абайдың негізгі ақидаға қатысты ойларын 38 қара сөзінен анық байқалады. Оның негізгі қарастырған мәселелері Алланың сипаттары мәселесі, иман мен амал арақатынасы, ақиқатты танудағы ақылдың маңызы сияқты тақырыптарды қамтыған.

Имам Матуриди ақиқатты тану барысында ақылды шектен аса қолданбай, өз орнында лайықты қолдана білді. Ақыл ғибратына қатысты Матуриди ақидасында Имам Ашғаримен келіспейтін бір пікірі адам ақылмен Алланың жаратқан жақсы мен жаманды танып біле

алады деген тұжырым бар. Ашғарилер бұл пікір тұрғысында бір нәрсенің жақсы не жаман екенін ақыл ажырата алмайды, оны тек Алланың әмірі мен тыйымдары арқылы ғана білуге болады деген ой айтты. Мұның бәрі кейінгі уақытта Құранда айтылғандармен ғана шектелу, одан өзгенің бәрін бидғатқа шығару, Құран аяттарын тек сыртқы мағынасымен түсіну, оларға ақылмен түсініктеме жасауға қарсы болу, ақылдың үкім шығару барысындағы маңызын жоққа шығару сияқты бүгінгі күнде де орын алып отырған сәләфилікке негіз болған буквализм көріністерін дүниеге келтірді. Қазақ ойшылдарының барлығы дерлік ақылдың орнын жоғары қойған. Абай да көзсіз соқыр сенімге бет ұрмай ақылды қолдана отырып рационалды ойлануға баса маңыз береді. Жалпы тек Абай ғана емес қазақтың бүкіл дүниетанымы рационалды түсінікке құрылған. Абай шығармашылығын терең қарастырмай-ақ оның ақыл жүгіртуге шақырған көптеген өлеңдерінде көруге болады:

Ақыл сенбей сенбеңіз,

Бір іске кез келсеңіз.

Сөз мәнісін білсеңіз,

Ақыл — мизан, өлшеу қыл [4, 21–22].

Абай ақылдың, ілім-білімнің маңызы жайында: «Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды» (10-сөз), — дейді. «Ғылым — Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр» (38-сөз). «Ғылымның бір аты — ақыл» (сонда). Қысқасы, ғылым (ақыл-ес) — Жаратушының адамға дүниені тануы үшін дарытқан құралы. Дін ғылымсыз, өлі догматқа айналса — салдары ауыр. Осы жәйтті Абай «бүкіл шығыстың сол заманға шейін кенже қалуына себеп болған кесел-кедергінің бірі деп танып, онымен бірде-бір адым баспайды. Аулақ серпеді» [5]. Құран Кәрімде намаз, зікір туралы 77 аят болса, ал ғылым-білімге қатысты аят саны 770 жетуі көп жайды аңғартады. Ойшылдың әрқашанда ғылымды азық қылуға үндейтіні сол. Матуриди де ақылдың маңызын жоғары қоятындығы да осы себептен болса керек.

Құдайлық сипаттар мәселесінде Матуриди зати және субути сипаттар деп бөліп, тек Аллаға ғана лайық, одан басқа жаратылғандарға сай келмейтін сипаттар зати, ал Алланың жаратылғандарда бар болуы мүмкін сипаттар субути сипаттар деп аталады. Алайда бұл сипаттар жаратылғандарда Алла сияқты кемел бола алмайды. Негізінде Мүтазила мазхабының Матуридилер мен Ашғарилерге қарсылығы осы сипаттар мәселесінде болды. Олар Алланың сипаттары затының ішінде. Олар одан басқа бір сипат ретінде бола алмайды деп, субути сипаттарға қарсы шыққан. Алайда матуридилер адамдардың Алланы танулары үшін субути сипаттар мәселесін көтерген. Бұл туралы Абай: «Ол — Алла тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж, жоғарғы жазылмыш сипаттар бірлән тағрифлап танымаққа керек. Егерде ол сипаттар бірлән тағрифламасақ бізге мағрифат улла қиын болады. Біз Алланы өзінің білінгені қадар ғана

білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хақим ақыл еріштіре алмайды. Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулі мен өлшеусізді білуге болмайды» (38 қара сөз) — деп сипаттар мәселесі өте терең мәселе екендігін айтады.

Матуридилер мен Ашғарилердің сипаттар мәселесіндегі келіспеушілігі тәкуин сипатына қатысты болды. Матуридилер тәкуин, яғни жарату сипатын жеке қарастырса, ашғарилер оның жеке сипат емес екендігін, құдірет пен ирада (қалау) сипаттарының ішіне кіргізеді. Абай осы мәселеде матуриди жолында екендігін анық аңғартады: «Оның үшін Алла тағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәмиғ, Ирада, Қалам, Тәкин» (38 қара сөз), — деп сегіз сипатын атап көрсеткен. Алла тағаланың сипаттарын алты Зати, сегіз Субути деп классификациялау сүнниттік исламның Матуриди мектебіне ғана тән. Бір өлеңінде Абай былай деген:

«Мекен берген, халық қылған Ол — Лә мекан,

Түп иесін көксемей бола ма екен?

Және оған қайтпақсың Оны ойламай,

Басқа мақсат ақылға тола ма екен?!» [4,67].

Абайдың осы өлеңіндегі Алланы танудағы бүкіл Ислам әлеміндегі ғалымдардың бір ауыздан қабыл еткен негізгі доктринасы (Матуриди мен Ашғаридан тұратын «Әһлу сунна уәл-жамағат») — сүнниттік сенім бойынша Алланың мекенсіз болмысын меңзейді.

Абайдың «Ла Мекан» мекені жоқ, мекенсіз, — деген сөзді қолдануы Имам Матуриди ақидасын жақсы меңгергендігін білдірсе керек. Ислам ақидасындағы ұстаным бойынша: Алла кеңістікті, мекенді жаратпастан бұрын бар болған. Мекенді жаратқаннан кейін де дәл сол қалпында. Алла бір хәлден екінші түрге өзгермейді. Яғни, ежелден мекенсіз бар Алла кеңістікті жаратқаннан кейін, сол кеңістікті мекендеп өзгеріске ұшырауы мүмкін емес. Өйткені өзгеру Аллаға тән сипат емес. Ол жаратылысқа тән сипат. Алла мекенді жаратқанмен Алла оған мұқтаж да болған емес. Мекенге мұқтаждық жаратылыстың сипаты.

Мұқтаждық пен өзгеру — әлсіздіктің белгісі. Ал, әлсіздік құдіретті Аллаға лайық сипат емес.

Имам Матуриди Исламды дұрыс түсіндіру үшін ақыл-ойға жүгіну керектігін айтты. Ол діни мәтіндер Құран мен хадистерді тек тура мағынасында қолдануды ыңғайлы санайтын кейбір ислам құқықшылары мен хадисшілерге қарсы шықты. Олардың «Ақылдың жаңылуы мүмкін, сондықтан нақылды тек сөзбе-сөз түсіну керек» деген пікірлеріне Имам Матуриди «Китабут-Таухид» кітабында: «Ақылды қолдануды қабылдамау шайтанның қауіпті тұзақтарының бірі. Ақылды қолдануға қарсы келушілердің өздері ұстанымдарын қолдайтын ақылдан басқа еш дәлел келтіре алмайды (олар осы сөздерінің өзінде ақылды пайдаланып отыр). Мұның өзі оларға ақылмен ойлаудың аса зәрулігін мойындатуға жеткілікті. Олар қалайша ақылға салып ойлауды жоққа шығарады? Алла тағала құлдарын ойлауға шақырады, оларға ой топшылау мен ақыл ізденісін жасауды бұйырады, сол арқылы ғибрат пен үгіт-насихат алудың қажеттілігін көрсетеді. Асылында ой-пікір мен ақылға салу ғылымның қайнаркөздерінің бірі екендігін дәлелдейді» [6] деп қисынды тұжырымдарын алға тартады.

Қорыта айтқанда, Ислам ғылымдарының ең бір қиын да, күрделі саласы қалам, ақидаға жататын мәселені Абайдың өлеңге қосып жырлауы, сол кезеңдегі қазақ халқының діни сауаттылығының едәуір жоғары дәрежеде болғанына дәлел етеді. Мұның қазақ халқы Ислам дініндегі тұрмыстық қағидаттарды ұстану ғана емес, ақидадағы күрделі мәселелерді дұрыс түсіну талабынан туындағаны анықталады. Абай адам баласының бұл дүниедегі орны, тіршілік мәні мен мақсаты туралы философиялық түсініктерін, ойларын қара сөздерінде жан-жақты дамытты. Өмір, дүние-тіршілік, қоғам мен адам, адам мен билік, адам мен Алла арасындағы қарым-қатынастар, Жаратушы заңдары, дін ғылымдары туралы ғұламаның пікірі, тұжырымдары ақиқатқа негізделгендіктен, әркез қажет тұжырымдар болып қала бермек.

Әдебиет:

1. Şaban Ali Düzgün, Kelam el kitabı. — Ankara, 2012. — 162 б.
2. Досай Кенжетай: Абай мұрасы — Матуриди салған даңғыл жол // <http://www.maturidi.kz/index.php/ru/ma-alalar/tarikh-zh-ne-t-l-a/item/803-abaj-m-rasy-maturidi-sal-an-da-yl-zhol>
3. Мырзабеков М. Матуридилік ілімінің қазақ ойшылдарына әсері // Адам әлемі. — 2014. — № 3 (61). — 9—17 бб.
4. Абай Құнанбайұлы. «Жетінші сөз» сериясы. Өлеңдер. Поэмалар. Аудармалар. Қара сөздер. — Алматы: Мектеп, 2003.
5. М. Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы. — 27-том: мақалалар, зерттеулер, пьеса, 1943—1946, «дәуір», «жібек жолы». — Алматы, 2014,
6. Ebu Mansurel-Matüridi, Kitabut-Tevhidaçıklamalı tercüme, Bekir Topalioğlu, Isam Yayınları. — Istanbul, 2005.

Ортағасырлық ислам теологиясының негізгі проблемалары

Мырзабеков Муратбек Мырзабекович, философия ғылымдарының кандидаты, Ахмет Ясауи атындағы ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан, Қазақстан)

ҮІІ ғасырда Араб түбегінде пайда болған ислам діні өзінің діни сенімдік негіздерін Құран мен Мұхаммед пайғамбар хадистерінен алатындығы белгілі. Бірақ осы Құран аяттары мен хадистерге түсініктеме жасауға, хадистердің кейінгі дәуірге жеткізілу жолдары мен деңгейлеріне байланысты исламдық діни сенім аясында әр алуан түсініктемелер мен тұжырымдамалар дүниеге келді. Бұған тарих бойындағы оқиғалар мен исламның өзге халықтар арасына таралу уақыты мен кеңістігін де ескерер болсақ, исламдық ой-санада әр түрлі идеялар мен көзқарастардың туындауы табиғи құбылыс. Бұл кейінгі дәуірдегі қалам ілімінің қалыптасуына жол ашты. Қалам ілімінің одан ары өріс алуында ҮІІІ-ІХ ғасырларда ислам ойлау жүйесіне грек философиясы енуінің де ықпалы зор екендігін атап өткен жөн. Грек философиясының ислам әлеміне, оның ішінде қалам іліміне енуінде мұсылман философтары мен Мутазила мектебі өкілдері мұрындық болғандығы белгілі. Өзге дін өкілдері мен ойшылдарының исламға айтқан уәждері мен сұрақтарына қасиетті жазба аясында ғана ой жүгірткен, саналық, логикалық тәсілдерді пайдаланудан тартыншақтаған алғашқы мұсылман құқықшылары мен хадисшілердің (ортағасырлық салафилер) жауаптары мардымсыз әрі қанағаттанарлықсыз болды. Сондықтан, исламдық сенімнің үстемдігін паш ету жолында мутазилиттер грек философиясының әдіс-тәсілдерін молынан пайдаланды. Міне, осындай факторлармен ислам тарихының кезеңдерінде дамытылған ислам теологиясы бірнеше белестерді басынан кешірді және осы белестер кезінде бірнеше проблемаларға тап болып отырды.

Ортағасырлық теологиялық тартыстарға арқау болған алғашқы проблемалардың бірі — үлкен күнә мәселесі. Бұл проблеманың күн тәртібіне қойылуына басты себеп — «Жамал», «Сыффын» шайқасында мұсылманның мұсылманды өлтіруі. Теологтар мұсылманды өлтірген адам үлкен күнә істеді, сондықтан, олар тозаққа бара ма, яғни мұсылмандықтан шыға ма? — деген сұрақ төңірегінде өз ойларын айтты. Харижиттер бұл сұраққа кесінді түрде «мұсылман емес, үлкен күнә істеген адам міндетті түрде тозаққа барады» деп жауап берсе, муржиттер либерал, бейтарап жауап берді [1: s. 144.].

Үлкен күнә мәселесімен байланысты түрде, осы проблеманың табиғи жалғасы ретінде мұсылмандардың теологиялық тартысқа түсуіне себепкер болған келесі мәселе — адамның қалауы мен еркіндігі, тағдыр мәселесі. Осы проблема төңірегінде өз пікірін білдірген алғашқы мұсылман теологтары ретінде Мабад әл-Джухани, Ғайлан Димашки жатады. Бұларды негізінен «қадарилер» деп атасақ та болады. Қадарилер адамның өз қалау-еркі өзінде, адамның іс-әрекетінде құдайлық тағдырдың ешбір

қатысы жоқ деп тағдыр жайындағы Құран аяттарына тауил жасауға тырысты. Олардың мұндай ұстанымға баруына итермелеген себеп билік басындағы Омайядтардың жабрилік сенімді қолдауы болатын. Себебі, барлық нәрсе құдайдың жазмышымен, белгілеуімен болады, мұнда адамдық қалаудың ешбір рөлі жоқ деген жабршылдық көзқарас Омайяд билеушілерінің елді билеу, қанау, отарлау, қалағанын жасау саясатына өте лайықты болды. Сондықтан, қадаршылдық көзқарас билік басындағыларға ұнамады. Елді билікке қарсы шығуға үгіттеген Мабад пен Ғайлан Омайяд халифалары Абдулмалик пен Хишам әмірлерімен өлім жазасына кесілді [2: с. 57—58].

Сунниттік ғұламалар қалау еркіндігін жақтаушылар мен жоққа шығарушыларға қарсы қадарилік пен жабрилік сенімнің түп тамырында грек немесе христиан философиясының жатқандығын дәлелдеп, үнемі сынға алды. Христиандықтан қуат алған қадарилік сенімнің ислам ойлау жүйесінің кейінгі дәуірлерінде өркен жайған Мутазила мектебі арқылы жалғасын тапқандығы анық. Қадарилік сенімнің таралуына Омайядтар қатаң тиым салса, одан кейін тарих сахнасына шыққан Аббаси халифасы — Мамун Мутазилиттерді мемлекеттік деңгейде қолдады.

Кең тараған мәліметтерге қарағанда мутазила мектебінің құрушысы ислам құқығы, аскеттік және теологиялық догма тарихындағы шоқтығы биік тұлға — Хасан Басридің шәкірті Уасыл бин Ата болатын. Уасылдың ұстазымен болған пікірталаста Харижиттердің кесінді түрде ортаға тастаған ойлары «үлкен күнә істеген мұсылманды шарият тұрғысында діннен шығуы немесе шықпауы» жөнінде өрбіген. Сонда Уасыл әлгі адамның күпір мен иман арасындағы орында екендігін қуаттап, Хасан Басри мектебінен бөлініп өз алқасын құрды. Бұл алқа ислам теологиясындағы Мутазила мектебінің бастауы болатын [2: с. 55].

Уасылдың мутазилалық доктринаның негізін құраған басқа да негізгі мәселелер жөніндегі көзқарастары жайлы мәліметтер аз. Алайда, адамның қалауы өзінде, онда құдайлық қалаудың қатысы жоқ деп қуаттаған Мутазила мен бүкіл адам әрекеті, қалауы мен тағдыры құдайдың құдіретпен, қалаумен байланысты екендігін жақтаған жабршылдық идеяның жақтаушысы Жахм бин Сафуан арасында тағдыр, адам қалауы сияқты тақырыптар бойынша идеялық қайшылық болғанымен кейбір теологиялық тақырыптар жөнінде бір пікірді қолдағанын атап өткен жөн: «Құранның жаратылуы» (Халку-л-Құран) сияқты кейбір теологиялық тақырыптарда Жахм мен Мутазиланың бір көзқарасты қуаттағандығы [3: s. 175—176] назар аударарлық дүние. Сонымен қатар, Мутазила

ілімінің темір қазығы болып табылатын мәселе — Алланың сипаттары оның затымен бірге екендігін Жахм да насихаттаған.

Жахм бір жағынан қалау еркіндігін жоққа шығарса, келесі жағынан соңында жұмақ пен тозақтың ішіндегілерімен бірге жоқ болатынына сенді. Бұл көзқарас Мутазилииттердің жұмақ пен тозақ мәңгілік марапат пен мәңгілік жазадан тұратынын қуаттайтын сеніміне түбегейлі қайшы. Аталған көзқарасты ұсынған кезде, Жахмның бұл ойына Алланың «алғашқы және соңғы» екендігі мен соңында «оның жүзінен» басқа барлығының жоқ болатынын баяндаған Құран аяттары [4: s. 129–130] арқау болса керек. Аталған екі жүйелі түрдегі теологиялық мектептің құрушысы — Жахм мен Ұасылдың арасында осындай ұқсастықтар мен айырмашылықтар болғанымен олардың ілімдері VIII ғасырдағы шешімі қиын теологиялық проблемалардың көтерілуінде маңызды рөлді ойнағандығы жағынан орны бөлек.

Ислам теологиясының зерттеушілері Мутазила философиясы «құдайлық әділет» пен «таухид» аясында қалыптасқандығын қуаттайды. Мутазилииттер өздерін осы категориялардың шынайы жаршысы ретінде санады. Басқа мәселелер жайында өзіндік пікір білдіргендігін білсек те олардың көпшілігі екі негізгі идеяға, әділдік пен таухидке көп екіпін бергенін атап өткеніміз дұрыс. IX ғасырдағы Мутазилиит ғалымдары ірі өкілінің бірі Қаді Абд әл-Жаббар Мутазили «Усулу әл-Хамса атты шығармасында шынайы мутазила сенімінің бес принципі бар: «әділдік» пен «таухид», «уад» пен «уаид», «әл-манзила байнал-манзилатайн» және «әмру би-л-маруф уа нахи ани-л-мункар» [2: с. 50]. Осы бес принциптің соңғы үшеуі мутазилииттердің Алланың абсолюттік әділдігі жайындағы ілімінің логикалық нәтижесі екендігі байқалады.

Құранның жаратылғандығы, құдайлық сипаттар затының ішінде екендігі сияқты тақырыптарда Жахм іліміне қолдау көрсеткенімен Мутазилииттер жазмыш құдайдың белгілеуімен жүзеге асады деген Жахм пікіріне қарсы шыққандығы жоғарыда баяндалып өтті және бұл қарсылық олардың Алланың әділдігін дәріптеу принципімен байланысты. Алғашқы мұсылман теологтары Алланың әділ екендігін бір ауыздан мақұлдады. Алайда олар Алланың әділеті мен дүниеде орын алған әділетсіздікті үндестіру жолында айтарлықтай жетістікке жете алмаған болатын. Сондықтан, Ұасылдан бастап бұл проблема Мутазила мен қарсыластарының айналысқан маңызды мәселеге айналды. Құдайлық әділет адамдардың қолынан туындаған жамандықпен ешқандай байланысы жоқ деп түсіндірілді Мутазила ілімінде. Өйткені, дүниедегі әділетсіздік — адамның қалауына байланысты. Осы себепке байланысты адам — өзіс-әрекетінің жаратушысы, оған құдайдың ешбір қатысы жоқ деп түсініктеме жасалды Мутазила ілімінде.

Исламның кейінгі дәуірлерінде Мутазилииттердің назары теологиялық-метафизикалық мәселелерге ауа бастады. Олар бастапқыда өздерін «әһлу-л-адл» (Әділдік иесі) деп атап, Алладан жамандықтың (шарп)

туындамайтынын, сауаптың адам әрекетіне байланысты екендігін қуаттаса, кейінірек өздерін «әһлу-т-таухид» (Құдайдың бірлігін насихаттаушылар) деп атап, Алланың сипаттары мен болмысы жайындағы тақырыптарды зерделей бастады. Осы зерделеуде қолданған әдістері жағынан мутазилиит ғалымдарының антикалық логиканың ықпалында қалғандығы байқалады. X ғасырдың алғашқы жартысында Мутазила мектебіндегі таухид мәселесі өзге проблемаларға қарағанда алдыңғы қатарға шыға бастады, ал Алланың әрбір әрекетте көрініс тапқан «Адлу илаһи» (Құдайлық әділдік) мәселесі екінші дәрежеге түсіп қалды.

Дәстүрлі исламдық көзқарасқа қайшы түрде Мутазилииттер құдайлық сипаттарды теріске шығаруға немесе олардың құдайлық субстанцияның (зат) өзінде жатқандығын дәлелдеуге тырысты. Мысалы бір мутазилиит каламшының «Алла ілімімен біледі және ілімі оның Заты болып табылады» деген көзқарасы осыны айғақтайды.

Құдайлық сипаттардың бірі болып табылатын «калам» әуелден бері бар (азали) сипат ретінде алғашқы ислам теологтары тарапынан дәріптеліп келсе, бұл Мұхаммед пайғамбарға уахи етілген, сондай-ақ, «қадим» екендігі қуатталған Құран мен христиан теологиясындағы «логос» арасында ұқсастыққа алып барады деп түсіндірілді мутазилииттік ортада. Сондықтан, исламды христиан теологиясынан қашық ұстау мақсатында Мутазилииттер Құранды «қадим» деп табуды «ширк», құдайдың бірлігіне (таухид) қайшы деп есептеп теріске шығарды және кейбір халифалар мутазилииттерге еліктеп, Құранның «махлук» екендігін ресми түрде жариялады, осы идеяны қабылдамағандарға қатаң жаза қолданды.

Мутазилииттік іліммен терең сусындаған Ашари 40 жасынан кейін мутазилииттерге қарсы шығып, дәстүрлі теологтар ілімін жақтады, бірақ, діни ақиқатты ақиқатты дәлелдеу жолында Ахмет бин Ханбалдың жолын, оның негізгі идеясын қолдағанмен, ортағасырлық салафилер принциптерін толықтай берік ұстамады. Қасиетті жазбалардың ұсынған сенімді қуаттап, ақиқаттығын дәлелдеуге тырысқан кезде, ол ортағасырлық Салафилер ұстанымына қайшы түрде ақылға, мутазила тәсілдеріне де ден қойды.

Ашариттер түйіні шешілмеген тақырыптарды шешуде өзіне дейінгі теологиялық мектептердің ілімдерін пайдалана отырып, үйлесімді, тиімді жауабын тапты. Мысалы, Мутазила мектебі мен Жахм Алланың сөзі болып табылатын Құранның жаратылғандығын қуаттаса, ортағасырлық Салафилер керісінше, оның жаратылмағандығын алға тартты. Мутазила мен ортағасырлық Салафия Алланың сөзі болып табылатын Құранды құрайтын әріп, сөз және сөйлем сияқты бөліктерді бір-бірінен ажыратып қарамаған. Мутазила мен ортағасырлық Салафия көп тартысқан осы жұмбақтың шешімі құдайдың сөзі деген мән мен Құранның белгілі бір уақытта ортаға шыққан сөздік құрылымын бір-бірінен ара жігін ашуда жатыр. Осы жағынан ашариттік ілім бойынша Алланың сипаты болып табылатын «калам» (құдайдың сөзі, Құранның ішкі мәні) жаратылмаған, ал адамдарды негізгі құдайлық сөзге жөн сілтейтін Құранның

сілтемелері мен айтылулары жаратылған [5: с. 59]. Матуридилердің пікірі бойынша амал иманмен бір бүтін бола алмайды, сондай-ақ, иман артпайды да кемімейді, ол — құлдың Аллаға берген кесінді сөзі және анты. Матуридилер адам әрекетінде қалау еркіндігін қолдауы жағынан Ашариттерден ерекшеленеді. Матуридилердің пікірі бойынша адамның бір әрекетті жүзеге асыруға шешім қабылдауы «қулли ирадасын» «жузи ирадаға» айналдырады және Ашариттерге қайшы түрде жузи ирада құдай тарапынан жаратылмайды. Бірақ адам

таңдауының әрекетке ықпалы қулли ираданы, жузи ирадаға айналдырумен қана шектеледі, ал әрекетті жаратушы — Алланың өзі, ал адам тек әрекетке ғана қол жеткізе алады (қасб). Матуридилердің пікірі бойынша үлкен күнә істеген адам имандылықтан шықпайды, ал тәубеге келсе, құдайдың кешіріміне ие болары хақ [6: с. 171–174].

Матуриди мектебі кейінгі замандарда Хаким Самарқанди, Мухаммад Паздауи, Әбу-л-Муин Насафи, Бурхануддин Насафи, Омар Насафи, Нураддин Сабунни т. б. тәрізді ғұламалар арқылы дамытылды.

Әдебиет:

1. Fazlur Rahman İslâm. — Ankara: Ankara okulu, 2000. — 368 s
2. Мотахари М. Философия и калам. — Алматы: Үш қиян, 2004. — 128 с.
3. Arslan H., Bozkurt M. SistematiK Kelâm. — Malatya: Medipres Matbaacılık, 2012. — 455 s.
4. Ebu Zehra M. İslâm»da Siyasi, İtikadi ve Fıkhi Mezhepler Tarihi. — İstanbul: Hisar yay. Tarihsiz. — 608 s.
5. Вольф М. Н. Средневековая арабская философия: ашаритский калам. — Новосибирск, 2008. — 153 с.
6. Arslan H. Kelam tarihi ve ekolleri. — Malaya, 2012. — 199 s.

Саяси жүйе институттары түсінігі

Насимов Мурат Орленбаевич, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Саяси жүйенің барлық бөлшектері әрдайым өзара байланыста болғандықтан маңызды әлеуметтік қызметтерді жүзеге асыруға ықпал жасайды: әлеуметтік дамудың басым бағыттарын айқындау; қоғамның мақсаттарға жету жолдарын оңтайландыру; ресурстарды тарату; азаматтардың саясатқа белсенді қатысуын қамтамасыз ету; қоғам мүшелері мінез-құлқының ережелері мен қағидаларын әзірлеу; заңдар мен ережелерді орындауды бақылау; қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Саяси жүйеге келесі институттар енеді: мемлекет және оның органдары; саяси партиялар; қоғамдық-саяси қозғалыстар; мүдделі топтар.

Мемлекет — жүйені жиынтықтайтын негізгі бөлшек, ол саяси жүйенің өзге бөлшектерін біріктіреді. Мемлекет — билікке ие және ықтиярсыз көндіру күшіне ие саясаттың ең қуатты субъектісі. Дегенмен, саяси жүйенің кейбір бөлшектері өзара қимылдар жасамауы мүмкін. Мәселен, саяси күштердің күресі нәтижесінде мемлекеттің кейбір органдары жеке қызмет атқаруы ықтимал. Әскердің қарсы шығып, мемлекеттік төңкеріс жасауы саяси жүйенің құлдырауына әкеледі.

Мемлекет және мемлекеттік билік — сайлауда жеңіске жеткен саяси партияның жетістігі. Мұндай саяси жүйелерде дамыған партиялар бар және билікті тиімді бақылау қамтамасыз етілген.

Саяси партиялар — билік үшін күресте ортақ саяси көзқарастары қалыптасқан немесе билікте өз бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйым. Ол сонымен бірге, идеоло-

гиялық құндылықтары бар одақ. Партия идеологиясы — ұйымның өз қызметінде басшылыққа алатын идеялар жиынтығы.

Идеологиялық қағидаларына байланысты партиялар бөлінеді: консервативтік; либералдық; демократиялық; социал-демократиялық; социалистік; коммунистік, ұлтшылдық.

Партияның тұрақты ұйымдастырушылық құрылымы мен басқарушылары, жарғысы мен мүшелікті міндетті рәсімдеу түрлері болады. Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар» туралы Заңының 10 бабы, 6 тармағына сәйкес: «Саяси партияны мемлекеттік тіркеу үшін оның құрамында партияның барлық облыстардағы, республикалық маңызы бар қала мен астанадағы әрқайсысында кемінде алты жүз партия мүшесі бар құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) атынан өкілдік ететін кем дегенде қырық мың партия мүшесі болуға тиіс» [1].

Партияның билікке жеткенде жүзеге асыратын немесе билік партиясы ретінде нақты ұсыныстар қамтылған бағдарламасы болады. Партияның мақсаты — мемлекеттік билікті иелену және ұстап тұру. Егер ұйым мұндай мақсатты ұстанбаса, ол саяси партия емес. Саяси партиялар көбінесе айқындалған әлеуметтік топтардың мүддесін көздейді. Саяси жүйеге қатысты партиялар жүйелік және жүйеден тыс болып бөлінеді. *Жүйелік саяси партия* саяси жүйенің бөлігін құрады және оның заңдарын басшылыққа ала отырып қимыл жүргізеді. Мұндай саяси

партиялар билік үшін күресте заңды әдістерді қолданады. *Жүйеден тыс партиялар* саяси жүйені қолдамайды, билікке жетуде зорлық-зомбылық тәсілдерін жүзеге асырады. Көп жағдайда олар заңсыз қызмет атқарады.

Саяси жүйедегі партияның рөлі оның беделі және сайлаушылар сенімімен айқындалады. Партиялар басқарушы билік құрылымын иеленген жағдайда мемлекет саясатын жүзеге асырады. Демократиялық жүйелерде партиялардың ауысуы жүреді: билік партиясынан оппозицияға көшеді, ал оппозиция билік партиясына айналады.

Қоғамдық-саяси қозғалыстар саяси жүйелерде мардымсыз қызмет атқарады. Мақсаттарына қарай қозғалы-

стар саяси партияларға ұқсас, бірақ көп жағдайда олардың нақты жарғысы болмайды және мүшелікке қабылдау орын алмайды. Елімізде қоғамдық-саяси қозғалыстар сайлау науқанына қатыса алмайды.

Мүдделі топтар билікке келуді мақсат тұтпайды. Олардың қатарына кәсіподақтар, ірі кәсіпорындардың бірлестіктері, дін орындары, бұқаралық ақпарат құралдары жатады. Бұлардың негізгі мақсаты — билікке қысым көрсету арқылы нақты мүдделерін қанағаттандыру болып табылады. Жоғарыда аталып өткен барлық бөлімдер, мемлекеттік және мемлекеттік емес институттар тәжірибе нәтижесінде жинақталған саяси қағидалар мен әдістерге жүгінеді.

Әдебиет:

1. Саяси партиялар туралы. [Online] URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000344_ (August 08, 2016).

Ауылды дамытудың тиімді жолы және шаруашылықтарды-кооперативтендіру

Нускабаев Оразбек Нускабаевич, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор;

Құлахмет Сүнәтұлла Рүстембекұлы, магистрант

Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Елбасы Н. Назарбаев еліміз егемендікке ие болып нарықтық қатынастар аясында дамып, өркендеу жолына түскелі бері ауылдық аумақтарды дамыту мәселелеріне айрықша назар аударып келеді. Айталық, ел басымыз ұсынысымен 2003—2005 жылдары аралығында ауылды түлету атап айтқанда, ондағы тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін — шаруашылық жүргізу кешендерін, денсаулық сақтау, білім беру мәдениет, спорт, телекоммуникациялар, байланыс, жолдар, почта жинақтау жүйесі объектілерін, газбен, электрмен, тұщы ауыз сумен қамтамасыз ету, т. т. жаңарту шаралары іс жүзіне асырылды.

Ал бүгінгі таңда Елбасымыздың 2016 жылғы Қазақстан халқына жолдауын айтылғандай, ауыл халқының жағдайын жақсартуға бағдарланған біршама игі істер атқарылуда. Өйткені Қазақстан халқының 60 пайыздан астамы ауылда тұрады. Осыған байланысты «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында еліміздің төңірінде «Ауылдағы жұмыс орны» жаңа жобасы іске асырылуда. Оған 10млрд теңге бөлінген. Осыған сай әрі Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруі үшін іске қосылуы тиіс өндірістік шаруашылықтың құрылымдардың алдыңғы қатарында ауылдық аумақтарда да әлемдік рынокта бәсекеге қабілетті ауылшаруашылығы өнімдерін өндіретін нысандарды құру қолға алынуда.

Сонымен қатар ауылдық аумақтарда әлемдік рынокта бәсекеге қабілетті ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруге, осы өнімдерді бастапқы өңдеуден өткізіп, ұқсатуға және сақтауға, сондай-ақ алдағы уақыттарда әрдайым туындап жататын жаңа экономикалық жағдайларға жылдам биім-

делуге қабілетті шаруа (фермерлік) қожалықтарын ұйымдастырып, олардың ойдағыдай қызметтенулеріне жағдай тудыруға мұрындық бола алатын сараптамалық жобаларды қаржыландыруға үкімет мүдделік танытып отыр.

Осыған қарай ғылыми ортада ауылдық аумақтарды жаңа типтегі шаруа (фермерлік) қожалықтарын құрудың тиімді амалдарын, оларда шаруашылық жүргізудің құқықтық экономикалық, әлеуметтік және инженерлік, инфрақұрылымдық, қаржылық-сақтандыру, ақпараттық маркетингтік сервистік, ветеринариялық-санитарлық шарттарын, шаруа (фермерлік) қожалықтарын субсидиялау, оларға кредит беру, оларды ауылшаруашылығы техникасымен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету кезінде проценттік ставкаларды арзандату шараларын, жер тілімдерін дұрыс пайдалану білу, сапалы өнім өндірі, оны ұқсату мен сату, суару тұқымды тыңайтқыштығы тиімді пайдалану, мал өнімдерін ұқсату және де басқа да ілеспелі қызмет салаларының керек жарақтармен қамтамасыз етілу жағдайларын екшелеулерге баса көңіл бөлінуде. Осылармен қатар жаңа құрылымдық деңгейде ұйымдастырылған шаруа (фермерлік) қожалықтарында еңбектенушілердің шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларына бейімденулерін, еңбектің нормалануы мен еңбек ақының дұрыс төленуін, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау тәртібінің қатаң сақталуын, техникалық, өндірістік тұрмыстық жағдайларды фермерлерге шаруашылық жүргізудің нарықтық әдістерін, маркетингтік және ауыл шаруашылығы өндірісі технологияларының негіздерін

оқытуды және қайта оқытуды ұдайы жүргізуді ұйымдастыруда, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша өзге де еңбек жағдайларын анықтау жөнінде де талдамалық зерттеулер жүргізудің маңыздылығы шексіз. «Жаңа экономикалық жағдай мен басымдықтарды ескере отырып, ауыл шаруашылығын дамыту стратегиясының іске асырылуына тиімділігіне баға беретін мерзім жетті...Сондықтан ауыл шаруашылығының барлық жақтарына сапалы талдаулар жүргізіп, бірінші кезекте атқарылуға тиісті міндеттерді айқындап алу қажет. Мәселен, бүкіл дүние жүзінде жедел дамытыла бастаған ауылшаруашылық өнімдерінің жаңа рыногы пайда болды, бұлар экологиялық таза өнімдер, жаңа өндірісте және басқалры...Таяу уақыт ішінде экспорттық әлеуеті бар қолданыстағы және жаңа ауылшаруашылық өнім өндірушілерін қаржыландыру жүйесін әзірлеп, іске қосуға тиіспіз...Селодағы реформалардың жаңа кезеңі ауылшаруашылығы өндірісінің серпінді дамуын және селода молшылықтың артуына қамтамасыз ету жөнінде жағдайлар жасауға және шаралар қабылдауға бағытталуы тиіс.

Осыған сай ауылдық жерлерде орасан зор ұйымдастырушылық жұмыстары қолға алынуы керек. Әрі осы мәселелердің шешімін тездету үшін «Кооперация туралы» жаңа заң қабылданды. Елбасы осы заңды іс жүзіне асыру үшін Үкімет пен әкімдерге ауылшаруашылық өнімдерін өткізу және қайта өңдеуді қамтамасыз ететін кооперативтер, ұйымдастыру жөніндегі шаралар қабылдауды тапсырамын деген болатын.

Сонымен қатар, мемлекеттің қазынасы биылғы жылдың қорытындысында 830 миллиард теңге қосымша кіріске толығы күтіліп отырғандығын, мұның өзі биылғы жылы дағдарысқа қарсы жоспардан шығуға және стратегиялық даму міндеттерін орындау үшін қазіргі проблемаларды шешуге мүмкіндік беретіндігін айта келе, осыған байланысты негізгі үш міндетті атап көрсеткен болатын. Осыған орай «Агробизнес-2020» бағдарламасының аясында жыл соңына дейін агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді ұсынған еді. «Алдағы бес жыл ішінде кемінде 600 мың гектар суармалы жерді айналымға еңгізу керек. Ауылшаруашылығы министрілігі мен әкімдер ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалануға қатаң бақылау жүргізуі тиіс. Ол жерлерді апатты жағдайдағы су қоймаларын жөндеу және жаңадан салу есебінен қажетті су көлемімен қамтамасыз ету керек», деген болатын. Сонымен қатар агроөнеркәсіп кешеніндегі субсидиялау жүйесін жетілдіру, тиімсіз субсидияларды доғару және өнімділікті арттыруға назар аудару қажет екендігін атап көрсеткен еді.

Елбасының осы тапсырмаларына байланысты еліміздің Ауыл шаруашылығы министрілігі «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенінің дамытудың 2017—2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы тұжырымдамасының жобасын әзірледі. Аталған жоба қазіргі күні жүзеге асырылуда. Бағдарламада нақтыланған әрі іске асыруға тиісті міндеттердің бірі ішкі рынокта саудалануға ұсынылатын ауылшаруашылық тауарларын өн-

діру мәселесін жолға қою болатын. Себебі еліміздің мал шаруашылығындағы мал өнімдерін өңдеу мен сату ісіне жүргізілген талдаулар еліміздің ішкі рыногында балық құс еті, шұжық, ірімшік, сүттен алынатын май өнімдері жөнінде импорттың басым екенін көрсетіп берді. Демек халыққа аса қажетті тамақтың басымдығы сұранысты еліміздің ауылшаруашылығы өз қолына жинақтауға тиіс. Органикалық өнімдердің Қазақстандық бренді жасалуы керек. Мал шаруашылығы әрі егістік өндіру тауарлары өзімізде өндірілуі тиіс. Ол үшін агроөнеркәсіп кешенін реттеуді мемлекет өз қолына алып, реттеу мен жетілдіруді жоспарлы түрде жүргізуі міндетті. 600 мың гектардан астам суарылып жерді мемлекет қарамағына алынып жаңа шаруашылықтар құралуы керек.

Міне осы аталған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыра алсақ, мұның өзі еліміздің ауылшаруашылығының дамуына қосымша серпін беретіндігі анық. Соған бір мысал ретінде айта кететін болсақ соңғы кездерде жүргізілген зерттеулер 1 гектар суармалы жердің тиімділігі мен беретін пайдасы 1 гектар тәлімі жердегіден 30 есеге дейін артып түсетіндігін көрсетіп отыр. Сонда 600 мың гектар суармалы жерді айналымға қосу дегеніміз 18 миллион гектар тәлімі жерді іске қосумен бірдей болып шықпайма? Демек, аталған міндетке жарым жартылай қолжеткіздік дегеннің өзінде мұның өзі еліміздің дамуына әлдеқайда серпін беретіндігі анық. Бүгінгі күні бүкіл ауыл халқын толғандырып отырған аса бір өзекті мәселе — олардың қолындағы өнімді өткізу мәселесі. Қазіргі ауыл халқы дегеніміз кімдер? Олар — көбінесе өздерінің қолындағы азын аулақ малы мен егістік жерлеріне сүйеніп өмір сүріп жатқан, яғни тек үй шаруашылығымен ғана шұғылданып отырған адамдар. Қазіргі ауыл халқының кем дегенде 70—80 пайызын осындай адамдар тобы құрайтындығы анық. Айта кету керек осы уақытқа дейін адамдардың бұл топтарына жергілікті билік тарапынан жеткілікті көңіл-бөлінбей келді. Бұл адамдардың тіршілік көздерін дамыту ісі осы уақытқа дейін қабылданған ауыл шаруашылығы саласындағы бағдарламалардан тысқары қалып отырды неге? Себебі, үй шаруашылығы негізгі уайымдасып тірлік кылудың өзіндік қиындықтары бар екендігі анық. Мәселен, олардың қолдарындағы малдарды селекцияға өткізудің, асылдандырудың қиындықтары жетіп артылады, Сонымен қатар, әрбір үйден өнім жинап жүру де оңай емес. Оның үстіне әлемдік тәжірибе бойынша кәсіпкерлер субъектісі ретінде ұйымдаспаған жеке шаруашылықтың болашағынан үміт күту де қиын. Міне, осындай себептерге байланысты осы уақытқа дейін жеке үй шаруашылықтарының қолдарындағы малдар көптеген субсидия түрлерінен құралақан қалып отырды. Олардың қолындағы өнімді жинау мәселесімен де ешкім шұғылданбады. Енді Елбасы тапсырмасы арқылы мемлекет нақ осы адамдар тобына көңіл тобына көңіл бөлетін болады. Бұдан былайғы кезеңде олар да мемлекеттік қолдауға ие бола бастайды. Біздің ойымызша нақ осында шешім біздің қазақ халқының, жалпы Қазақстандағы ауыл халқының, өзіндік ұлттық ерекшеліктеріне мән берген,

сол ерекшеліктерге сәйкес қолдау шараларын көрсетудің жолдарын қарастырған бірден бір ұтымды шешім болып табылады. Әрі бұл шешімнің жүзеге асырылуының ел экономикасының өсіміне қосатын үлесі де қомақты болады. Өйткені ауылдық аймақтарда біз жүргізген зерттеулер малдың 70—80 пайыздан аса жеке шаруашылықтардың қолында екенін, демек, бұл шаруашылықтардың қолында, егер ұйымдастыра білсе, мол өнімнің көзі бар екенін көрсетеді. Сонымен еліміздегі үй шаруашылықтарын дамыту мақсатында мемлекет алғашқы кезекте қандай мәселелерге мән бермек? Оның шет жағасын біз жоғарда айтып та кеттік. 670 мың ұсақ өндіруші тауарлы өндіріске тартылуы тиіс. Әркім өз қолындағы азын-аулақ малмен отырғанда оларды қалай ұйымдасқан өндіріске тартуға болады? Мұның жолы белгілі. Әлемдік тәжірибедегі мұның ең тиімді тәсілі осындай жеке шаруашылықтардың кооперациясын қалыптастыру және дамыту болып табылады. Міне, мемлекет осындай күрделі мәселені шешуге батыл кірісуі тиіс. Қазірдің өзінде жеке шаруашылықтарды кооперациялау жұмыстарын үкімет қолға алуды жоспарлап отыр. Жоғарыда айтылды Кооперациялау туралы жаңа заң қабылданды. Ол заң аясында кем дегенде үй шаруашылығының 20 пайызы кооперативке ұйымдастырылады. Қазірдің өзінде бұл кооперативтерден бірінші кезекте сүт өнімдерін жинаудың, содан кейін ет өнімдерін жинаудың тиісті схемалары әзірленген. Оны жүзеге асыру мақсатында сүт қабылдау пункті ашылып, ол тиісті технологиялық құралдармен және сүтті тасымалдайтын көлік түрімен қамтамасыз етілуде. Мұнда сүттің сапасын және көлемін анықтайтын құралдар жасалынуда. Сүт жинайтын адам белгіленген және кооперативтердің басшысы сайланған. Бұл үдерістің бәрі ауыл адамдарының қолдауымен ерікті түрде жүргізілуде. Біздің ойымызша, мұндай шараны ұйымдастыруды ауыл адамдары, яғни жеке үй шаруашылығының иелері қолдануы тиіс. Өйткені, кооперативтің оларға беретін пайдасынан басқа зияны жоқ. Олардың қолындағы өнімдерді тұрақты түрде жинап алу және оларды өткізу мәселесі шешілсе, мұның

өзі әрбір үй шаруашылығы иесінің тұрақты кірісін арттыратындығы анық. Яғни ол өз үйінде отырып ақ, тұрақты жұмыс тапқандай мүмкіндікке ие болады. Мұның сыртында, мемлекет осындай ұйымдасып тірлік құрып, кооперативке біріккендерге сол кооператив арқылы тиісті субсидиялар бере бастайды.

Қазіргі күні мал шаруашылығында субсидияның 33 түрі бар. Өткен 2015 жылы мемлекет осы субсидияларға 69 миллиард теңге бөлді. Яғни осыншама көлемде тегін көмек көрсетілді.

Енді жаңа бағдарлама аясында осы субсидиялардың 34,5 миллиард теңгені қамтитын 6 түрі қарастырылуда. Өйткені, бұл субсидияларда бұрын тек ірі шаруашылықтар алып келген болатын. Мәселен ет бағытындағы субсидиялардың 60 пайызын 19 ірі мал бордақылау алаңы алып келді. Сүт бағытында да осындай жағдай орын алды. Бұл субсидияны алудың бір шарты оны алушының қолында кемінде 400 бас сиыр болуы қажет еді. Енді осы талап 100 бас сиырға дейін төмендетілді. Әрине ауылдағы әрбір үй шаруашылығында 100 бас сиыр бола қоймауы мүмкін. Бірақ 20 адам бірігіп кооператив құратын болса, қолдарындағы мал санын осынша басқа әбден толтыра алады. Міне олар осылайша мемлекеттің субсидиясына, яғни тегін қолдануына ие болады.

Сонымен қатар енді кооперативке біріккен үй шаруашылықтары осы арқылы өз қолдарындағы малды тиісті сапалы азықпен қамтуда, оларды асылдандыруда мемлекет қолдануына ие болды.

Жалпы, бұдан былайғы кезеңде кезеңде бірігіп тірлік құрамыз деген ауылдағы жеке үй шаруашылықтарына басқа да көрсетілетін көмек түрлері бар. Кооперативтендіру жеке үй шаруашылығы иелері мен қатар шағын шаруашылық қожалықтарда тартылса нұр үсттінә нұр жаумақ. Әрі өндірілетін өнім көлеміде, әртүрлілігі де көбей түседі. Көкеніс, егін өнімділігімен қатар мал шаруашылығы өнімдеріде молая түседі. Қой, сиыр, шошқа еті жөнінен де еліміз өзін толық қамтамасыз етіп, ет өнімдерін импортқа әлемдік саудада саудалауға мүмкіндік алады.

Ұлтаралық тұрақтылық, татулық және келісім-Қазақстанның гүлденіп, өркендеуінің кепілі

Нускабаев Оразбек Нускабаевич, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор;
Шинтемирова Гульдана Сенбайқызы, магистрант
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Ұлтаралық қатынас мәдениеті белгілі бір қоғамдағы әр түрлі ұлт өкілдері арасындағы қатынастың барлық түрлерінен, еңбекте, күнделікті тұрмыста, көпшілік байланыста көрінеді. Әрбір ұлт өкілі басқа ұлт өкілінің жан тазалығын немесе жамандығын, басқа ұлт өкілдеріне көзқарасын басқалармен салыстыра отырып бағалайды. Басқа ұлт өкілдері бойындағы адамдық жағымды қасиеттерді өз бойына дарытуға, олардағы өмірлік тәжірибе мен шаруашылық жүргізудің озық үлгілерін меңгеруге ұмтылады.

Ұлттар мен ұлыстар арасындағы қарым-қатынасты реттеп отыратын жалпы мемлекеттік этникалық мінез-құлық нормасы — әр түрлі ұлт өкілдері арасындағы күнделікті аралас-құралас өмірдегі татулық, адал достық

қатынас, өзара түсіністік пен сыйластық, жоғары мінез-құлық мәдениеті мен адамгершілік бір-бірінің ұлттық мақтаныштарына, тұрмыс салтына, әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүріне, мүдделеріне және талғамдарына құрмет, көңіл-күйлеріне қаяу түсірмеуге ұмтылушылық болып табылады. Ұлттар мен ұлыстар арасындағы достықты, түсіністік пен келісімді, бірлік пен ынтымақтастықты нығайтуға қызмет етеді. Құқықтық мемлекет құруға негіз қалап этникалық ерекшелікке қарамай, тұрмыстың ортақ жағдайы мен туысқандық ынтымақтастық, игілік пен ізгілік идеясы біріктірген адамдардың түсіністік қауымдастығын қалыптастыруға қызмет етеді. Яғни құқықтық қоғам орнатуға бет бұрған тәуелсіз мемлекеттің өз тұрғындарына азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім, өзара құрмет пен сыйластық, татулық пен ынтымақтастық тілеп, осы бастан өсер ұрпақтың бойына ұлтаралық қатынас мәдениетінің ұрығын сіңдіруге ұмтылысы құптарлық іс.

Ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру — Қазақстанды мекендеушілердің санасында және іс қимылында жаңа тұрпатты ұлттық қатынастар дамуының жоғары деңгейінің көрінісін табу формасы болып келетін қоғамдық қатынастардың ерекше бір түрі. Саяси және моральдік принцип ретінде ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті ұлттар мен ұлыстардың даму, гүлдену процестерін білдіретін призма тәріздес әлеуметтік принцип, айна [1,7 б.].

Тәуелсіздік жағдайында жаңа мемлекетте қалыптастырғалы отырған ұлтаралық қатынас мәдениеті ұлттардың бірін-бірі сыйлау ісін бірінші кезекке қояды. Оған басты себеп тоқырау заманының жағымсыз құбылыстары қоғамдық ой-пікірлерді де шарпыды. Ұлттық қатынастар саласындағы адамдардың өр көкіректік, менмендік қылықтары бұл процесті одан әрі шатастыра түсті. Әр ұлт өкілдері арасындағы теңдікті бұзған адам екінші жақтың ренішін туғызады. Ұлттық сезімге тиісе беру оны ушықтырып жібереді. Бұл жағдайда кез-келген адамның мінез-құлқы, саяси мәдениет деңгейі, гуманизмділігі басты рөл атқарады. Дегенмен, кезінде қалыптасып үлгерген ұлт араздығы, сенбеушілік, бір-біріне күдікпен қарау әлі де қалмай келеді. Бұл жағдай еліміздегі қарым-қатынас мәселелерін қайта қарап, нақты шешім қабылдауды керек етеді. Ұлттық тіліміздің жойыла бастауы мен тарихи дәстүріміздің бір жаққа ысырылуы сана-сезімімізге теріс әсер етіп, адамгершілік, имандылық пен қайырымдылық қасиеттерін жоятыны белгілі. Мұның барлығы экономика мен әлеуметтік мәдени талаптардың жөн-жосықсыз бұрмалауына әсерін тигізуде. Соңғы жылдары осы олқылықтар бүкіл халықтың ой елегінен өткізіліп, тиісті бағдарламалық құжаттар қабылданды. Оның ішінде көптеген құнды ұсыныстар халықтар достығын нығайтуға, өзара құрмет пен сыйластық, ортақ тұрағымыздың мерейін көтеруге үлес қосуда. Мемлекетімізде өмір сүріп жатқан ұлттар саяси, экономикалық, әлеуметтік бірлік негізінде әрекет етуде. Осыған байланысты көптеген ұлттардың өмірінде жаңа қарым-қатынастық қасиеттер пайда болуда. Ұлттардың жан-жақты жетілу процесінде интер-

националдық қасиеттердің дамуымен қатар ұлттық сипатта жетілуде. Қазақстанда жалпы мемлекеттік және ұлттық мүдделердің бірлігі, ұлтаралық қатынастың үйлесімді сабақтасуы айрықша мәнге ие болып отыр. Бірақ бұл Қазақстанда ұлттық қарым-қатынас мәселелері түбегейлі шешілді деген сөз емес. Қазіргі уақыттағы ең басты мәселе азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім, халықтар достығы, ынтымақтастық пен бауырластық мәселелерін нығайту экономикада орын алып жатқан дағдарысты жою, әлеуметтік шындық, сөз бен істің үйлесімділігі сияқты принциптерді жүзеге асыру жолдарын іздестіру. Ұлттық мақтаныш пен ұлтжандылықтың мағынасын дұрыс бағалау — өзара түсіністік пен халықтар бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосады. Әр адамның қызметінде, мінез-құлқында мемлекеттік және ұлттық факторлардың дұрыс ұғымын қалыптастыру олардың сана-сезіміндегі адамгершілік, имандылық қасиеттерінің терең орнығып, қалыптасып, ұлттық эгоизм т. б. кері тартпа қалдықтарымен ымырасыз болуына ықпал етеді. Мемлекеттік тәрбиені бір жүйеге келтіру әрбір ұлттың сана-сезімін дамыту ұлттық мақтанышын орнату арқылы жүзеге асырылғаны жөн. Бұған ұлтаралық сипатта өрбіген жанашырлық белгілер қажет. Ең маңыздысы мемлекеттік және ұлттық мүдделерді байланыстыра білу керек.

Мемлекетіміздің барлық тұрғындарын толғандырып жүрген ұлтаралық келісім мен татулық мәселелері елдің ішкі бірлігі жайындағы мәселелер Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде жан-жақты көрініс тапты [1]. Республикада этникааралық қарым-қатынас мәселелерін дұрыс шешуде, әсіресе, жастардың бойына ұлтаралық қатынас мәдениетін сіңіруде Н.Ә. Назарбаевтың осы еңбегінің үлкен мәнді методологиялық маңызы болды. Өйткені, Қазақстан дүниежүзілік өзгеде бір қатар мемлекеттер сияқты көп ұлт өкілдері қоныс тепкен аймақ болып саналады. Түрік және славян тілді қауымдардың ірі топтарының қазақ жерінде мекендеуі ұлтаралық қатынас мәселелерін әрдайым басты назарда ұстап, реттеп отыруды талап етеді. Басты орын алып отырған осы мәселені шешу ішкі саясатта Қазақстан тәуелсіздігімен алысымен-ақ күн тәртібіне қойылды. Көпұлтты Қазақстан мемлекетінде әртүрлі ұлттық мүдделерді шешудің бір ғана жолы бар. Бұл қазақ ұлтының біріктіруші рөлі негізінде барлық халықтардың тепе-теңдігін қамтамасыз ету болып табылады [2,35—41 бб.].

Өзге кез-келген жол апатты қақтығыстарға, демократиялық реформалардың бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін. Осы себептен де біз үшін маңызды міндет ел тұрғындарының бойына ұлтаралық қатынас мәдениетін сіңдіру, ұлтаралық саясатты жетілдіре отырып, Қазақстан халықтарының өзара татулық, түсіністік, ынтымақтастық рухта өмір сүруге ынталандыру болып табылады.

Ұлтаралық келісім-бұл адамның өнегелік тәрбиелігінің, жоғары мәдениеттілігінің, барлық ұлттардың ортақ мүдделері деңгейлерінің көрсеткіші. Осыған байланысты әлеуметтік-этникалық қауымдастықтардың дамуының

құрамдас бөлігі ретіндегі тәрбие процесін тікелей ұйымдастыруға қатысты бірқатар келеңсіз жайттар туындайды.

Біздің әрқайсысымыз іс жүзінде күн сайын барлық адамдармен араласу барысында оның мәдениет деңгейін бағымдайтын және салыстырмалы түрде өз мәдениеттілігімізді де өзіміз бағалайтын тәрбие нысаны болып табыламыз. Біздің бағалауымыз әділ ме әділ емес пе, тәрбиелік күші әсерлі ме, әсерсіз бе, бұл біздің пайымдауларымыздың күштілігіне, олардың ғылыми негізділігіне және оларды іс жүзінде пайдалану дәрежесіне тәуелді. Өйткені, менің көзқарасым бойынша, ұлтаралық келісімнің күнделікті өмірде нақты тұлғалар арасындағы қатынаста көрініс беретіндігінің жағдайы әрдайым ескеріле бермейді. Бірақ, әлі де болса біздегі жүйелі тәрбие жұмысының шынайы адамға, алуан түрлі ұлттық ортадағы әрбір азаматтың қажетті қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталуы өте нашар. Бұл мәселе арнайы зерттеуді талап етеді. Сонымен бірге адамдарға ұлтаралық келісімге байланысты тәрбие беру ісін «өмірдің нақты мысалдарымен жүргізудің рөлі өте зор». Ұлтаралық келісім тәрбиесі — бұл адамға оның бойында интернационалистік көзқарастарды, сенім-нанымдарды, нормаларды, принциптерді, сондай-ақ осы көзқарастар мен принциптерге сәйкес оның іс жүзіндегі мінез-құлқын қалыптастыру мақсатындағы ықпал ету жүйесі.

Сөйтіп, ұлтаралық келісім әлеуметтік-этникалық қауымдастықтардың және жаңа, жалпы адамзаттық өркениеттің дамуын айқындайтын маңызды белгілердің бірі болып келеді. Сонымен бірге ұлтаралық келісім — адамның өнегелі тәрбиелілігінің, жоғары мәдениеттілігінің барлық халықтардың баға жетпес құндылығы. Сондықтан да біздің тәрбие жұмыстарымыздың бүгінгі міндеті — ұлтаралық келісімді әрбір азаматтың өмірлік серігі ету [3].

Әдебиет:

1. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде // Астана, 2015. — 32 б.
2. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан-2050, Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына жолдауы // Алматы: Юрист, 2013. — 44 б.
3. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына 2017 жылғы Жолдауы // Егемен Қазақстан.

Foundations of personality psychology

Pazylova Kalamkas Asetullaevna, senior teacher

Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkistan, Kazakhstan)

Personality Psychology — a separate branch of science, perhaps, the most mysterious, although it is the foundation of foundations. More Grandpa Freud said that the most fundamental underlying human life and destiny, is hidden even from himself in his own subconscious. To un-

Қорытындылай келе, жоғарыдағы аталған сан-салалы теориялық және практикалық қағидаттар мен тұжырымдарды саралап, мынадай түйін жасауға болады: адамдардың әлеуметтік-этникалық қауымдастығының түрлері қоғамдық дамудың белгілі бір сатыларында туындап, аса маңызды категорияларға айналды, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дамуына орайлас адамдар қауымдастығының әлеуметтік-этникалық түрі де өзгеріп отырды. Рулық, тайпалық, қауымдық құрылыстардан бері қарай ұлыстар мен ұлттардың пайда болуы, дамуы, жетіліп, өзгеріп отыруы, мысалы адамдардың сана-сезімін байытып, жалпы ортақ игіліктерді ойдағыдай меңгеруіне көмектесіп келеді. Сонымен қатар адамдардың әлеуметтік-этникалық қауымдастығының әрбір нақты түрі бір-бірінің өзінің материалдық-өндірістік негізі мен әлеуметтік құрылымы, өзіндік ерекше белгілері мен ажыратылады. Барлық әлеуметтік-этникалық қауымдастықтың түріне ортақ белгілер ретінде территория, тіл, мәдениет, экономикалық өмір ортақтығы, өзара ынтымақтастыққа тән қасиет.

Әлеуметтік-этникалық қауымдастықтың барлық түрінде ұлт саясатын дұрыс жүргізу ұлтаралық келісімге қол жеткізу қоғам дамуының тарихи заңдылығы болып саналады. Демократиялық өркениетті мемлекетте ұлтаралық келісім мен ұлтаралық қатынас мәдениеті — дос халықтардың ең маңызды жетістіктерінің бірі және ұлттық мәселелердің ғылыми шешімінің нәтижесі, қоғамның дамығандығының көрінісі көрсеткіші ретінде білінеді. Сондықтан ұлт саясаты өмір саласында туындайтын проблемаларға дер кезінде үн қатудың, ұлттық қарма-қайшылықтарды тиімді шешудің тетіктерін табудың, ұлттық шынайы көрінісін бағымдаудың тұрақты творчестволық жолын табу болмақ.

derstand the issue of any life, any failure (or even successful) relationship, it is necessary first of all to look inside yourself and analyze your thoughts, desires and past experiences, to understand his second «I». Personality Psychology primarily teaches that knowing their identity, learning to see the

problem in itself and independently to fix it, you will learn to understand and effectively communicate better with others. After all, despite the fact that all people are different in their character traits, habits and manners, basic manifestations, especially in stressful situations, all of us are the same. Thoroughly studying their behavioral responses, and along with those that have inherent, you will be well versed in dealing with other people, knowing what you can expect from anyone. One of the key indicators of personal development of the individual is the depth of their understanding of the conflict between morality and morality. Existence in society requires respect for moral norms. To what extent and in what situation they follow -reseat personality. In this deeply personal decision can not interfere with the hand. You can not decide who is more right: Giordano Bruno and Galileo Galilei. Conflicts between morality and ethics in the process of personal development (absence of conflicts means that the development of the individual are not) occur every day, and the difficulty of their solution have the difficulties of personal growth of the individual. Average organic personal attitudes in these conflicts — it is the primacy of ethics over morality. Therefore, «all morality worthless if it is not necessary for moral perfectionism». Infinity and here presents paradoxes and hopeless situation. For example: you see a man who is going to kill the child. You can stop, just killing the man. Your intervention or non-intervention in both cases is a violation of the commandment «Thou shalt not kill!» And, therefore, you will not escape the moral responsibility and the guilt. Another paradox in many ways presented in the literature (particularly in Dostoevsky in the parable of the «ticket to heaven» and «tears of a child»): imagine a situation where in order to save the lives of thousands of people need to sacrifice the life of one. Moral, along with science will begin to talk, and if society benefits from more than one of the benefits that can bring the marked thousand, and on the basis of these considerations, to solve the problem. From the point of view of morality issue so posed, is insoluble paradox, as one equivalent each of these thousands and at the same time all of them together, and not only to them but to all mankind. The problem should be reversed: one can sacrifice themselves to save others, but no one from the can not sacrifice them, for everyone — not just a part of something (the world, society, society, etc.), but the whole, the infinite value.

The relationship of morality — the central and most complicated problem of personality, representing the communications center of philosophy, psychology and pedagogy.

It remains pedagogy to reflect and experiment on how to solve, especially in these extremely difficult circumstances, when the powers that be are trying to impose a market economy in Russia. The market economy, capitalist society and all the attendant social forms and the corresponding morals absolutely immoral family and anti. Personality in general in a society always have to «go against the flow», and in our modern — it is also a condition of salvation «archetype» of the Russian soul, and consequently the nation. From a philosophical perspective it is clear that we must

begin to raise the «top», with the forming of consciousness and a sense of infinity personal «I», and it is formed only in its relation with the divine «Thou». Perhaps we should use the experience of clerical pedagogy (eg, Thomist pedagogy begins with the suggestion to the child that he is infinite, God's favorite value).

In our public appearances, even well-known, the teachers talk about, because «life in modern civilization is changing so fast that the first task of pedagogy is to keep abreast of it, and try to raise the child so that he can easily adapt to it.» We are talking about the child's adaptation to society, it is now customary to say, «socialization». If we are talking about personal development, it is necessary to raise the child so that he could «go against the flow» of modern civilization, and to withstand the enormous pressure of her seeking to destroy him as a man. Failure is not consistent with the phases of organic development, socialization killing ability in the child «go against the flow», creativity and the ability to develop as a person. His destiny, in this case, most likely, will become a social functionary. Personal development continues throughout a person's life, and at every moment, each of us, to some extent, and in some respects a person, namely, to the extent and in that regard, where it can act freely and responsibly.

With regard to the freedom of the individual, it is paradoxical that there are present at the same time seemingly rational consciousness incompatible absolute indeterminacy, arbitrariness and moral as if the arbitrary limits. In terms of external rational thought and action, this paradox is not allowed. His «withdrawal» can only take place in the super-rational innermost depths of the personal «I» adopted according to his conscience, moral decision. It removes restrictions, so as it turns out, that there are no moral boundaries, but there is a «vector» directed «up» to the AB, to God — the vector, which is also limitless. Thanks to this infinity, and, most importantly, the quality of infinity vector

Personality, as mentioned in philosophy and psychology, there are dozens of different definitions of identity. Meanwhile, non-professionals converge in their views about the person as a person safe, words and deeds which are not at odds with each other, which is itself free to decide what to do and is responsible for the results of their actions. Such a conception of the person associated with the beginning of Christianity. Based on this principle, we can say that the person — is an individual who has an infinite interior freedom in decision-making and action and at the same time an individual, no one shared, such as the infinite, to take over the moral responsibility for the results of these decisions and actions. Responsibility before God, peace, humanity, which can only go from the Center itself and expresses the voice of conscience. Thus, self-determined identity in infinite parameters. But the basic paradox of human existence lies in the fact that this man is a dual, infinite-finite creature. Being infinite in spirit, in contemplation, in thought, in feeling, in will, in the imagination, and so on. E., It is finite in body, «. space universe contains me and absorbs me as a point by thoughts I absorb

it» (B. Pascal). «I have the body to perish in the dust, mind thunder command, I am the king, I am a slave, I am a worm, I am God.» (G. Derzhavin). Man is mortal and is aware of the inevitability of his death. An infinite number of tragic collision generates this knowledge and the same number of self-deception, tricks, tricks, explanation and hope for a miracle of immortality was invented to get rid of this knowledge and comfort ourselves that life will go on in your offspring, and various images of salvation, the transmigration of souls etc.

Without discussing here the endless problems and contradictions generated by paradoxical man, pay attention to one thing, which consists in the fact that, as we know, the human individual — being public and can live and be formed as a person and a person only in communication with other people, making the infinite freedom of his «I» is inseparably connected with the same infinite responsibility to the «We». But this «we» is also represented by the dual «we» a limited group, social, «prefabricated» and «We» universal, personal, as a collection of «I», directly related to the centers, «catholic».

Therefore, the ethical consciousness of identity is also ambiguous, unconditional (morality in the proper sense of the word), and — a limited, due to cash, especially socio-historical conditions of existence (moral) — side.

Confrontation of morality, well illustrated by a well-known example — play LN Tolstoy's «Living Corpse»? How can you briefly define the content of the play? As the clash of morality. The hero of the play feels like to live by the rules of ethics of the society to which he belongs, does not allow conscience. Internal conflict reaches acuity, leading to suicide. Almost all deep literature and poetry lives in the sense of this conflict. Pasternak in «Safe Conduct» uses the term «im-

moral morality». Comparable in some respects morality and ethics.

Morality is always social and group character: family morality, the morality of any social group took shape, church morality, class morality, the morality of Party member, the moral kingpin, etc... Morality alone — common to all mankind. Morality is always prescribed by the individual from the outside of the social group in the form of course certain rules and regulations. Morality «grows» from the inside, along with the personal «I» of the individual, and often ahead of the formation of the personal «I» and apparently can not be expressed in the rules, but only (and not always) in the absolute, infinite principles. Morality can be used as a means of psychological pressure, intimidation and enslavement. It exists primarily for others. Morality can not be used, it is the use of relationships and exists primarily for themselves. Assessment of moral behavior comes from the social environment («good will, get candy,» and sometimes more tangible benefits). Assessment of morality is the conscience, it is always self-esteem (sometimes quite severe) and no degree can not depend on the views of the social environment. Sometimes the situation is such that an individual has to choose: whether to commit an act moral and gain the approval of the company or do the right thing, earning the contempt, not only contemporaries, but also descendants of sentences and maybe even death. Some heroes of works of Dostoevsky behave with narrow-minded point of view strangely compelled under the pressure of life-threatening circumstances commit an immoral act, they do not justify the power of coercive circumstances, and take the blame. This is — an indicator of the high degree of moral development: if your inner freedom and responsibility are endless, it can not exist.

Жарқын болашақ басымдықтары

Паридинона Ботагоз Жаппаровна, философия магистрі, аға оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы жаңа Қазақстан құру идеясын қалыптастырған елеулі құжат. Жолдауда біз мемлекет дамуындағы маңызды қимылдар жоспарын көреміз. Мемлекет басшысы Ұлт жоспары — «100 нақты қадам» базасында өткізілетін үшінші жаңғыру бір-бірімен тығыз байланысты бес басымдығын атап көрсетті.

Бірінші басымдық экономиканың жеделдетілген жаңғыртылуын көздейді. Кешенді міндеттер жаңа индустрияларды санды технологияны қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл IT саласын дамыту мәселесін басты назарда ұстауды қажет етеді. Бұл тұста Төртінші өнеркәсіптік элементтерін жаппай енгізу маңыздылығы баяндалды.

Баршамызға белгілі, Бірінші өнеркәсіптік революция өндірісті іске қосу үшін су мен буды пайдаланды. Екінші революция өндіріс барысында электр қуатын қолданды. Үшіншісі, өндірісті электроника мен ақпараттық технологиялар көмегімен автоматтандырды. Кезекті Төртінші өнеркәсіптік революция Үшіншісіне сүйеніп, өткен ғасырдың ортасынан бастап өмірдің барлық салаларына сандық революцияны ендірі. Технологиялар бірлесіп, материалды, сандық және биологиялық әлем шекараларын жойды.

Бүгінгі өзгерістер Үшінші революцияның жалғасы екенін мынадай нышандардан білуімізге болады: ақпарат жылдамдығы, ақпарат қарқындылығы және жүйелік нәтижелер. Адамзат осы уақытқа дейін жүйрік техникалық өрлеуді көрмеді. Төртінші революция әлемдегі әрбір мемлекеттің индустриясына ықпал етеді. Ол туғызған өзгерістердің ауқым-

дылығына сәйкес, тұтас өндіріс жүйелерін, менеджмент пен басқаруды түрлендіруді қажет етіп отыр.

Қазіргі таңда біз мынадай зияткерліктің жасанды түрлерімен ұшырасадамыз: дербес машиналар, дрондар, виртуалдық көмекшілер, аудармашы бағдарламалар, кеңес беруші бағдарламалар. Соңғы жылдары әлемдегі есептеу қуатының тұрақты өсімі мен көлемінің ұлғаюына байланысты жасанды зерденің қалыптасуындағы жаңа ілгірілеу жүріп жатыр. Бүгінде жаңа дәрі-дәрмектер әзірлейтін және мәдениеттің жаңарған бағыттарын болжайтын арнайы сандық бағдарламалар бар. Күн сайын сандық технологиялардың материалдық дүниемен ұштасып отыруы жаңа құндылықтарды қабылдауымызды талап етіп отыр.

Екінші басымдық бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейтуді міндеттейді. Жаппай кәсіпкерлікті қолдау тетіктерін одан әрі жетілдіру ел азаматтарының өз бизнесін қалыптастыруға үлкен көмек екені анық. Мемлекет-жекеменшік серіктестігі аясында кәсіпкерлікті дамыту жақсы нәтижелер беретіні белгілі.

Әріптестіктің жемісті болуы қатысушылардың қызғушылығымен қатар, олардың нәтижелі пайда табуымен байланысты деп ойлаймыз. Мәселен, мемлекет өнімді өнеркәсіптік көлемде тарату, бюджетті толықтыру, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешу, сыртқы нарықтағы ғылыми мәртебелілігін көздейді. Ғылым саласы жабдықтардың жаңғыртылу мүмкіндігін, ғылыми базаның жаңаруын, келесі зерттеу жұмыстарының қаржыландыруын ойлайды. Ал кәсіпкерлік құрылымдар болса, мемлекеттік субсидиялар молдығын, салықтық жеңілдіктер мен кепілдердің барлығын, табыстар өсімі мен өндірістің кеңеюін қалайды. Мұндай өзара байланыстардың келешегі тұрғындар өмірі сапасының артуына және экономика бәсекелестігінің нығаюына әкеледі.

Үшінші басымдық макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуді басты мұрат етіп қойып отыр. Әлемдік экономика дамуының заманауи кезеңінде мемлекеттің макроэкономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру мәселелері ерекше мәнге ие. Мемлекет өз халқының қауіпсіздігін қамсыздандыруда және өзін-өзі сақтауда аталмыш тұрақтылық тетіктеріне аса назар аударуы қажет.

Жалпы экономикалық ғылымдарда «макроэкономикалық тұрақтылық» түсінігіне байланысты бірнеше тәсілдегі анықтамалар береді: ішкі және сыртқы ықпалдар әсерінен қалыптасқан экономиканың жағдайы; ұдайы өндірістің қалыпты шарттарын қамтамасыз ететін үрдіс; ұлттық экономиканың қаржы-ақша жүйесінің тұрақтылығы; макроэкономикалық тепе-теңдік. Сәйкесінше макроэкономикалық тұрақтылық экономикалық дамудың барлық факторларының, экономикалық саясат пен мемлекеттің экономикалық қауіпсіздік жүйесінің тиімділігімен сипатталады.

Төртінші басымдық адами капитал сапасын жақсартуды басшылыққа алады. Білім беру жүйесінің рөлін өзгерту, оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттілігі айқындалды. Қазақ тілінің басымдығын сақтай

отырып, үш тілді оқуға кезең-кезеңімен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу тапсырылды.

Білім беру жүйесімен бірге денсаулық сақтау жүйесін өзгерту қажеттілігі дәйектелді. Әлемдік тәжірибеде тиімділігін көрсеткен міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу арқылы қатысушыларға кең ауқымдағы медициналық қызметтер ұсынылатындығы белгілі болды. Бұл басымдықта әлеуметтік қамтамасыз ету саласы да сырт қалған жоқ. Зейнетақы, жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек көрсету мәселелеріне байланысты Үкіметке берілген тапсырмалар анықталды.

Бесінші басымдық институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты жаңа міндеттерді көрсетеді. Елбасы қауіпсіздік мәселесі турасында қазіргі заманда белең алған терроризм және діни экстремизмді насихаттауды алдын алуды атап көрсетті. Әсіресе, интернет пен әлеуметтік желілердегі діни экстремизмді насихаттаудың жолын кесу жұмысын жүргізуді тапсырды.

Заманауи ақпарат технологияларының күнделікті бір қалыпта тұрмай өзгеруі адамзат санасына ықпал жасауда. Сондықтан адамзаттың эволюциялық дамуын жаңа технологияларды қоғам мүшелерінің игеруі тұрғысынан қарастыруға болады. Адамзат қарым-қатынас мәдениетінің өкілі болғандықтан кез келген ақпараттық құрылымға тәуелділігінен арыла алмайды. Бүгінгі таңдағы Интернет және оны пайдаланудың түрлі мүмкіндіктері толықтай электронды бағыныштылыққа әкелді.

Қоғам мүшелерінің көпшілігі өз өмірлерін әлеуметтік желілерсіз елестете алмайтын жағдайға жетті. Әлеуметтік желілер толықтай бүкіл әлемді қамтып, танымалдылығы жоғарылап жатыр және оның нақты жас ерекшелік немесе кәсіби шектеулері жоқ. Сонымен бірге, әлеуметтік желілер қазіргі заман азаматтарының тұлғалық әлеуметтенуіне ерекше ықпал жасайды. Әлеуметтену үдерісі барысында білім берудің технологиялары, әдіс-тәсілдері қолданылатындығын ескерсек, өзекті мәселелер берілген тақырыппен ұштасады.

Жалпы әлеуметтік желілерде жазылған заңдылықтар жоқ. Десек те, әлеуметтік желілер отбасы, мектеп, дос-жарандар секілді әлеуметтенудің классикалық институттарын қарқынды түрде ығыстыру қаупін туындатып отыр. Виртуалды қауым қалыптастыру шын мәнісінде әлеуметтенудің дәстүрлі уәкілдерін ауыстыруға ықпалы мол. Бірақ, пайдаланушылардың виртуалды әлемде игеретін жағымсыз қасиеттері шын өмірге келгенде әлеуметтенудің нақты процесін күрделендіріп, қалыптасқан қоғамдық ережелерді күйретуі мүмкіндігін ұмытпауымыз қажет. Өйткені, әлеуметтік желілерде ішкі тәртіптерге негізделген нормалар мен ережелер қоғамдық стандарттармен сәйкес келе бермейді және оны бұзғаны үшін шын жауапкершілікке тартылатындығын кеш түсініп жатамыз.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысының Жолдауы озық сипаттағы ілгері қимылдарға бағыттайтын және жаңа кезеңнің сын-тегеуріндеріне жауап беретін маңызды құжат болып табылады.

Махмұд Қашқари дүниетанымы

Садуов Бекзат Нұралыұлы, философия ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Туркестан қаласы, Қазақстан)

Түркілік заманның ұлы тұлғалары қазіргі техногендік принципке, прагматизмге толы күрделі тарихи кезеңде өздерінің қандай қырларымен жұртшылық үшін маңызды? Әрине, бұл сауалға ең негізгі жауапты олардың даналыққа толы ілімдерінен, руханилықты шығармашылықтарына арқау еткендіктерінен табамыз. Сонымен қатар ғұлама бабаларымыз өмір бойы адамгершіліктің биік деңгейін, терең тамырларын іздеумен айналысқандықтан ғасырлардан өтіп келіп, қазіргі ұрпақты да тәрбиелеп. Болашаққа жол көрсетіп тұрғандай. Сондай даналыққа толы ілімімен танылатын түркілік заманның тарихи тұлғасына Махмұд Қашқариды жатқызамыз. Әрине, ол өзінің еңбегі мен даналығын адамдарды, халықтарды алаламай барлық түркі елдеріне, мәдениеттеріне ортақ рухани құндылық ретінде қалдырған болатын. Ол өзінің шығармашылығын таза Шығыстық сипатта сөз өнері, тіл білімі арқылы өнектей алғаны белгілі. Сол тұжырымдардан философиялық пайымдауларды сомдай білсек, онда өткен мәдениетіміздің, тарихи кезеңдердің рухани мұрасын игере түсеріміз анық.

Әлемдік көркем әдебиеттің озық үлгілері әр түрлі тарихи кезеңдердің жағдаяттары мен даму үрдістері туралы біршама биік деңгейдегі философиялық түсініктер мен ұғымдар бере алады. Өйткені, тарих сынағынан өткен гуманитарлық сипаттағы ғылыми және әдеби туындылар қоршаған әлеуметтік ортаның нышандары туралы әжептәуір адекватты деңгейдегі ақпараттар беруге шамасы жеттеді. Ал ондай процестер арқылы өзкезегінде тарихи-философиялық тұжырымдар жасауға негіздер қалыптасады. Міне, сондықтан Шығыстық ойшылдардың даналық сөздерінен, әдеби мұраларынан терең философиялық ойлардың, дүниетанымдық жүйелердің негіздерін іздеуге талпынамыз. Қазақ даласының ойшылдарын әлемдік философия әлеміне осы тәсіл арқылы жақындатып қана қоймай, оларға тиісті бағалаулар да бере аламыз. Ал, енді Батыстық, әсіресе, неміс классикалық философиясы сипатындағы рационалистік философия түркі әлемінде кең тарай қойған жоқ. Тек бұл жерде әл-Фараби философиясының орны бөлек екенін жасыруға болмайды. Ол өзінің «Екінші ұстаз» атануымен түркі әлемінің өкілінің әлемдік философия тарихына қосқан үлесінің сүбелі екендігін білдіреді. «Екінші ұстаз» деген ұғымның шығу тегі туралы түсініктерді Қазақстанның ғалымы М. С. Бурабаев өз еңбектерінде терең талдап, философиялық түсініктемелер береді [1].

Түркілік тарихтың тереңіне көз жүгірткен, тереңдеп зерттеген ғалымдар Кеңес дәуірінде біршама жетістіктерге жеткенін, ғылыми нәтижелерді оқырман қауымға ұсынғанын ескеруге тиістіміз. Сондай ғалымдардың қатарына И. В. Стеблеваны жатқызуға болады. Мәселен, ол өзінің зерттеулерінде әр түрлі мемлекеттік бірлестіктер құрамында болған түркілер арасында түркі тілдес әдеби процестің тарихи

дәстүрі үзілмегендігін айтады [2]. Осы жерде айта кететін жәйт: тек қана әдеби процесс қана емес, ойлау жүйесі, яғни ментальділік әлемінде де осыған ұқсас жалғасу, сабақтасу дәстүрлері орын алды. Жалпы түркі халықтарының көптеген сөздері біркелкі нақты түсініктерді беріп отырды және соның арқасында халықтар арасындағы байланыстар оңды және жеңіл формада қалыптасқаны байқалған болатын. Түркі тілдес халықтарда мақал-мәтелдер, аңыздар мен эпостық жырлар өте ұқсас сюжеттерге құралып, олардың бір-бірінің арасында жақсы таралып отырған. М. Қашқариге түркі тілдерін нәтижелі, сүбелі зерттеуге көмектескен факторлардың қатарына — Тұран ойпатын, Атырау мен Алтайдың арасын мекендеген халықтардың осы ділдік, фольклорлық, этникалық психологиялық, дүниетанымдық жақындығы жатуға тиісті. Бұл үрдістің арасында этникалық кірігу процестерінің біршама ұзақ уақыт жүргені де әсер еткені жатыр, яғни түркілік тайпалар өзара тығыз байланысты үнемі жалғастырып отырған.

Тіл — түркі әлемі үшін бірте-бірте күдіретті күшке айналғанын санасымен жете түсінген М. Қашқари өзінің негізгі шығармасында сөз бен ойдың өзара байланысын, немесе олардың әлеуметтік ортадағы диалектикасын төмендегідей тұжырымдармен жеткізеді:

Шақпақты жақса — от тұтанар

Сөз ұғындырылса — ой білінер [3].

Яғни ғұлама жоғарыдағы нақты тұжырымдар арқылы белгілі іс-әрекеттің нәтижесі ретінде көрініс беретін рухани құбылысқа адамның ойын, ойлау жүйесін жатқызады. Шығыстың ойлау жүйесіндегі ерекшеліктер нақты тұжырымдарды осындай поэтикалық жолмен жеткізуінде болып тұр. Осыған орай Ә. Нысанбаев қазақ философиялық ойының тарихта өмір сүру тәсілін поэзиямен тікелей байланыстырып, «...қазақ поэзиясы философиялық ойдың бірден-бір өмір сүру формасы» екендігін пайымдайды [4]. Ой ешқашанда кездейсоқ болмайды, ол адамды белгілі бір бағыттағы іс-қимылға бастайтынын түркілік ғұлама көрсетіп тұрғаны анық. Ал адам өзінің сөзіне де, ойына да жауапкершілікпен қарауы тиіс екендігін үнемі ескертумен болады. Әрине, бұл жерде түркілік әлемге тән негізгі басымдылық болатын этикалық құндылықтардың ойшыл дүниетанымында басымдақ күйде орын алғанын байқаймыз. Кейінгі қазақ мәдениетіне, оның философиялық ойына, халықтық дүниетанымына осы қасиеттердің тарихи сабақтастықпен берілгені туралы тұжырымдарды көптеген отандық беделді зерттеушілердің, қазіргі заманның өзінде мемлекет қайраткерлерінің еңбектерінен оқимыз [5]. Махмұд Қашқари түркілердің 20 тайпасының тілдік құрылымы өз тарихи дәуірінде түркілер әлемінде негізгі тілдік-мәдени басымдық танытатын деңгейде екенін айтады. Шын мәнінде, әл-Фараби өз заманында араб ел-

деріне білім іздеп барғанда өзінің түркілік тілін ұмытты деп қалай айтуға болады. Ол туралы халық даналығын әдебиетші зерттеуші мамандар мен ғалымдар өз шығармаларында поэтикалық жолдарды жинақтайды [6]. Яғни әл-Фарабидің қыпшақтың ұлы болғанын танататын жыр жолдары келтіріледі.

Ойдың тазалығы, қисындылығы, әдептілігі шын мәнінде қоғамда рухани дүниені үйлесімдендіруші қызмет атқарады. Жалпы «... ақылдылықтың қасиеті сол — ол ненің жақсы, ненің жаман екенін анықтай алады» [7]. Адымның тіл болмысы осы ойдың шартарапқа танылуына тетік болып табылады. Сондықтан бұл екі құбылыстың ортасындағы өзара байланыс үнемі әлеуметтік сала үшін танылып отыратыны белгілі. Ал, енді белгілі бір бағыттағы гуманитарлық ізденістердің түп негізінде этикалық, моральдік, адамгершіліктік негіздер қаланбаса, онда сөздің де, ойдың да адами ортаны рухани қызметі биік деңгейде болмақ емес. Осы тұрғыдан алғанда түркілік ойшылдардың даналыққа толы ілімдерінің іргетасы мықты руханилықтағы идеялық құрылымдардан бастау алғанына сенетіндей толық негіз бар.

Ахмед Иүгінеки ілімін алғашқы рет философиялық пайымдауларға үлес қосқан Қ. Ергали оның тілінің көркемдігі мен бейнелі айшықтығын атап өткен болатын. Зерттеуші ойын әрі қарай төмендегідей сипатта жалғастырады: «Бұл тек Ахмед әдиб тілінің ерекшелігі ғана емес, ол бүкіл түркі халқының ойлау ерекшелігі болса керек. Керек десеніз, бейнелілік — бүгінге дейін сақталған, бүкіл «шығыстық» ойлау ерекшелігі екенін тек біз ғана емес, өзгелерді де тәнті еткен құндылығымыз» [8]. Жалпы бейнелілікті суреттеу үшін өте шеберлікпен құрастырылған сөздер ансамблі керек. Яғни жай ғана айтыла салынған қарапайым сөздер шығыстыққа жатпайтыны анық. Сөздер білімділіктен туындаса, олар тек ақпар ғана емес, сонымен қатар терең мағынаны білдіріп, әлеуметтік ортада таратып отырса және адамаралық қатынастағы біріктіруші күшке айналса, онда бұл құбылыстың жасампаздық мәртебесі биіктегенін білдіреді. Міне, ондай тілден, ондай сөздерден ерекше сұңғылықты іздеуге әбден болады.

Түркі әлеміндегі бейнелілік формадағы әлемді рухани игеруге деген ұмтылыстарымен қатар өзара қарым-қатынас жасауды өнер деңгейіне дейін көтеруі байқалады. Осы «Адам-Әлем» қатынасының маңызды бөлігі туралы қазақстандық философ Қ. Ш. Нұрланова тоталитарлық қыспақтың өрнегін тоқыған кеңес заманының өзінде терең ойлар пайымдаған болатын. Әсіресе, автор адамаралық қарым қатынастың қазақтарға тән ерекшеліктері туралы өз шығармаларында байсалды пікірлер білдіргенін атап өтуіміз керек [9]. Жалпы қарым-қатынас барысында сөз түріндебайланыс орнағандықтан көбінесе баяндаушының мәртебесін көтеруге бейім тұрамыз. Жоғарыдағы автор тыңдаушының ойды қорыта білуінде, өзінің қажеттілігіне айналдыруында екені анық. Даналардың айтылған сөздері ауада қалықтап қалмауы тиіс емес пе? Шығыста сөз өз күшін ғасырлардан асатындай деңгейде сақтайтын мәртебе көтерілген. Сондай сөздердің жеткізушісі Махмұд

Қашқари болғандықтан оның дүниетанымының құдіреті қазіргі заман үшін де маңыздылыққа, мәнділікке ие болады. Мәселен, этикалық тағылылымдарға толы төмендегі жыр жолдары сөздің мәртебесін анықтап тұрғанын байқаймыз.

Күніне жаздың жайлы сеніп қалма,

Абайсыз жаман іске еніп, талма.

Бастайды ізгі ниет ерікті алға,

Сөйлеуге жақсы сөзді әдеттенгін [10].

Жақсы сөзге әдеттену үшін адам өз ниетін, пейілін түзеу керек, сонда ғана кез келген пендешілік деңгейінен көтеріліп, тұлғалық жүйесін қалыптастыра бастайды. Ал ақиқаттың ұлы заңына, адамгершілік принципіне сәйкес келуге ұмтылмай, адам нағыз тұлға бола алмайды. Міне осыларға қарай ұмтылу керектігіне түркілік ғұламаның меғзейтінін байқаймыз.

Әрине, М. Қашқари өз дүниетанымын бір күнде қалыптастырған жоқ болатын, ол әр қилы ізденістердің жемісі, халықтың өз рухани әлемінде қордалаған құрылымдарының көрінісі. Оған әр түрлі рухани бастаулар, қайнар көздер өзіндік ықпалын жасағаны белгілі. Яғни белгілі бір рухани негіздер болмаса дүниетанымдық жүйе қайдан бастау алмақ деген сауал заңды түрде туындайды. Шын мәнінде «Қашқаридың дүниетанымдық көзқарасы әдеби-тілдік зерттеулерге арқау болған номад түркілерінің далалық лирикасында, түркі тілдес халықтардың классикалық поэзиясында, халық даналығының бай інжу-маржандарында, ежелгі түркілердің ауыз әдебиеті нұсқаларында, мақал-мәтелдері мен бәйіттерінде көрініс тапқан түркі мәдени дәстүрінен негіз алады» [11]. Міне, сондықтан түркілік философия дегенімізде түркілік әдебиетті еске түсіреміз. Соның әр түрлі қырларын анықтауға тырысамыз.

Кез келген тарихи тұлғаның даналыққа толы келбетін ашу барысында басшылыққа алатын негізгі тұрғымыз, ғылыми принципміз оның уағыздаған ілімін барынша объективті түрде сараптаудан өткізу. Рухани әлемді дамытуға сіңірген еңбегін барынша ашып көрсету болып табылады. Қазіргі заманның талаптарына сәйкес келетін тағылымдарын қолдан келгенше дәріптеуден ешнәрсе ұтылмаймыз. Себебі жақсы нәрсенің не екенін тарихи сананың дамуында уақытылы айтылмаса, онда ол тарих доңғалағының көлеңкесінде қала бермек. Ал оның орнына жасанды, жалған құндылықтар жүйесі жайлап алуы да мүмкін. Ал ондай процестер тек жеке адамдарды ғана емес, түгел халықтарды да жалған бағыттарға, бағдарларға қарай бұрып жіберуі мүмкін. Мәселен, үлкен әлеуметтік апаттар әкелетін соғыстар мен әскери қақтығыстар осындай құндылықтар жүйесіндегі дағдарыстардан бастау алатыны анық. Сондықтан қазіргі адамзат үшін ізгілікке толы ілімдерге сұраныс арта түсуде. Ал Махмұд Қашқари ілімі өзінің адамилығымен, гуманистігімен, этикалық тереңдігімен тек қана түркілік, немесе қазақи әлемді ғана емес, жалпы дүниежүзін, әлем халықтарын тәнті ететініне сенімдіміз. Ал жоғарыда аталған рухани қасиеттер жеке тұлғада кездесетін болса, онда олар тек даналыққа ғана ілетас болатыны белгілі.

Әдебиет:

1. Бурабаев М. С. Фараби — Аристотельден кейінгі екінші ұстаз. Құран және Ахмед Яссауидің хикметтері. Ислам және Бекасыл Биболатұлының философиясы. Алматы: «Мария», 2006. 280-б. /21—23/.
2. Стеблева И. В. Поэтика древнетюркской литературы и ее трансформация в ранне-классический период. М.: Наука, 1976. с. 196. /166/.
3. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани лугат ат-турк»). Алматы, 1993. 243-б. /10/.
4. Нысанбаев Ә. Махамбет дүниетанымы // Глобализация и проблемы межкультурного диалога в 2-х томах. Алматы, 2004. Том. 2—308 с. /158/.
5. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. Алматы: Ата-мұра, 1999. 240-б. /201—201/.
6. Ел аузынан. Алматы: өнер, 1989. 277-б. /49/.
7. Бейсенов Қ. Ш. Философия тарихы. Оқулық. Шымкент, 2005. 452-б. /128/.
8. Ерғали Қ. Е. Ахмед Иүгінекидің философиясындағы адам әлемі // Қазақ даласының ойшылдары (XI—XV ғ.ғ.) 2-кітап. Алматы: Философия және саясаттану институтының компьютерлік-баспа орталығы, 2001. 196-б. /18—19/.
9. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. Алматы: Ғылым, 1998. 432-б. /221/.
10. Қашқари М. Диуани лугат ат-турк. Алматы, 1986. 77—81-бб. (Х. Ж. Сүйіншалиевтің оқу құралы кітабынан. Ау-дарған. Ф. Оңғарсынова).
11. Әлжан Қ. Ұ. Махмұд Қашқари: дүниетаным айшықтары // Орта ғасырлық түркі ойшылдары. Жиырма томдық. 5 том. Астана: Аударма, 2005. 2—528 б. /2036/.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастырудың өзектілігі

¹Сартаева Назгуль Ташкенбаевна, докторант;

²Мырзахметова Сағыныш Ертаевна, математика магистрі

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қаласы, Қазақстан)

²Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты (Алматы қаласы, Қазақстан)

Қазіргі қоғамымызға күн сайын жаңа талаптар мен өзгерістер енуде. Сәйкесінше, қоғамдық міндеттерді орындап, қоғамның талаптарына жауап бере алатын, өз бетінше ойлай алатын, туындаған мәселені көре және шығармашылықпен шеше білетін түлек қажет.

Бұл міндет үдемелі дамып жатқан ақпараттық кеңістікте ерекше өзектілік танытуда. Алайда оқушылар жаңа ақпараттар легіне бағдарланып, одан қажетті фактілер мен деректер тауып, оны өз жұмысында үнемі дерлік өнімді қолдана біледі деп айта алмаймыз.

Туындаған жағдаяттан шығудың бірден-бір жолы — бастауыш сыныптан бастап оқу-тәрбие үдерісін оқушылардың зерттеушілік іс-әрекеті негізінде ұйымдастыру. Зерттеушілік іс-әрекет дегеніміз — белгілі бір мерзімге созылатын ізденіспен, ғылыми сипаттағы ақпаратты терең түсіну мен шығармашылық өңдеумен, ойлау үдерістерінің талдау-болжамдық сипатта жұмыс жасауымен, «жасап көру мен қателесу» жолымен әрекеттенумен, түсінумен, жаңалық ашумен байланысты белсенді танымдық позиция болса, оқу-зерттеушілік іс-әрекеті — оқушылардың ғылым, техника, өнердің түрлі салаларында алдын ала белгісіз нәтиже алу мақсатында ғылыми зерттеуге тән негізгі кезеңдердің (мәселені қою, мәселеге қатысты әдебиеттермен танысу, зерттеу әдіснамасын меңгеру, өз бетінше

